

В. П. Грабова,  
Ш. Қ. Арынбаева,  
Ж. Р. Исакова,  
А. К. Сүлейменова,  
Г. И. Беспалова,  
А. З. Дешко,  
Ж. Н. Герасимов

**Мектеп жасына дейінгі балалардың  
қауіпсіздік тәртібі негіздері**

**Мектепке дейінгі мекемелерге арналған  
әдістемелік құрал**





sub  
44.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН**

**В. П. Грабова, Ш. Қ. Арынбаева, Ж. Р. Исакова, А. К. Сүлейменова,  
Г. И. Беспалова, А. З. Дешко, Ж. Н. Герасимова**

**Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік тәртібі  
негіздері**

**Мектепке дейінгі мекемелерге арналған  
әдістемелік құрал**



**КОКШЕТАУ**



ӘОЖ 373  
КБЖ 74.102  
М 41

**М 41 Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік тәртібі негіздері. Мектепке дейінгі мекемелерге арналған әдістемелік құрал.** / Құраст. Грабова В. П., Арынбаева Ш. Қ., Исакаева Ж. Р., Сүлейменова А. К., Беспалова Г. И., Дешко А. З., Герасимова Ж. Н. – Көкшетау: Келешек-2030, 2017. – 168 б.

ISBN 978-601-317-192-0

ӘОЖ 373  
КБЖ 74.102

ISBN 978-601-317-192-0

© «Келешек-2030» ЖШС, 2017

## 1. Түсінік хат

Адамзаттың ең негізгі қажеттіліктерінің бірі – тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің қамтамасыздығы. Қазіргі қоғам бақытсыз жағдайлардан, техногендік апаттардан, зілзалалардан, табиғи апаттардан аса зор материалдық және адами ресурстық шығын шегіп келеді. Осыған байланысты, бүкіл әлемде адамзаттың қауіпсіздігіне үлкен назар аударылып отыр: еңбек әрекеттерінің алуан түрлерінің қорытынды нәтижесі талдануда, өндірістік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғаудың мәселелері зерттелуде, табиғи, техногендік және элеуметтік текті қауіп-қатерлерден қорғанудың теориялық мәселелері қарастырылуда, өскелең жас ұрпақтарда салауатты өмір әдеттерін қалыптастырудың жолдары қарқынды түрде іздестірілуде.

Қауіпсіздік ережелерін оқытудың ең алғашқы қадамдары мектепке дейінгі оқу мекемелерінде жүзеге асырылады. Дәл осы жаста балаларда ХХІ ғасырда өмірді сақтауға қажетті жаңа «түйінді құзыреттерді» қалыптастыруға септігін тигізетін, аталған жұмысты бастау маңызды.

Бұл әдістемелік нұсқаулар мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты мен оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленген. Бағдарлама мазмұнына «Бала және табиғат» және «Бала үйде» бөлімдері енгізілген. Көмекші оқу құралында осы заманғы психологиялық-педагогикалық бағдарларға сәйкес және балалардың қажетті материалдарды барынша тиімді игеруіне септігін тигізерліктей, мүмкін болатын сабақтар мен әдістемелік оқыту тәсілдері берілген.

Әдістемелік құралдың басты міндеті – балалардың өзіндік дербестігін, жауапкершілігін, өзін-өзі ұстау дағдыларын ынталандыру, оларға әртүрлі өмірлік, оның ішінде қауіпті және төтенше жағдайларда ненің дұрыс екендігін білдіру.

Авторлардың алға қойып отырған мақсаты – балаларды алуан түрлі, әсіресе, кенеттен болған жағдайларда дұрыс әрекет етуге, дербестікке және өзінің жүріс-тұрысы үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Қосымшаға жоғары топтағы тіршілік әрекеттері қауіпсіздігі негіздері бойынша конспектілер, мектепке дейінгі мекемелер педагогтары мен мамандарының жұмысын жоспарлау бойынша кеңестер мен нұсқаулар және сонымен бірге тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара бірлескен әрекет бойынша ұсыныстар енгізілген.

Балаларды дамытудың негізгі мазмұны мен бағыттарын анықтай отырып, мектепке дейінгі мекеме балалардың жеке және жас кезеңдік ерекшеліктерін, әлеуметтік алуандығын, отбасылық және тұрмыстық ерекшеліктерін, сонымен бірге жалпы әлеуметтік-экономикалық және криминогендік жағдаяттарды негізге ала отырып, оқытуды ұйымдастырудың алуан түрлі формалары мен әдістерін пайдалануға құқылы. Мұндағы негізгі бағдар балалардың өмірлік тәжірибелері, олардың өзін өзі ұстау ерекшеліктері, артықшылықтары болып табылады.

Әдістемелік құралда ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті технологиялық карталар формасында көрініс тапқан. Аталған сабақтар «Денсаулық» білім беру ауқымының «Тіршілік қауіпсіздік» бөлімімен сәйкеседі, алайда «Зерек бала» және «Біз мектепке барамыз» оқу бағдарламаларына сәйкес өзге білім беру ауқымы мен бөлімдер де (мысалы, «Таным» білім беру ауқымы, «Қоршаған әлеммен танысу» бөлімі) қолданылуы мүмкін.

Оқытуды ұйымдастыруда балалардың дербес және жас ерекшеліктерін, әлеуметтік-мәдени айырмашылықтарын, отбасылық және тұрмыстық өзіндік ерекшеліктерін, қалалық және ауылдық тұрғылықты мекенін есепке алған дұрыс.

## 2. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың қағидаттары

Мектепке дейінгілерді өрт қауіпсіздігі негізіне оқыту процесінде келесі қағидаттарды ұстанған дұрыс:

- бірізділік (баланы оқытудағы кез келген жаңа баспалдақ бұрынғы игерілген материалдарға негізделеді);
- көрнекілік (балалар өздері барлығын көруі, тыңдауы, қолмен ұстап көруі, осылайша танымға деген ұмтылыстарын өздері жүзеге асыруы тиіс);
- іс-әрекеттілік (белсенді өмірлік позициясына ынталандыру мақсатында баланы ойындық, танымдық, ізденімпаздық жұмысқа жұмылдыру);
- біріктірушілік (білім беру процессін жүзеге асырудағы бала іс-әрекеті түрлерінің барлығын біріктіру);
- саралау тәсілдемесі (олардың жеке тұлғасын жетілдіру үшін тиімді педагогикалық көмек көрсету міндеттерін шешу, тәрбиеленушілердің психофизикалық, тұлғалық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашуға көмектесетін арнайы педагогикалық жағдаяттарды құру);
- жас ерекшелікке бағыттаушылық (балалардың тиісті жас ерекшеліктеріне қарай әр түрлі топтарда күрделендіріле отырып, бір мазмұнды жұмыс қолданылуы мүмкін);
- баламен жұмыс барысындағы мектепке дейінгі мекеме мен отбасы (ата-анадан өзге ешкім де артық сендіре алмайды) арасындағы өзара бірлескен әрекеттің сабақтастығы

## 3. Жұмыс әдістемесі

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізгенде әуелі өмірге және денсаулыққа қауіп төндіретін жағдайлар орын алған жағдайда дұрыс әрекет жасау қабілеттерін дамытуға, сонымен бірге экстремалды жағдайларда өмір сүру және өзінді аман сақтап қалу тәсілдеріне үйретуге баса назар аударылады.

Аталған іс-әрекеттер үш кезеңнен тұрады:

1-кезең – түсінік.

Берілген кезеңнің негізгі бағыты – балалардың нақты нені біліп, түсініп, сезетіндігін айқындау болып табылады. Балалардың бұрыннан білетін ақпараттарын қайталай бермеу үшін, олардың кей түсінібеген немесе тек қана естіп, іс жүзінде қолданып көрмеген білімдерін саралау үшін әңгімелесу, пікір алмасу әдістерін қолдануға бо-



лады. Сонымен бірге әңгімелесу арқылы балаларға қажетті жаңа білімдердің көлемін белгілеп, жүргізілетін жұмыстардың бағыттарын да (сабақ, ойын, оқу, әңгімелесу, мультфильм көру) айқындауға болады.

2-кезең – тәжірибелік.

Берілген кезеңде балаларда ӨҚН бойынша білімдері нығаяды, белгілі жағдайларда әрекет жасаудың тәжірибелік дағдылары қалыптасады. Ол үшін бір топтың немесе бірнеше топтың арасында тіршілік қауіпсіздік негіздері элементтерімен түрлі іс-шаралар өткізіледі.

3-кезең – өзара жұмыс жасау.

Берілген кезең балалардың және олардың ата-аналарының қатысуымен өтеді. Негізгі талабы – іс-шараға барлық балалардың қатысуы және ересектер мен балалардың әлеуметтік мәртебесінің анықталуы. Жылына бір рет қауіпсіздік аптасы өтеді (қыркүйек айында). Жазғы демалыс уақытында өмірге қауіп төндіретін жағдайлар көбеюі мүмкін. Сондықтан келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін ӨҚН элементтерін пайдаланып, «Балалықтың мейірімді жолы» атты сурет бәйгесін ұйымдастыруға болады.

### 3.1 Бөлім «Бала және табиғат»

Балаларды қоршаған ортаның ластану мәселелерімен таныстырған жөн. Экологиялық жағдайдың нашарлауы адамға және тірі табиғатқа әсер ететінін түсіндіру керек.

Экологиялық жағдайдың нашарлауы адам денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді. Балаларға үлкендердің күнделікті ескертетін талаптары (қайнаған су іш, көкөніс пен жемістерді жуып же, қолыңды жу) түрлі аурулардан сақтандыру жолы болып табылады.

Ересек топ балаларымен микроскоп, фильтр, үлкейткіш айнекпен судың құрылысын тексеруге болады. Бұл лас суға жнiркенiш сезiмiн тудырады.

Балаларға жануарлармен қарым-қатынасқа түскенде, нені жасау керек, нені жасамау керектігін түсіндіру керек. Мысалы, үйі жоқ мысық пен иттерді тамақтандыруға болады, бірақ тиісуге, қолымен ұстауға болмайды.

Педагог балаларға орманда, егіншілікте өсетін ұлы өсімдіктер жайлы айтып беруі керек және оны бәрі білгені жөн. Бұндай өсімдіктермен таныстыру үшін көрнекілік материалдарын, суреттерді қолданған жөн. Балаларға абаи болуды түсіндіріп, бәрін ауызға алу

әдетінен арылу керектігін түсіндіру керек, өйткені улы емес өсімдіктердің өздері экологиялық жағдайларға байланысты, мысалы, қышқыл жаңбырдан, қауіпті болуы мүмкін.

Осы ережелерді есте сақтап қалу үшін арнайы көрнекілік материалдарды қолданып, «Жеуге болады – жеуге болмайды» үстел үсті ойынын өткізуге болады, ал жаз мезгілі шыққанда орманға, табиғат аясына саяхат жасауға болады.

### 3.2 Бөлім «Бала үйде»

Үй жағдайында бала денсаулығына зиян келтіруі мүмкін деген заттар үш топқа бөлінеді:

- 1) балаға мүлдем қолдануға болмайтын заттар (сіріңке, газпитасы, пеш, электр розеткасы, электр құрылғылары);
- 2) баланың жас айырмашылығына байланысты пайдаланып үйренуі керекті заттар (ине, қайшы, пышак);
- 3) балалардың қолдары жетпейтін жерде сақталуы тиіс заттар (тұрмыстық химия, дәрілер, арақ-шарап, темекі, кесетін құрал-саймандар).

Бала бірінші топтағы заттарды тек ересектер ғана пайдалануы қажет екендігін түсінуі керек. Бұл мәселеге келгенде қатаң түрде тыйым салған дұрыс. Бала қандай жағдай болса да сіріңкені жағуға, пешті қосуға, электр құрылғыларына тиісуге болмайтынын жақсылап түсінуі керек. Бала жаңа нәрсені білуге құштар, сондықтан оған жақсылап түсіндірген жөн. Оның ішінде жарқырайтын, түрін өзгертетін заттар баланың қызығушылығын тудыруы мүмкін. Ал бұл ретте балаға жиі кездесетін оттан артық қызықты қандай зат болуы мүмкін?

Бала үйде жалғыз қалғанда қызығушылықтан сіріңке жағып не болмаса пешті қосып, басқа да электр құрылғыларымен ойнауға шешім қабылдасуына кім кепіл?

Оттың шығу себептерін анықтау кезінде белгілі болғандай, өртке себеп баланың ойны емес, үлкендердің жауапсыздығы мен балаларды сіріңкеден алыстатудың орнына, керісінше онымен ойнауға мүмкіндік беретіндігі екені анықталған. Балалардың ойынынан пайда болатын өртпен күресті тиімді ету мақсатында балалардың өздерін қатыстырған өте тиімді.

**Мақсаты:**

**Білімділік:**

1. Балаларды өрттің пайда болу жолдарымен таныстыру;

2. Балаларға өрттің кейде дос, кейде жау екенін түсіндіру;
3. Оттың жақсы және жаман жақтарын көрсету.

**Дамытушылық:**

1. Қауіп-қатер жағдайымен таныстыру;
2. Өрт қауіпсіздігі ережелерін жаттауға көмектесу;
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық білімін тереңдету.

**Тәрбиелік:**

1. Қауіп-қатерді сезінуге тәрбиелеу;
2. Балаларды өз күштеріне сенуге үйрету;
3. Қиындық пайда болған жағдайда қол ұшын берген адамдарға ризашылық білдіру сезіміне тәрбиелеу.

**Тәжірибелік:**

1. Өрт жағдайында не істеу керектігіне үйрету;
2. От сөндірудің негізгі тәсілдеріне үйрету;
3. Ата-аналар мен өртсөндірушілерді оқу процесіне тарту.

Балаларға отты дұрыс пайдалануды және өрт жағдайында ережелерді сақтауды үйретуге қажетті іс-шаралар кешеніне мыналар кіреді:

- қосымша заттарды пайдалану (оқу құралдары, ойыншықтар, арнайы қызмет орталықтарының телефон нөмірлері);
- бала мен тәрбиешінің бірлескен іс-әрекеттері (бақылау, әңгімелесу, дидактикалық ойындар);
- ата-аналармен бірлескен іс-әрекет (семинарлар мен дөңгелек үстел өткізу, бірлесіп уақыт өткізу);
- арнайы қызмет жұмысшыларымен іс-әрекет.

Бұндай жастағы балаға тәрбие берудің негізгі жолы – айтылғандарды іс-әрекетпен көрсету. Бұндай білім беру баланың алдында жиі кездесуі қажет, оның ішінде ойын кезінде, қандай да бір жұмыс жасағанда, тек сонда ғана бала қауіпті жағдайларда өзін ұстауды, дұрыс шешім қабылдауды және үлкендермен, өз қатарластарымен дұрыс қарым-қатынасты жасауды үйренеді.

Сондықтан да қауіпсіздікке байланысты сабақ кестесі ұзақ уақытқа жоспарланып, жасалатын жаттығулар мен ойындар, өткізілетін түсіндірме жұмыстары жақсылап дайындалады.

Бұндай жұмыстарды ұйымдастыру барысында балалардың жасы мен психологиялық ерекшеліктері, мүмкіндіктері ескеріледі.

Осылайша мектеп жасына дейінгі балалардың өмірін қауіпсіз етуге деген қадамдар жасалады. Балалардың тілдік қоры байиды,

қоршаған орта туралы білімі толығады, өртсөндірушілердің жұмысы жайлы біледі, қауіпті жағдайда не істеу керектігін біледі, ал бұл білім өз кезегінде қауіпті жағдай туындаса, олардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға көмектеседі.

Ата-аналар мен басқа да ересектер осы ережелер туралы жиі айтып, олардың білімдерін тексеріп, толықтырып отырса, ол білім баланың есінде ұзаққа сақталып, өмірлік ереже болып қалады.

Балаларды екінші топтағы заттарды пайдалануға үйрету үшін балалардың жас айырмашылығына қарай арнайы сабақтар ұйымдастыру қажет.

Үшінші топтағы заттардың бала денсаулығына тигізетін қауіп туралы білім ата-аналар мен тәрбиешілердің біліміне байланысты.

#### **4. Ата-аналармен жұмыс**

Бұл дәрістің маңыздылығы ата-аналардың балаларға беретін оң тәрбиесімен де тығыз байланысты. Сондықтан тәрбиешілер баламен ғана емес, сонымен қоса ата-аналармен де тығыз жұмыс жасауы қажет. Ата-аналар өздері көрсетпесе, баладан бір нәрселерді талап етуден еш пайда болмайтынын түсінулері керек. Сондықтан балаларға үйрететін әр ережелерді олар өздері де сақтаулары қажет. Ал баладан өзі түсінбейтін, бұрын көрмеген заттарды талап етсе, бала ашулануы, ызалануы мүмкін.

Алайда бұл үйде жасауға болатын заттарды сыртта, балабақшада жасауға болады деген сөз емес. Баланы мұндай заттарға үйрету үшін тәрбиеші ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесе жұмыс жасауы қажет.

Кейін шыққан нәтижені бірлесіп талқылап, одан әрі не істеу керектігін ақылдасқан жөн. Сонымен қоса ата-аналармен жұмыс жасаудың басқа да жолдары бар:

- ата-аналармен жиналыстар өткізіп, оларды бірлесіп жұмыс жасауға тарту;
- ата-аналарды балабақша жұмысымен видео және фотоматериалдар арқылы тереңірек таныстыру;
- ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру.

## 5. Диагностика

5 жастан 6 жасқа дейінгі мектеп жасына дейінгі балалар құзыреттіктерінің қалыптасу деңгейінің картасы

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ оқу жылы  
Өмір қауіпсіздік ережелері

Тәрбиеші \_\_\_\_\_

Топ \_\_\_\_\_

№	Баланың аты-жөні	Танымдық құзыреттіктерінің көрсеткіштері							
		Өрт туралы балалардың білімдері	Өрт қауіпі бар ақпараттар туралы балалардың білімдері	Өрт пайда болған жағдайда не істеу керек?	Өрт сендірушінің жұмысы туралы балалардың білімдері	Өрт сендіретін техника туралы балалардың білімдері	Өрт қауіпі жағдайларды түсіну іс-әрекеттері	Ата-аналар туралы мағлұмат	Үй мекен-жайы туралы мағлұмат
1.									
2.									
3.									
4.									

Қорытынды. Құзыреттілік деңгейлері:

1-деңгей: бала осы не басқа іс-әрекетті жасайды \_\_\_\_\_ балалар \_\_\_\_\_

2-деңгей: бала не істейтінін түсінді \_\_\_\_\_ балалар \_\_\_\_\_

3-деңгей: бала өзінің білегінің қолданады \_\_\_\_\_ балалар \_\_\_\_\_

Ұсыныстар:

Тәрбиеші \_\_\_\_\_

(Төң, аты, өзенінің аты, ырыс)

## Анықтау әдістемесі

### Кіші топ

№	Мақсат	Материал	Жұмыс жүргізу ережесі
1	Балалардың өрт туралы білімін анықтау	Өрт деген не? Суреттер: өртенген үй, жанып тұрған шам, жанып тұрған лампа	Суреттен өртті көрсетіңіз, ол неден шықты?
2	Баланың өрт қаупі бар заттар туралы білетіндерін анықтау.	Суреттер: сіріңке, майшам, оттық, бенгал оттары, өрт сөндіру машинасы, кастрөл (ыстық), темекі.	Өрт қаупі бар заттарды көрсету және оларды атап шығу
3	Балалардың өрт шыққанда не істеу керек екендігі жайлы білетіндерін анықтау.	Суреттер: балалар төсектің немесе шкафтың астына тығылып қалады, бөлмеден жүгіріп шығып, 101 нөміріне хабарласады, отқа сукұйғыштан су құяды.	Дұрыс жауабы бар суретті көрсету
4	Балалардың өртсөндірушінің жұмысы жайлы білетіндерін анықтау.	Өртүрлі мамандық иелерінің суреттері	Өртсөндірушіні көрсетіңіз, ол не істеп жатыр?
5	Балалардың өрт қауіпсіздігі техникасы жайлы білетіндері.	Суреттер: «өрт» (жалын), кішкентай суреттер, транспорт	Суретті жақсылап қара, өртті сөндіруге қажетті автокөлікті көрсет.
6	Өрт жағдайында пайда болуы мүмкін қақпандар жайлы балардың білімін анықтау.	Түнде үйден өрт шығып, көршілер өртсөндірушілерді шақырды. Олар келіп, үйден әкесі мен анасын алып шықты. Олардың бастары айналып тұрды.	Неліктен өртсөндірушілер анасы мен әкесін бірден тауып алып шықты, ал баласын таба алмады? (Ол тығылып қалды)

		<p>– Жарас кайда? Жарас біздің баламыз. Әкесі орындық жөндеп жатқан болатын. Оның Айдос есімді баласы жерден шеге тауып алып, оны әкесіне бермекші болды, бірақ сол мезетте розетканы көріп қалып, оның ішінде не барын тексеріп көрмекші болды. Айдос шегені алып, розеткаға салмақшы болып еді, оны әкесі көріп, қолынан ұстап қалды.</p>	<p>Неліктен әкесі Айдостың қолынан ұстап алып, оған шегені розеткаға салуға мүмкіндік берген жоқ? Айдостың не істеуі керек еді? (Шегені әкесіне беруі қажет болған).</p>
7	Балалардан ата-анасы жайлы ақпарат алу		Анаң мен әкеңнің аты кім?
8	Балалардан олардың мекенжайы туралы сұрастырып білу		Қай жерде тұрасың?

### Ортаңғы топ

№	Мақсаты	Материал	Жұмыс жүргізу ережесі
1	Балалардың өрт туралы білімін анықтау.	Өрт деген не? Суреттер: үй өртенін жатыр, майшам жанып тұр, лампа жанып тұр, қосылып тұрған үтік өртенді.	Суреттердің арасынан өртті көрсет, ол неден шықты?
2	Баланың өрт қаупі бар заттар туралы білетіндерін анықтау.	Суреттер: сіріңке, майшам, оттық, тоқпен істейтін шайнек, үтік, теледидар, темекі, машина, баланың ыдыс-аяғы.	Өрт қаупі бар заттарды көрсету және оларды атау.
3	Балалардың өрт шыққанда не істеу керек екендігі жайлы білетіндерін анықтау.	Суреттер: төсектің астына тығылып қалады, үйден жүгіріп шығады, өрт жайлы үлкендерге айтады, өртсөндірушілерді шақырады.	Өрт шыққанда не істеу керек екендігін суреттермен реттеп көрсетеді, ойыншық телефонмен өртсөндірушілерді шақырады.
4	Баланың өртсөндірушінің жұмысы жайлы білетіндерін анықтау.	Өртсөндірушіге қажетті заттардың суреттері: шелек, балта, суқұйғыш, саты, шланг, өртсөндіргіш.	Өртсөндірушіге қажетті заттарды көрсетіп, олардың не үшін керек екенін айтып түсіндіру.
5	Балалардың өрт қауіпсіздігі техникасы жайлы білетіндері.	Суреттер: «өрт», кішкентай суреттер – «транспорт», олардың арасында «автомобиль», «автомобиль», «автомобиль»	Суреттерді карап шығып, оны сөндіруге қажетті техниканы көрсет. Өртсөндірушінің көлігінің түсі қандай және неге?
6	Өрт жағдайында пайда болуы мүмкін қақпан	«Анар ойыншықтармен ойнап отырды. Салтанат есімді қуыршақтың туған	Анасы Анарды неге тоқтатты? Анардың не істеуі керек еді? Газ несімен қауіпті?



	дар жайлы балалардың білімін анықтау.	күні болатын, оған көп достары келген. Анар қонақтарға арнап анасының газ-плитасында тұрған қас-трөліне тамақ әзірлемек болды. Анасы телефонмен сөйлесіп отырып, Анардың тамақ істемекші болғанын көріп, оны тоқтатты». «Анасы киім үтіктеп жатқан болатын. Есіктің қоңырауы шылдырлап, ол есікті ашуға кетті, ал үтігі қосылу күйінде қалып қойды. Анасы келген адаммен сөйлесіп тұрғанда үтігі жана бастады».	Үтігі неліктен жана бастады? Өртті қалай сөндіру керек?
7	Балалардан ата-анасы жайлы ақпарат алу.		Ата-анаңның есімдері қалай?
8	Балалардан олардың мекенжайы туралы сұрастырып білу.		Сен қай жерде тұрасың?

Ересек топ

№	Мақсаты	Материал	Жұмыс жүргізу ережесі
1	Балалардың өрт туралы білімін анықтау.	Өрт деген не? Суреттер: үй өртенін жатыр, майшам жанып тұр, лампа жанып тұр, қосылып тұрған теледидар өртенді, орман өртенді	Суреттердің арасынан өртті көрсет, ол неден шықты?
2	Баланың өрт қаупі бар заттар туралы білетіндерін анықтау.	Суреттер: сіріңке, майшам, оттық, электршайнек, электрүтік, теледидар, бензин, темекі.	Өрт қаупі бар заттарды көрсету және оларды атау.
3	Балалардың өрт шыққанда не істеу керек екендігі жайлы білетіндерін анықтау.	Суреттер: төсектің астына тығылып қалады, үйден жүгіріп шығады, өрт жайлы үлкендерге айтады, өртсөндірушілерді шақырады.	Өрт шыққанда не істеу керек екендігін суреттермен реттеп көрсетеді, ойыншық телефонмен өртсөндірушілерді шақырады. <i>(Тәрбиешімен диалог).</i>
4	Баланың өртсөндірушінің жұмысы жайлы білетіндерін анықтау.	Өртсөндірушіге қажетті заттардың суреттері: шелек, күрек, шланг, өртсөндіргіш, қалам, кастрөл.	Суреттерді реттеп, олардың өртсөндірушіге не үшін қажет екенін түсіндір.
5	Балалардың өрт қауіпсіздігі техникасы жайлы білетіндері.	Суреттер: «Қаладағы өрт», «Ормандағы өрт», «Кемедегі өрт», «Көліктер».	Суреттерді карап шығып, өртті сөндіруге қажетті техниканы көрсет.
6	Өрт жағдайында пайда болуы мүмкін қақпандар жайлы балалардың білімін анықтау.	«Айдос пен Марат теледидар көріп отырған болатын. Кенет бір дыбыс шықты да экран сөніп қалып, теледидар жана бастады. Үйдің іші күйіктің иісі мен түтінге толып кетті,	Теледидар өртенсе, не істеу керек? <i>(Тоқтан суыру керек, оның үстіне көрпеше жауып, үлкендерге айту керек)</i>

		<p>айналаны көру, демалу кийиндап кетті, не істеу керек?</p> <p>«Арман ата-анасымен жазда өзенге демалуға барған. Кенет жаңбыр жауып, олардың киімдері су болды. Әкесі киімдерді кептірмек болып от жақты. Киімдері кеуіп тұрғанда барлығы суға шомылуға кетті, жел сокқанда оттан шок ұшып, киімдерге түсті».</p>	<p>Түтіннің немесе күйіктің иісі шықса, не істеу керек? (Орамалды сулап алып, онымен ауыз бен мұрынды орап алып, шығаберіс есікке қарай еңбектеу керек)</p> <p>Орманда от жағуға бола ма? (Арнайы дайындалған жерлерде, құрғақ ағаш пен шөптен алыс жерлерде жағу керек)</p> <p>Отты қалай сөндіруге болады? (Оған су құю керек немесе топырақ шашу қажет)</p>
7	Балалардан ата-анасы жайлы ақпарат алу.		Мен сенің ата-анаңмен танысықым келеді. Олардың аты-жөні мен тегі қалай?
8	Балалардан олардың мекен-жайы туралы сұрастырып білу.		Сен қай жерде тұрасың?

## 6. ӨҚН Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің конспекттері

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

#### № 1.1 Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар

**Тақырыбы:** «Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар»

**Мақсаты:** балаларға жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар туралы ақпарат беру.

Тамаққа тек жеуге жарамды саңырауқұлақтарды қолдану керектігі жайлы түсінік қалыптастыру.

Балалардың ойлау, сараптау логикасын дамыту, дұрыс шешім шығаруға талпынысын арттыру.

Табиғатқа деген қызығушылыққа тәрбиелеу, табиғатты аялауға үйрету.

#### Оқу іс-әрекетінің барысы

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	– Балалар, күз несімен бай? – Жұмбақты шешіндер: Аяғынан қаз тұрған, Қалпағы бар антұрған.	Балалардың жауаптары.  Саңырауқұлақ.
Ұйымдастыру-іздігі.	Менің себетімде көптеген саңырауқұлақтар бар. Мен жұмбақтар жасырамын, сендер шешімін табыңдар.	
	Жуан аяқтағы қоңыр телпек. Әрбір саңырауқұлақ жиюшы тауып алуды армандайды.	Оқжаңбырық
	Орманның түпкірінде өсетін достарымыздың аты...	Томарқұлақ

	Мені бәрі таниды, қызыл телпегімді киін ап, атым менің...	Терекқулак
	Жас карағайдың арасында өсетін жайнаған кара телпектегі саңырауқулак...	Майқулак
	Сұр телпек, жіңішке аяк. Қайың астында өсемін. АТЫМ менің қалай ...	Қара саңырауқулак
	– Саңырауқулактар қайда өседі?	Орманда
	– Ия, олар расымен ормандағы алаңқайда, шөп арасында, ағаштың көлеңкесінде, тіпті ескі түптерде де өседі. Назар аударған болсаңдар, әр саңырауқулак өзіне белгілі бір жерде өседі: қайыңның түбінде, еменнің жанында, аршаның жанында... – Сендер саңырауқулакты өздігінен өседі деп ойлайтын шығарсыңдар. Бұл олай емес. Жердің астында саңырауқулактардың тамырлары бар. Олардан шыққан жіңішке тамыршалар таралып, жер бетіне саңырауқулак болып шығады, яғни саңырауқулактар жалғыздан өспейді. Олардың өсетін орнын копарып, бұзуға болмайды.	
	Барлық саңырауқулактарда қалпақшалар мен түбіршелер (аяктар) бар.	Саңырауқулактың мүсінінен көрсетеді.

– Саңырауқұлақтардың қандай түрлері бар?	Жеуге жарамды, жарамсыз, улы
– Қандай саңырауқұлақтарды жеуге жарамды деп атайды?	Қайнатып, қуырып, тұздап, тамаққа қосуға болатындарын
– Қандайларын жеуге жарамсыз деп атайды?	Улы және тамаққа қосуға болмайтындарын
Олай болса, жеуге жарамдысын жасыл белгімен, ал жарамсызын қызыл белгімен белгілейік. Себебі қызыл қауіп-көтердің түсі.	Балалар біртіндеп келіп, тақтадағы саңырауқұлақтардың суреттеріне қызыл және жасыл белгілерді орнатады.
<p>– Балалар, ең улы саңырауқұлақтың аты қалай?</p> <p>– Оны қолмен ұстауға бола ма?</p> <p>– Ал саңырауқұлақтарды езіп таптап, сындыруға бола ма?</p> <p>– Неге? Олар кімге керек?</p> <p>– Кім орманға саңырауқұлақ теруге барды, саңырауқұлақты қалай жинайды?</p> <p>– Саңырауқұлақты ақырындап пышақпен кесіп алады. Егер кесетін пышақ болмаса, ештеңе етпейді. Оны абайлап қозғап, жұлып алу қажет.</p>	<p>Солғын арамқұлақ</p> <p>Жоқ</p> <p>Жоқ</p> <p>– Орман жануарларына.</p> <p>Балалардың жауабы.</p>
– Ал егер саңырауқұлақта құрттар болса, не істеу керек?	Балалардың жауабы.
– Оның қалпақшасын сындырып, айналаға шашып тастау керек, себебі кейін	

	олардан жаңа саңырауқұлақ өсіп шығады.	
	Саңырауқұлақ тергенде мына ережені ұмытпаған жөн: өзіңе таныс және жеуге жарамды саңырауқұлақты алу керек. Ал қалғандарына тиіспеген жөн, себебі оларды орман тұрғындары жейді, олармен емделеді, олар бар жерде ағаш та жақсы өседі.	
	– Сендерді алаңқайға шақырамын. Аздап сергіп ойнап алайық.	Балалар шеңбер жасап тұрады.
	Бір орында ойналатын ойын: «Біз орманға барамыз» Біз орманға барамыз. Балалар шеңбер бойымен жүреді, Орманда көп ғажап бар! Кеше жаңбыр жауып өтті Бұл өте жақсы.	Шапалақтайды  – Саусақтарымен жаңбырды көрсетеді.
	Біз саңырауқұлақ іздейміз, Себетке оны саламыз. – Орманда адасып кетуге болатынын білесіңдер ме, балалар? Сондықтан бір-бірінен адасып қалмас үшін саңырауқұлақ теруге барғандар бір-біріне «Ау-у» деп айғайлайды. Қане, біз де жаттығып көрейікші.	Алақандарын маңдайларына қояды Саңырауқұлақты алуға отырады.
	Ойын: «Ау!». (Бір бала ортаға шығып, қалғандарына арқасымен қарап тұрады.).	Балалар кезек-кезек «Ау! Сұлтан!» деп айғайлайды.

– Міне, енді саңырауқұлақ теруге баратын уақыт болды.

**Ойын: «Жеуге жарамдысын себетке жина»**

Ойын барысы: алаңқайға барып, саңырауқұлақты тауып, оны абайлап жұлып алып, себетке салу керек. Абайлаңдар, улы саңырауқұлақтарға тиіспендер!

Орман дыбыстары әуені қосылады, балалар саңырауқұлақ жинауға кіріседі.

### Тәрбиеші:

– Қане, қарайық, барлығың да жеуге жарамды саңырауқұлақ жинадыңдар ма?

– Жарайсыңдар!

Сенерсіңдер, мүмкін жок

Саңырауқұлақ көрдім ағаштан.

Ағашта ол өсе ме?

Түсінбедім мұны мен...

Бұталарға ілініп,

Қойылған екен кебуте,

Жасайтұғын мұны кім? (Тиін)

Тиін келеді (*Ойыншық*)

Тиін: Иә, балалар, мен саңырауқұлақтарды жақсы көремін, сондықтан оларды жинап, бұтаға ілемін де, кептіремін. (Себеттегі саңырауқұлақтарды қарайды).

– Жарайсыңдар, сендер нағыз саңырауқұлақ теруші екенсіңдер. Енді саңырауқұлақ тергенде сақталуы керек ережелерді есімізге түсіру үшін, «Аяқпен топылдатамыз, қолмен шапалақтаймыз» ойынын ойнайық. «Иә» деп жауап бергенде шапалақтау керек. Ал «жок» десеңдер, аяқтарыңмен тарсылдатыңдар. Қане, бастаймыз:

1. Өздеріңе таныс саңырауқұлақтарды ғана жинау керек.
2. Шіріген, ескі, үлкен саңырауқұлақтарды жинауға бола ма?
3. Жол жиегіндегі саңырауқұлақтарды терген жақсы ма?
4. Шикі саңырауқұлақтарды жеуге бола ма?
5. Саңырауқұлақтарды қуыруға, қайнатуға, тұздауға бола ма?
6. Саңырауқұлақтарды кесіп алу керек пе?



10. Саңырауқұлақтар денсаулыққа пайдалы.

*Тіпін балаларға алғысын айтып олармен қиштасады.*

### № 1.2 Улы саңырауқұлақтар мен жидектер

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Тақырыбы:** «Улы саңырауқұлақтар пен жидектер»

**Мақсаты:** балаларға саңырауқұлақ пен жидектер туралы мағлұмат беру, улы саңырауқұлақ пен жидектерді ажырата білуге үйрету.

**Тәрбиеші:**

– Балалар, бізге бір хат келді! Кімнен екен, көрейік (оқиды).

«Сәлеметсіңдер ме, балалар! Саңырауқұлақ пен жидектерді жақсы көресіңдер ме? Олай болса, маған орманға қонаққа келіңдер, асыға күтемін, сәлеммен орман иесі – Атай».

**Тәрбиеші:** Міне қызық, барамыз ба?

**Балалар:** Иә!

**Тәрбиеші:** Ал олай болса, себеттеріңді алыңдар, жолға шығамыз, біз теміржол көлігі – электр пойызымен орманға барамыз.

Дөңгелектер тарсылдап,

Теміржолмен келеміз.

Сақ болыңдар, балалар,

Улы жидек, шөптер бар.

Саңырауқұлақ түрлері

Білмегенге қауіпті!

– Бірінші аялдама – «Жұмбақтар алаңқайы».

*Алдарынан орман иесі – Атай шығады.*

– Амансыңдар ма, балалар? Саңырауқұлақ түрлерін білесіңдер ме?

Ендеше жұмбақ жасырамын, сендер шешіңдер.

Айналамда қарағай,

Басымда қоңыр бөкебай.

Көз тартамын, болсаң сақ,

Атым менің... (майқұлақ).

Сұрғылт менің қалпағым,

Шұбар-шұбар аяғым.

Ақ қайыңдар астыңда

Тұнып тұрған – кім бұлар? (Қайыңсаңырауқұлақ)

Аппақ жуан аяғы,

Өдемі қоңыр қалпағы.

Әр адамды қуантар,

Тауып алса оны егер!

– Жарайсыңдар, балалар! Қане, салыңдар себеттеріңе! Себеттерің толсын! Енді абай болыңдар, байқаусызда себеттеріңе қажетсіз «қонақтар» кіріп кетпесін.

– Кімдер олар?

– Тіп-тік аппақ аяғы,

Үлкен қызыл қалпағы,

Телпегінде секпіл бар,

Онымен абай болыңдар!

– Қандай саңырауқұлақ бұл?

– Әр орманда кездесер,

Ұсқыны жоқ саңырауқұлақ.

Ирек оның аяғы,

Себетіңе жолатпа, аты оның –... (томарқұлақ)

– Міне, жинап болдық! Улы саңырауқұлақ алған жоқпыз.

Естерінде сақтаңдар, балалар, танымайтын саңырауқұлақтарды жинауға болмайды! Олар жеуге жарамаса да, аяқпен таптап, тиіспендер! Орманда саңырауқұлақтың барлық түрлері керек: біреуін тиін терсе, біреуін кірпі жинап алады. Ал шыбынжұтты бұғылар ем ретінде қолданады.

Енді ормандағы тәртіп сақтау ережелерін бекітейік.

Ойын: «Саңырауқұлақты себетіңе жина».

– Саңырауқұлақты теру қызық, бірақ қауіпті. Жылда көптеген адамдар уланып, ауруханаға түседі. Сондықтан сақтану үшін улы саңырауқұлақтардың түрлерін біле жүрейік.

*Суреттерді қарау.*

– Саңырауқұлақтар орманда ғана емес, қала ішінде де кездеседі.

Олар улы болмаса да өте қауіпті, өйткені олар қаладағы улы ауада өскен. Олардың құрамында нитраттар, улы заттар болады. Қалада өсіп тұрған саңырауқұлақ көрсеңдер, ересектерге көрсетіңдер немесе оларды аяқпен езіп, таптап кетіңдер.

– Вагондарыңа отырыңдар.

– Келесі аялдама – «Жидектер алаңқайы».

*Суреттерді қарау.*

– Балалар, жидектердің пайдасы қандай, білесіңдер ме?

Дұрыс айтасындар, олар дәруменге бай және олардың құрамында өте көп микроэлементтері бар. Жидекті көп жесең, жазда, қыста ауырмайсың!

– Жидектерді атаңдар

– Тасжидек, таңқурай, құлпынай, бүлдірген, итмұрын, т.б.

– Орманда улы жидектер де көп.

*Суреттерін қарау.*

Қасқыржидек, т. б.

– Улы жидек жеп қойған жағдайда дереу «Жедел жәрдем» шақыру қажет! Дәрігер келмей тұрып, көп су ішкізіп, адамды құстыру керек.

Естерінде болсын, бөгелмей осы әрекеттерді жасамаса, адамға қауіп төніп тұрады!

### №1.3 Ормандағы өрт

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Тақырыбы:** «Ормандағы өрт»

**Ойынның мақсаты.** Ормандағы өрттің пайда болуы жайлы баланың білімін толықтыру; ойыннан от шығатынын айтып жеткізу; оттан қорқу керектігін түсіндіру; жаңа нәрсені танып білуге, онымен жақын танысуға деген талпынысын арттыру.

Сюжетті-рөлдік ойындарға арналған құралдар: сурет – «Ормандағы өрт», линза, аю, түлкі мен қасқыр, түлкінің күшіктерінің бетперделері; «Өртсөндірушілер» ойыны.

#### Сабақтың барысы

*Тәрбиеші балалармен амандасып, оларға мынадай жағдайды ұсынады:* – балалар, елестетіп көріндерші, жаздың соңына қарай жылы күндердің бірінде сендер ата-аналарыңмен бірге орманға серуенге бардыңдар. Орман іші әдемі, жылы, жерде кепкен жапырақтар мен шөптер жатыр. Бұл орман ішінде от жағуға ең қауіпті уақыт болып табылады. Айтыңдаршы, ормандағы өрт қайдан шығады? (*Балалардың жауаптары*) Дұрыс айтасындар, ормандағы өрттердің шығуының басты себебі – серуенге келетін адамдардың от жағып, оны қараусыз қалдыруы немесе балалардың отпен ойнауы. Бірақ оттың шығуына мынау сияқты линза да себепші бола алады. (*Линзаны көрсетеді*) Ол күн шуағын бір жерге жинап, өрттің шығуына себепші болуы мүмкін. Алдымен жұқа кепкен ағаш қабықтары жанады, ал содан кейін бұтақтар да жанады. Өрт аумағы үлкейіп өсе

береді. Естерінде болсын, балалар, бұндай линзамен ойнауға болмайды, кішкене ғана жалын үлкен өртке әкеп соғуы мүмкін. Ал ондай өртті тек үлкендер, өртсөндірушілер мен құтқарушылар ғана арнайы машиналармен, ұшақтар мен тікұшақтарды пайдаланып, сөндіре алады.

Қалай ойлайсындар, ормандағы өрт арасында қалып қойған адамға не істеу керек? (*Балалардың жауаптары*).

Әрине, ондай жерден жылдамдатып кеткен жөн. Ал айналаның бәрі түтін болса, не істеген жөн?

Балалар, айналаның барлығы түтін болып кетсе, орамалды немесе киімді минералды, болмаса, жай қарапайым сумен сулап, онымен ауыз бен мұрынды орап, сол арқылы дем алу керек. Оттан қашқанда еңкейіп, жылдамдатып жүрген жөн.

**Тәрбиеші:** Балалар, орманда болған оқиға жайлы әңгімені тыңдағыларың келе ме?

Жаздың жылы күндерінің бірінде бір отбасы жиналып, орманға демалуға барды. Баласы қолындағы линзамен ойнап отырған болатын. Оны әкесі доп ойнауға шақырып алды. Демалып болған соң олар жиналып, үйлеріне қайтады. Ал бала болса, өзі ойнап отырған линзасын орманда ұмытып кетеді. Ол линзаға жиналған күн сәулесі қызып, жердегі құрғақ шөпті жандыра бастады. Оттан шыққан түтін орман ішін алып кетті. Ал соған жақын жерде түлкінің үңгірі бар болатын. Түлкі түтіннің иісін сезін, үңгірден шығып қарап еді, орман өртеніп жатыр екен. Сол мезетте аспанда қарқылдап қарға ұшып бара жатқан болатын. Түлкі қарғаға: «Жылдамдатып ұшып бар да, аюға өрт шыққанын хабарла», — дейді.

**Қарға:** Орманда өрт шықты, өрт шықты!

**Тәрбиеші:** Қарға аюды шақыруға кетті, ал түлкі ормандағы жан-жануардың барлығын жинады.

**Аю:** Ал, кәнеки, қояндар, өзенге жүгіріңдер, су тасындар, сендер болсаңдар, көртышқандар, жер қазындар, тиіндер, сендер отқа топырақ шашындар. *Жануарлардың бетпердесін киген балалар аюдың айтқандарын орындайды.*

**Қасқыр мен түлкі:** Біз не істейік?

**Аю:** Үлкен-үлкен бұталарды алып отты солармен өшіріңдер.

**Тәрбиеші:** Жануарлар отты өшіруге кірісіп кетті. Бірі су тасыды, бірі топырақ шашты, енді бірі бұтақпен сабалап, ақыр соңында отты өшірді. Бірақ олар бір бұтаның астында қалып қойған жалынды байқамады. Отты сөндірдік деп қуанып, шаршап үйлеріне тарады. Ал

бұтаның астында қалып қойған жалын өсіп, үлкейіп жан-жаққа тарала бастады. Желпи соққан самал жел де отты көтеріп, оның қатты жануына мүмкіндік берді. Соңында жалын бүкіл орманды алып кетті. «Жоқ, бұлай отты біз сөндіре алмаймыз», – деді жануарлар бірауыздан.

*Түлкі* (балаларына): Соңымнан еріндер, орман шетіндегі өзенге қарай жүріндер, үстерің күймес үшін еңбектеп жүріндер, тұншықпа үшін мұрындарыңды құйрықтарыңмен жауып алындар деді.

*Тәрбиеші*: Оттан қорғану үшін орман тұрғындары жабыл қашты. От сондарынан қуып келе жатты. Аздан соң олар орман шетіндегі өзенге келді. Суға дем қойып, екінші бетке өте бастады. Ал жалын болса, суға келіп, пышылдап өшіп қалып жатты.

– Қалай ойлайсындар, бұдан кейін өрт сөнді ме? (*Балалардың жауаптары*).

Жоқ, балалар, от мұнымен өшпеді, ол орманға нағыз өртсөндірушілер келгенде ғана сөнді. Ал өртенген орманнан қашып шыққан алмен құсқа басқа орманнан тұрақ іздеуге тура келді. Айтыңдаршы бұл әңгімеден не түсіндіңдер? (*Балалардың жауаптары*).

*Балалар сұрақтарға жауап береді.*

– Ормандағы от неден шықты? Жануарлар отты қалай өшірмеді болды? Кішкене жалын қайда тығылып қалды? Жануарлар отта қайда қашты? Өртенген жерден қашқанда, неге еңкейіп және мұрынды дымқыл орамалмен орап шығу керек? Соңында отты кім сөндірді? Жануарларға неліктен басқа орманға көшуге тура келді? Орманда неге сіріңкемен, жанатын заттармен ойнауға болмайды?

Өртті сөндіруге қажетті заттарды атандар.

Сендерге өртсөндіруші ойынын ойнауды ұсынамын. Көз алдырыңа отты елестетіп, оны қалай сөндіретіндеріңді көрісетіндер.

## № 1.4 Өмірдегі қауіпті заттар

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Тақырыбы:** «Өмірдегі қауіпті заттар»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балаларға өмірлеріне қауіпті үшкір, өткір заттарда сақтану жолдары туралы мағлұмат беру.

**Дамытушылық:** қауіпті заттармен ұқыпты болу машығын дамыту. (Қайшы, ине, балға, балта).

**Тәрбиелеу:** әр затты өз орнына қойып, ұқыптылыққа тәрбиелеу

**Құрал-жабдықтар:** ойыншық қоян, өткір және үшкір заттар немесе олардың суреттері, заттарды салатын қорап.

**Сябақ барысы:**

*Топқа қолын дәкемен ораған қоян кіріп келеді.*

**Қоян:** Сәлеметсіңдер ме, балалар!

**Тәрбиеші:** Қараңдаршы, бізге кім келді? Қоян, саған не болған? Қандай жағдайға тап болдың?

**Қоян:** Иә, мен жағымсыз жағдайға тап болдым, сендерге айтып берейін бе?

**Тәрбиеші:** Балалар, қоянға не болғанын білейік.

**Қоян:** Кеше маған досым кірпі қонаққа келді. Біз екеуіміз ойнадық.

**Тәрбиеші:** Иә, оның несі жаман?

**Қоян:** Біз кірпі екеуіміз әртүрлі ойындар ойнадық, содан кейін қағаздан әртүрлі заттар қиғымыз келді. Біз қағаздарды қиып-қиып, тентектік жасай бастадық. Кірпі қатты күлем деп, абайсызда мені итеріп қалды, ал менің қолымда ол кезде қайшы болған, сондықтан мен қолымды кесіп алдым. Білесіңдер ме, балалар, маған ондай ойын ұнаған жоқ. Мен қайшыны еденге лақтырып жібердім. Содан кейін кірпі екеуіміз суреттерді қабырғаға жапсырма шегелермен іле бастадық. Сендер жапсырма шегенің қандай болатынын білесіңдер ме? Ал жапсырма шегелер қабырғаға кірмей, қорапшасы жерге түсіп, барлық жапсырма шегелер жерге шашылып қалды. Ал, кірпі байқамай, оны басып кетті. Сөйтіп, ол аяғын жаралап алды.

Сондықтан, біз «Емхана» ойынын ойнай бастадық: мен – дәрігер, ал кірпі медбике болды. Сөйтіп, біз бір-бірімізді емдедік. Кірпі менің қолымды дәкемен орады, ал мен оның аяғына жасыл дәрі жағып бердім.

Сол кезде анам да келіп қалды. Ол бізге көп тәттілер әкелген екен. Біз бәрін тастап, шәй ішуге кеттік.

**Тәрбиеші:** Қоян, сен инені еденге тастап кеттің бе? Инені еденнен табу өте қиын ғой. Ол енді біреудің аяғына кіріп кетуі мүмкін.

**Қоян:** Иә, мен оның қайда түскенін білмеймін. Енді бөлмеме кіруге қорқам. Аяғыма кірсе не істеймін? Балалар, сендер маған көмектесіңдерші.

**Тәрбиеші:** Балалар, не істейміз? «Өз орныңды тап» деген ойын ойнайық. Мен заттың атын атаймын, ал сендер оны орнына қоясыңдар.

Жүгіріп кетсе жүйрік бір,

Лып-лып етіп кетеді.

Әдемліеп киімді

Тез арада тігеді.

Кім, балалар, біледі,

Қайда ине тұрады?

*(Бір бала шығып, ине жататын қорапшаның суретін көрсетеді.)*

Бар екен бір жансыз зат сүйір тұмсық,

Матаның күнде жейді басын қыршып.

Матаның жеген сайын басын қыршып,

Артынан түбіт тұрар қыл-қыбыршық.

– Балалар, жұмыс істеп болған соң қайшыны қайда қою керек *(Балалардың жауаптары)*. Дұрыс айтасындар. Ендеше, Қуаныш сен қайшыны орнына қой. Жарайсың!

**Тәрбиеші:** Балалар, жапсырма шегелермен не істейміз? Оларды қайда қоямыз? Жарайсындар! Оларды қорапшасына салып, өз орнына қоямыз. Қоян, сен түсіндің бе, әр затты жұмыс істеп болғаннан кейін орнына жинап қою керек. Сонда сен де жарақаттанбайсың олар да жоғалып қалмайды. Ал, қайшыны қалай дұрыс қолдану керек?

**1-бала**

Қайшымен жұмыс істеуге болады, бірақ өте абай болу керек.

**2-бала:**

Үйдің ішінде қайшымен жүгірме,

Жарақат алып қаларсың.

Қайшыны біреу сұраса,

Жүзімен алға бер.

Жұмыс істеп болған соң,

Қайшыны орнына қойып қой.

**Тәрбиеші:** Балалар, ал сендердің үйлеріңде бұл заттар қайда тұрады? Біз бүгінгі сабақта көп нәрсені білдік. Ал, енді біз сол білген ережелерімізді қайталап өтейік.

**Тәрбиеші:** Балалар, біздің үйде көп қажетті заттар бар, бірақ біз оларды дұрыс пайдаланбасақ, жарақаттанып қалуымыз мүмкін. Мен қазір сендерге жұмбақтар жасырамын, ал сендер шешімін табындар

Танауынан

Су да шығады,

Бу да шығады. (Шайнек)

Бірі қашып келеді,

Бірі қуып келеді.

Түгелденді түймелер,

Маған да сол керегі. (Ине-жіп)

Қызып кетсе табаны,

Бар жалғыз-ақ алаңы,

Бар жалғыз-ақ шатағы:

Іздей бастар матаны. (Үтік)

Біреуі тіп-тік,

Біреуі тық-тық.

Егіктің табанын

Бүтіндеп шықтық. (Шеге мен балға)

Екі басы дөңгелек,

Екі ұшы сүйір,

Қиғанға үйір. (Қайшы)

**Тәрбиеші:** Балалар, біз бүгін қауіпті заттарды қолдану ережелерімен таныстық.

Сендерде пластмассадан, ағаштан жасалған ойыншық құралдар бар. Сендер олармен құрылысшы, шаштараз, т. б. ойындарын ойнайсындар.

Тәрбиеші үстелге сабақта айтылған құралдарды қояды да, балаларға олардың қайсысы қауіпті соның қасына қызыл белгіні, ал ойынуға болатын ойыншық құралдарды жасыл белгімен белгілеуін сұрайды.

**Тәрбиеші:** Әр алған заттарыңа өте ұқыпты болындар, сонда жарақаттанбайсындар.

## № 1.5 Дәрі-дәрмек кәмпит емес

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Тақырыбы:** «Дәрі-дәрмек кәмпит емес»

**Мақсаты:** балалардың дәрі-дәрмек туралы білімін тексеру; дәрілерден болатын қауіптерді түсіндіру; есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәнерін дамыту; өзінің денсаулығына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

**Қолданылатын құралдар:** Буратино ойыншығы; дәрілердің жасалу әдістемелері; дәрілер бейнеленген суреттер, дәрумен, дәрі қобдишасы, қарындаш, фломастер, ақ қағаздар.

## **Сабақтың барысы**

### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

Буратино келеді.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Білесіңдер ме? Мен ауырып қалған сияқтымын, бірақ не істеу керек екенін білмеймін. Мүмкін сендер айтарсыңдар? (*Дәрігерді шақыру керек*).

– Ой, дәрігерді шақыру керек екенін өзім неге білмей қалдым екен! Ал дәрігер келген соң не істейді? Бұл қорқынышты емес пе? Әйтпесе мен қорқып тұрмын. (*Балалардың жауабы*).

– Демек дәрігер мені қарап көріп, дәрі-дәрмек жазып бере ме? (*Иә*)

### **2. Негізгі бөлім.**

**Тәрбиеші:** Өте дұрыс, дәрігер ауырған адамға ем шарасын жазып беріп, қандай жақпа майлар мен дәрілік ұнтақтар ішу керектігін айтады. Дәрігердің айтқандарын орындап, берген дәрілерін қабылдаса, ауырған адам міндетті түрде жазылып кетеді. Дәрілер адамға ауруды жеңуге көмектеседі. Ол үшін дәрігер қағазға дәрілердің атын жазып, оларды қанша уақыт бойы, қандай мөлшерде ішу керектігін жазып көрсетеді (*Қағазды көрсетеді*).

**Буратино:** Бұл қағазда жазылған дәрілерді қай жерден сатып алуға болатынын айтып жіберіңдерші? (*Дәріханадан*)

**Тәрбиеші:** Балалар, айтыңдаршы, ауырмаған адам дәрі ішсе не болады? (*Ол ауырып қалады*)

– Дұрыс айтасыңдар, сау адам дәрі ішсе, ауырып қалуы мүмкін. Дәрілер ауырған адамды емдейді, ал сау адам үшін қауіпті.

**Буратино:** Балалар, айтыңдаршы, дәрілер қандай болады? (*Балалардың жауаптары*)

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасыңдар, кей дәрілер ақ, ал кейбіреулері түрлі түсті болады, мысалы, қызғылт, көкшіл, сары немесе қызыл. Олар аздап кәмпитке де ұқсайды. Елестетіп көріндерші, сендердің апаларың ауырып қалып, дәрігердің жазып берген дәрілерін іше бастады. Ол абайсызда бір дәрісін жерге түсіріп алды. Сендер ол дәріні тауып алсаңдар, оны не істейсіңдер? (*Балалардың жауаптары*).

– Әрине, оны әжелеріңе апарып берулерің керек. Ал ол оны қорқысқа лақтырып жібереді, себебі ол дәрі лас жерге түсіп кетті емес



не?! Ол кірленіп қалған болуы мүмкін, сондықтан одан пайда емес, шип келуі ықтимал.

– Балалар, сендер жерден дәрі тауып алсаңдар, оны ауыздарыңа салуға болмайды. Ол кішкене кәмпитке ұқсап тұрса да жеуге болмайды. Бұлай айтуымның себебі неде деп ойлайсыңдар? (*Балалардың жауаптары*).

– Дұрыс айтасыңдар, дәріні дұрыс ішпесе, ол өте қауіпті. Дәрінің әросектерге қауіптілігі өте аз, ол ауырған адамға ауруды жеуге көмектеседі. Ал кішкентай бала үшін дәрі қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан, балалар, естерінде сақтандар, дәрі тауып алсаңдар, оны еш уақытта жеуге болмайды, тіпті, ол кәмпитке ұқсап тұрса да. Оны үйдегі үлкендерге апарып беріңдер

– Буратино, сен де мұны есіңе сақтап ал.

**Буратино:**

– Сақтаймын. Ал дәрумендерді көп жеуге бола ма?

**Тәрбиеші:** Дәрігер жазып берген денсаулықты нығайтуға арналған дәрумендер де кішкене кәмпиттерге ұқсауы мүмкін. Дәрілер көбіне иісі, жеуге жағымсыз болады, ал дәрумендер болса, керісінше домалақ, әдемі, дәмі аздап қышқылтым болғанымен, сендерге ұнауы мүмкін. Бірақ мұнысына карамай, дәрумендерде дәрі-дәрмек қатарына жатады. Оларды да тек дәрігердің жазуымен қабылдау керек. Және күніне бір немесе екеуін ғана жеген дұрыс. Өз денсаулықтарыңды бүлдіргілерің келмесе, дәрумендерді де көптеп жемегендерің дұрыс.

**Буратино:** Жақсы, барлығын түсіндім. Ал дәрі-дәрмекті қай жерде сақтаған дұрыс?

**Тәрбиеші:** Дәрілер мен дәрумендерді, дәрілік сұйықтықтар мен қиқпа майларды үлкендер, әдетте, арнайы қорапшада сақтайды. Біздер ол қорапшаны *үй дәрі-дәрмек қорапшасы* деп атаймыз. Балалар, естерінде ұстандар, сендерге ол қорапшаны ашуға, ондағы дәрілерге тиісуге болмайды.

**«Сұрақ-жауап» ойыны**

1. Ауырған адамға дәрігерлер не жазып береді?
2. Сендер жерден дәрі не дәрумен тауып алсаңдар, оны не істейсіңдер?
3. Неліктен жерден тауып алған дәрілерді жеуге болмайды?
4. Дәрі-дәрмектерді қай кезде ішу керек деп ойлайсыңдар?
5. «Дәрі-дәрмек кәмпит емес» деп неліктен айтады?
6. Дәрігер дәрілерді қашан жазып береді?

7. Сендердің ата-аналарың дәрілерді қай жерде сақтайды?

### 3. Қорытынды бөлім

Сұйық дәрі құйылған бөтелкенің, дәрумендер мен дәрілердің су-реттерін салындар.

#### Буратино:

— Ал менің кететін уақытым болып қалды. Келесі кездескенне хош сау болындар, балалар!

**7. Өрт қауіпсіздік ережелерін оқытуға арналған перспективалық-тақырыптық жоспар үлгісі**

**II кiшi топ**

№	Айы	Іс-шара
1	Қыркүйек	1. Әңгімелеу «Өрт неден шығады?» 2. ҰОӘ «Кішкентай сіріңкеден – үлкен өрт»
2	Қазан	1. Әңгімелеу «Өрт сөндіру көлігі» 2. Ойын «Көлікті жинап, не үшін қажет екенін айт» 3. ҰОӘ «Өрт сөндіру көлігі»
3	Қараша	1. Суреттер қарастыру: «Өртсөндіруші» 2. Ойын «Мамандықты тап» 3. ҰОӘ «Тілсіз жауды ауыздықтаушылар»
4	Желтоқсан	1. Жағдайлар мен суреттерді қарастыру. «Балаға жағылған петарданы ұстауға бола ма?» 2. Ойын «Қауіпті заттар – өртке себепкерлер» 3. ҰОӘ «Жаңа жыл»
5	Қаңтар	1. Суреттер қарастыру: «Электрқұралдар» 2. Ойын «Сыммен ток жүреді» 3. ҰОӘ «Сіріңке балаларға ойыншық емес»
6	Ақпан	1. Ойын «Өз ойыншығыңды құтқар» 2. «Сөйлейтін сіріңкелер» ертегісі 3. ҰОӘ «Үйден өрт шыққанда...»
7	Наурыз	1. Ойын «Сөзді айт» 2. М. Манакованың өлеңін оқу «Өрттен жамандық көп» 3. ҰОӘ «От – біздің досымыз, от – біздің жауымыз»
8	Сәуір	1. И. Ильиннің өлеңі бойынша әңгімелесу «Мейірімді отсыз күніміз жоқ» 2. Ойын «Қуанамыз, шаттанамыз» 3. ҰОӘ «Өрт қауіпсіздік ережесін сақтаңыз!»
9	Мамыр	1. Ойын «Өрт шыққан кезде...» 2. Мультфильмді қарау. «Балалардың өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелері» 3. ҰОӘ «101 нөмірін бәрі біледі»

## № 1.1 Әңгімелесу «Өрт неден шығады?»

### Мақсаты:

- өрттің пайда болу себебімен таныстыру;
- үйдегі «тыйым салынған» ережелерді ұстануға, бұзбауға дағдылану;
- оттың қауіпті екенін сезінуге үйрету.

### Сабак барысы

#### Тәрбиеші:

– Балалар өрт неден шығады?

*(Балалар әртүрлі жауап береді. Тәрбиеші суреттер көрсетеді)*

– Ал қазір біз дұрыс қолданбаудың себебінен өрт туғызатын заттардың суреті бейнеленген көрнекіліктерді және өрт қауіпсіздік ережелері жазылған плакаттарды қарастырамыз.

Өрттің көпшілігі отты дұрыс қолданбаудан орын алады. От өте қауіпті. Ол басында жай жанып, кейін үлкен жалынға айналады. Қайғылы жағдай орын алмас үшін өрт қауіпсіздік ережелерін жақсы білу керек. Қазір біз барлығымыз сол ережелерді есте сақтауға тырысамыз.

Сіріңкені алуға..... болмайды.

Газды жағуға..... болмайды.

Үтіккі қосуға..... болмайды.

Токтыққышты ұстауға болмайды және оған бөгде заттарды қосуға..... болмайды.

Балалар, бұл ережелерді ұмытпай есте сақтасаңдар, сонда сендердің үйлеріне өрт сөндіру көлігі ешқашан келмейді.

## № 1.2 «Кішкентай сіріңкеден – үлкен өрт»

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Тақырыбы:** Кішкентай сіріңкеден – үлкен өрт

**Бөлімдері:** Тіршілік қауіпсіздігі негіздері

**Мақсаты:**

*Білімділік:* оттың пайдасы мен зияны туралы түсінік қалыптастыру; өрттен өзін аулақ ұстауға тәрбиелеу.

*Дамытушылық:* сөйлеу дағдыларын жетілдіру, толық сөйлеммен жауап беруге үйрету.

*Тәрбиелік :* оттың қауіптілігін сезінуге тәрбиелеу.

**Қостілділік компонент:** огонь – от, красный цвет – қызыл түс, опасный – қауіпті, полезный – пайдалы.

**Сөздік жұмысы:** кую, қауіп түсі, өртсөндіруші.

**Құрал-жабдықтар:** сіріңке қораба, өрт сөндіру көлігінің моделі, көрнекіліктер, «Мысықтың үйі» мультфильмі.

**Кіріспе:**

1. Кіріспе бөлімі.

*Тәрбиеші балаларға әркімнің үйінде от барын айтады. От үлкен және кішкентай, қажетті әрі қауіпті болатындығын ескертеді.*

– Отты қайдан алуға болады?

– Сіріңкені жағу арқылы, газ, пештен де от алуға болады. Орманда жылыну үшін, тамақ дайындау үшін алау жағуға болады. Алайда оны қараусыз қалдыруға болмайды.

Егер де алауды сөндірмесе, орманда өрт шығуы мүмкін. Үлкен отта жиһаздар, киімдер, ойыншықтар, тіпті адамдар да өртеніп кетуі мүмкін. Өрт өте қауіпті! Сондықтан отпен абай болу керек.

2. Негізгі бөлім.

Балалар, құлақ салып тыңдаңдаршы! Ештеңе естіп тұрған жоқсындар ма? Бірдеңе сықырлап жатыр.

– Бұл не? (*Сіріңке*).

– Қандай қызық! Олар бір нәрсе айтып жатыр. Аааа, сіріңкенің бізбен ойнағысы келіп отыр екен. Егер біз оларды жақсақ, бұл жер жылынып, жап-жарық болады дейді.

Қандай тамаша! Мен сіріңкенің жарқырап жанғанын көргім келіп тұр. Сіріңкенің өзі ағаштан, ал басы күкірттен жасалған. Қане, тезірек тұтатайын! (*Сіріңкені жағады*) Қараңдаршы, сіріңке тез тұтанады! Жарқырап жанғаны қандай әдемі!

– Ой, балалар, сіріңке жанып бітіп жатыр! От менің саусақтарыма да жақындап қалды. Енді не істеймін? Саусақтарым күйіп барды! Маған көмектесіңдер.

**Балалар:** Үрлеп сөндіріп, жерге тастаңыз.

**Тәрбиеші:** Мені құтқарыңдар, тез үрлендер.

– Ой, балалар, рахмет! Мен қатты қорқып кеттім! Ал сендер ше? Егер де мен еденге жанып тұрған сіріңкені тастасам, не болатын еді? (*Балалар жауап береді*). Ия, дұрыс айтасындар, онда кілем, жиһаз, нерде мен тез жанатын заттар өртеніп, осы отырған барлығымыз оттың арасында қалатын едік. Көрдіндер ме?! Кіп-кішкентай сіріңкеден қандай үлкен қауіп бар екенін. Сіріңкемен ойнауға болмайды! Ол ойыншық емес!

- Балалар, қарандар, бізге қандай көлік келді? Ол қалай аталады?
- Өрт сөндіру көлігі.
- Дұрыс. Сендер оны қайдан білдіңдер?
- Ол қызыл, «101» деген саны бар.
- Дұрыс, балалар, өрт сөндіру көлігінің түсі қызыл, себебі бұл түс алыстан бірден көрінеді. Қызыл түс – дабыл түсі, от түсі.
- Өрт сөндіру көлігі қалай жүреді? Тез бе, ақырын ба?
- Дұрыс, тез. Өйткені өртсөндірушілер өрт орын алған жерге тез жету керек. Ол тез жүргенде дабыл қағады.
- Дабыл қалай қағылады?
- У-у-у!

*Әрі қарай тәрбиеші балаларға өрт сөндіретін көлікте не барын көрейік дейді. (Шлангы, балта, саты).*

– Қатерлі ештеңе болмау үшін өрт қауіпсіздік ережесін жақсы білу керек. Балалар, біз оны жақсы білеміз ғой, иә!:

- Сірiңкенi ... болмайды (алуға)
- Газды ... болмайды (жағуға)
- Үтiктi ... болмайды (қосуға)
- Токқа саусақты болмайды (салуға)

– Балалар, бұл ережені есте сақтандар және әрқашан ұстаныңдар. Өртті сөндіретін адамды **өртсөндіруші** деп атайды. Өртсөндірушілер батыл, мықты болуы керек. Ал енді өртсөндіруші болып ойын ойнайық.

Бой сергіту:

- Ал енді сорғыны іске қосамыз,
- Суды өзеннен сорамыз.
- Солға – бір, оңға – бір,
- Арықтан су ағады.
- Бір, екі, үш, төрт,
- Жақсы біз жұмыс жасаймыз.

Ал енді, балалар, «Мысықтың үйі» мультфильмін көрейік.

3. Қорытынды бөлім.

Балалар, байқаусызда отпен ойнаса не болады? *Мультфильмді талқылау.*

## № 2.1 Әңгімелесу «Өрт сөндіру көлігі»

**Мақсаты:** тәрбиешінің сұрағына толық жауап беруге үйрету; заттардың атауын дұрыс атау; сөйлемде етістіктер мен көмекші сөздерді қолдануды меңгерту; балаларды өрт қауіпсіздік ережесімен таныстыру.

– Балалар, қараңдаршы, біздің топта қандай жаңа ойыншық пайда болды? (*Көлік*)

Кім біледі, бұл көлік қалай аталады? (*Өрт сөндіру*)

Оны қандай белгілерінен таптындар? (*Ол қызыл, сатысы бар, «101» деген саны бар*).

– Дұрыс, өрт сөндіру көлігінің түсі алыстан көзге тез көріну үшін қызыл болады. Қызыл түс – дабыл түсі, оттың түсі.

Өрт сөндіру көлігі тез жүре ме, ақырын ба? (*Тез*).

Неге тез? (*Адамдарды құтқарып, тез өрт сөндіру үшін*).

Көлік көшеде келе жатқанда оны тек көріп қана қоймай, оның дабылын да естисің. Дабыл қалай естіледі? (*у-у-у, у-у-у*). Балалар, сендер өрт сөндіру көлігінде өрт сөндіруге арналған қандай құрал-саймандар барын білесіңдер ме? *Олар: балта, күрек, шлангы, өрт сөндіретін көпіршік және т. б.*

## № 2.2 «Көлікті құрастырып, оның не үшін қажет екенін тап»

### *Дидактикалық ойын*

**Мақсаты:** Балаларға нысанды 3–4 бөліктен құрастыруға үйрету; ойлау қабілетін дамыту; техникаға қызығушылықтарын арттыру; өрт сөндіру көлігі туралы білімдерін бекіту.

### **Кіріспе**

Балаларға қиылған суреттерді таратып, одан бір үлкен сурет шығаруды ұсыну.

Не шықты?

Не үшін керек?

Көліктің несі бар?

Неге көліктер қызыл?

## № 2.3 «Өрт сөндіру көлігі»

**Білім беру саласы:** Денсаулық сақтау

**Тақырыбы :** Өрт сөндіру көлігі

**Бөлімдері:** Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балаларды өрт сөндіру көлігімен және онда жұмыс істейтін адамдармен, байланыс құрылғыларының қызметімен таныстыру.

**Дамытушылық:** есте сақтау қабілетін дамыту, логикалық ойлауын жетілдіру; өрт сөндіру көлігінің суретін салуға үйрету.

**Тәрбиелік:** қауіпті жағдай орын алғанда өзін-өзі қалай ұстау керектігіне тәрбиелеу; өртсөндіруші мамандығына қызығушылығын ояту.

**Қостілділік компонент:** огонь – от, пожар – өрт, вода – су.

**Сөздік жұмысы:** күрескер, өрт сөндіргіш, ағын, автоцистерна, сорғы, белгі оттары, дабыл.

**Құрал-жабдықтар:** өрт сөндіру көліктерінің суреттері, ½ парағы, түрлі түсті қарындаштар (әрбір балаға).

**Кіріспе:**

1. Кіріспе бөлім.

Тақтада қаланың суреті ілініп тұрады.

**Тәрбиеші:**

– Не болды? (*Суретке отты қояды*)

– Өрт.

– Не істейміз? (*Балалардың жауабы*)

*Тәрбиеші өртсөндірушілерге қоңырау шалуды ұсынады; балаларға телефон арқылы не айту керектігін (қай жерде өрт болды, мекенжайды және аты мен тегін) естеріне түсіреді. 2–3 бала өртсөндірушілерге хабарласады.*

– Міне, өрт сөндіру көлігі де келді. (*Дабыл естіледі*).

Көлікте дабыл шамдары мен дауыс дабылы бар. Олар басқа көліктерге белгі беру үшін қажет.

– Ал енді айтыңдаршы, өрт сөндіру көліктерінде өрт сөндіретін қандай құралдар болады? (*көпіршіктер, механикалық баспалдақ, сорғы, бапта, т.б.*)

*Тәрбиеші өрт сөндіру көлігін көрсетіп, ол туралы айтады.*

– Өрт сөндіру көлігінде саты, қолғап, радиохабарлағыш (өрт сөндіру кезінде хабарлайтын) болады.

– Арнайы көліктің салғышында қолғап пен шлангы жатады, одан су қатты ағады. 5-қабатқа және одан жоғары көтеретін саты болады.

– Балалар, неге көлік қызыл түсті? (*Қызыл түс алыстан көрінеді*)



Өрт сөндіру көлігі  
Қызыл көлік асығады,  
Оған орта да болады.  
Шамдары жанып-сөнеді,  
Оған жол береді.  
Үстінде саты қызық,  
Жылжитын антенна сияқты.  
Адамдарды құтқару үшін,  
Тіпті жоғары қабаттан.  
Қайғыны тез жеңеді,  
Өртті сумен тоқтатады.

**Тәрбиеші:** Өртсөндіруші мамандығы оңай емес, оған батылдық, жылдамдық, мықтылық және денсаулық керек. Өртсөндірушілерге не көмектеседі? (Денешынықтыру).

#### **Ойын «Кімнің көлігі өртке тез келеді?»**

Көліктің астына жіпті байлап, екінші бос жағын қарындашқа, не болмаса қатты қартонға байлайды. Кімнің көлігі аударылмай, керек жерге тез жетсе, сол жеңеді.

Тәрбиешілер өрт сөндіру көлігінің өрт сөндіріп жатқан кезін бейнелеуді ұсынады.

### **№ 3.1 Суреттер қарастыру «Өртсөндіруші»**

#### **№ 3.2 «Мамандықты тап»**

##### *Дидактикалық ойын*

**Ойынның мақсаты:** балаларды өртсөндіруші мамандығымен таныстыру, өрт сөндіру құралдары туралы түсініктерді анықтау, сөздік қорын байыту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.

##### **Барысы:**

Дидактикалық ойынды өртсөндіруші суретімен толықтыру керек. Оған лайық заттарды таңдап алу керек: өртсөндіргіш, су толған шелек, құм, күрек, балта, өртсөндіргіш машина, жылжымалы баспалдақ, газқағар. Көп суреттерден балалар тек керектісін ғана таңдайды.

### № 3.3 «Тілсіз жауды ауыздықтаушылар»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімдері:** Экология

**Мақсаты:**

**Білімділік:** өртсөндірушілердің қызметі туралы балалардың білімдерін кеңейту және бекіту; өртсөндірушілердің қызметтік киімімен таныстыру; өртке қарсы қызметтің жедел байланыс телефондары туралы ақпарат беру; өртсөндіргіш құралдар туралы білімдерін бекіту.

**Дамытушылық:** сақтық пен байқампаздықтарын дамыту.

**Тәрбиелік:** Өртсөндірушілердің еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.

**Қостілділік компонент:** огонь – от, пожар – өрт, пожарный – өртсөндіруші.

**Сөздік жұмысы:** шланг, өртқорғаныстық көстюм, газқағар, рация, өрт сөндіру сорғысы.

**Құрал-жабдықтар:** шлангты пайдалану қауіпсіздігінің жөн-жосықтары туралы плакаттар, Н. Сеничевтің «Малышам о пожарной безопасности» плакаттар жинағы, өртсөндіргіш, өртсөндірушінің киімі, газқағар, шланг, өртсөндіру машинасының суреті.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Жұмбақты шешіндер: Дабылға тез жететін, Жалынға сүңгіп кететін. Қақалса да түтінге, Тайсалмайтын батыл кім? Жасқанбайтын батыр кім?	<i>Балалар тыңдайды</i>  Өртсөндіруші
	<b>Тәрбиеші:</b> – Сонымен, балалар, байқап отырғандарындай, біздің бүгінгі тақырыбымыз өртсөндірушілерге арналады.	
Ұйымдастыру-іздістелу	Доппен ойын: «Кім не істейді?» <i>Тәрбиеші мамандықтарды атайды, балалар олардың қандай жұмыс атқаратындығын айтады?</i> Мысалы, дәрігер – емдейді, аспазшы – ас дайындайды, ұшқыш – ұшады, суретші – сурет салады, ал өртсөндіруші...?	Балалардың жауаптары: емдейді; ас дайындайды; ұшады; сурет салады; өртті сөндіреді.

Ертеден адам отты тұтатуды үйренді. Адамдар оттың көмегімен жылы-нуды, ас пісіруді үйреніп, оны өзінің көмекшісіне айналдырды. Адамдар оттың жылу, жарық беретіндігін, жаулардан қорғануға да сеп болатындығын түсінді. Алайда от тек жақсылық қана әкелмейді, сонымен бірге, ол – тілсіз жау. Егер от адамның басқаруынан шығып кетсе, онда үлкен қауіп орын алады. От өзінің жолындағының бәрін жояды. Ол үй, мал-мүлік, тұрмыстық заттар және тағы басқалар болуы мүмкін. Тіпті, адамның өміріне де қауіп төндіруі мүмкін. Лапылдаған отты өз күшіңмен жеңу өте қиын. Міне, осы сәтте көмекке бір адам келеді. Оның қызметі – жанған отты сөндіру, өрттің себебінен қиындыққа тап болған адамдарды құтқару. Бұл қай кәсіп иесі десендер, ол – өртсөндіруші. *(Сурет арқылы сипаттама беріледі).*

Өртсөндірушілер оттан және түгіннен қорғанытын арнаулы киім киеді. Олар құрыш каска, қалың брезенттен тігілген шалбар мен күрте, аяқтарына ыңғайлы әрі берік етік киеді. *(Сурет арқылы сипаттама беріледі).*

Өртсөндіруші тайсалмай отқа кіргенде, оған осы киімдері қорған болады.

*Тәрбиеші «Қуыршақты құтқар» ойынын ойнауды ұсынады.*

Екі бала өртсөндірушінің киімдерін киіп, белгіленген шеңберге дейін жүгіріп барады да, көмек керек болған қуыршақты табады. Кейін келген жолмен артқа қайтады.

*Тәрбиеші өртсөндірушілерді қуыршақты құтқарғандары үшін мақтап, медальмен марапаттайды.*

Ойын ойнайды

	<p>Тәрбиеші ережені жаттап алуды ұсынады:</p> <p>Өрт шықса, сен саспа          Бірақ асып таспа.          Керек емес тосырқау          101-ге шал қоңырау.          Мекенжайды айт анық,          Қорықпағын тайсалып.          От болса егер          тым қатты,          Аялдама көп үйде.          Білейік мұны, балалар!</p>	
<p>Рефлексивті          түзетушілік</p>	<p>Ойын «Сұрақ–жауап».          Өртті кім сөндіреді?          Өрт сөндіру машинасының түсі қандай?          Өрт кезінде төсектің астына немесе шкафқа тығылуға бола ма?          Үйде өрт болса, не істеу керек?</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>

***Күтілетін нәтиже***

***Нені біледі?***

Өртсөндірушінің қызметі туралы біледі.

***Қандай түсініктерді игерді?***

Өрт қауіпсіздік ережелері, өрт сөндіру қызметінің байланыс телефоны түсініктерін игерді.

***Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:***

Батыл әрі епті болуды меңгерді.

**№ 4.1 Жағдаяттар бойынша суреттерді қарастыру. «Балаға жағылған петарданы ұстауға бола ма?»**

**№ 4.2 «Қауіпті заттар – өрт себепшісі»**

***Дидактикалық ойын***

**Мақсаты:** балаларға өрттің шығуына себеп болатын қауіпті заттарды көрсетіп, олармен ойнамау керектігін ескерту; логикалық ойларын дамыту.

Ойын барысында балаларға өрт шығаратын және шығармайтын заттардың суреті бейнеленген карталар таратылады. Мысалға: майшам, үтік, бенгал шамдары, пеш, гүл, орындық және т. б. Осы суреттердің арасынан өрт шығармайтын заттарды алып тастау керек.

#### № 4.3 Тақырыбы: «Жаңа жыл»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімдері:** Валеология

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балаларға отпен ойнауға болмайтынын, оны дұрыс қолданбаса, қауіпті жағдайлардың орын алу мүмкін екендігін түсіндіру.

**Дамытушылық:** шығармашылықтарын дамыту

**Тәрбиелік:** балаларға өрттен сақтанудың жолдарын түсіндіретінін, сіріңке, оттық, бенгал шамдары және т. б. сияқты өрт шығаратын қатерлі заттардан аулақ болуға тәрбиелеу.

**Қостықшылық компонент:** шырша – ёлка, тиін – белка, қоян – заяц.

**Сөздік жұмысы:** жаңа жыл, шырша, тиін, өрт қауіпсіздігі, өрт шығаратын заттар.

**Құрал-жабдықтар:** ойынға арналған карталар, ертегі кейіпкерлерінің суреті.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<b>Тәрбиеші:</b> «Балалар, қазір орманда Жаңа жылға қызу дайындық жүріп жатыр. Аңдардың шыршаны қалай безендіріп жатқанын көргілерің келе ме? Қазір мен сиқырлы сөзді айтып, сиқырлы таяқшаммен серпіп қаламын. Сонда Жаңа жылға әзірленіп жатқан қояндар мен тиіндерге қонаққа барамыз. <i>«Қар ұш-</i>	Балалардың жауабы

	<p><i>қындары – үлгілдептер, айналдырыңдар, қыстық орманға апарыңдар».</i></p>	
<p>Ұйымдастыру-ізвестіру</p>	<p>Тәрбиеші «Аңдар шыршаны қалай безендіреді?» ертегі-көрінісін айтады.</p> <p><b>Қоян.</b> Жақында мереке, тиінжан, ал бізде шырша әлі безендірілген жоқ. Менің анам орманнан келгенше, тосынсый жасап, шыршаны безендіріп қояйық.</p> <p><b>Тиін.</b> Жарайды. Бірақ сенің анаң ойыншықтарды дайындамады ғой. Енді шыршаны немен безендіреміз?</p> <p><b>Қоян.</b> Таптым! Менде бенгал шамдары бар. Қазір біз оларды шыршаның бұтақтарына байлап қоямыз, кейін жаққанда олар жарқырайды.</p> <p><b>Тиін.</b> Ақ мақтаны да қойсақ, ол қар сияқты болады.</p> <p><b>Қоян.</b> Тыңдашы, тиінжан! Шыршаның астына нағыз шамды жағып қойсақ, өте әдемі болар еді. <i>(Есік қағылып, қоянның анасы келеді).</i></p> <p><b>Тәрбиеші</b> (ақырын балаларға): Аңдарға кедергі жасамайық, олар бізді кейін шыршаға ынақырады. Балалар, мен өте қуаныштымын! Себебі қоянның анасы уақытында келді. Егер де анасы келмесе, онда өрт шығуы да мүмкін еді.</p> <p>Не себептен екенін түсіндіңдер ме?</p>	
	<p>Дұрыс, шырша тұрған жерге бенгал шамдарын жағуға болмайды,</p>	<p>Балалардың жауабы</p>

	<p>себебі шашыраған от ұшқыны шыршаның қылқан жапырақтарына тиіп, от шығуы мүмкін. Шыршаны мақтамен де безендіруге болмайды. Себебі біз мақтаның тез жанатындығын білеміз. Шыршаға жақын жерге шамды жақпайды, себебі от шыршаға тиіп кетуі мүмкін.</p> <p><i>Динамикалық үзіліс:</i></p> <p>Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүтірді.</p>	Балалар көрсетеді
	<p>Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің.</p>	Балалар секіреді
	<p>Тәрбиеші «Шыршаны немен безендіреміз?» дидактикалық ойынын ұсынады. «Шыршаны безендіреміз» суреті.</p>	Балалар отырады
Рефлексивті-түзетушілік	Сурет ертегілер кейіпкерлеріне сыйланады. 2–3 баладан шыршаны қалай безендіру керектігі сұралады.	

### *Күтілетін нәтиже*

#### *Нені біледі?*

Өрт тілсіз жау екенін ұғынды.

#### *Қандай түсініктерді игерді?*

Сіріңке, оттық, бенгал шамдарының қауіпті заттар екендігін түсінді.

#### *Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:*

Балалар кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарын, дауыс ырақтарын келтіре алады.

### № 5.1 Суреттерді қарастыру. «Электронды құралдар»

## № 5.2 Ойын: «Сыммен ток жүреді» (саусақ ойыны)

### Мақсаты:

Балаларға электр қуатының сым арқылы жүретіні туралы ақпарат бере отырып, ойын арқылы қолдарының ұсақ қимыл моторикаларын дамыту.

Балалар жіптің түйіндерін кезекпен оң, сол қолмен жүргізіп, сөздерді айтады.

Сыммен қуат жүреді,  
Бізге жарық береді.  
Тоңазытқыш, монитор,  
Шаңсорғыш пен кіржуғыш  
Жұмыс істейді,  
Бәріне де ток керек.

## № 5.3 «Сіріңке балаларға ойыншық емес»

**Сабақтың мақсаты:** балаларға сіріңкенің дұрыс пайдаланбаса өте қауіпті екенін, онымен ойнауға болмайтындығын айтып түсіндіру; от туралы мәлімет беру; балаларға әрдайым оттан сақтану қажеттігін, оның өте қауіпті болатындығын естен шығармау керектігін үйрету.

**Көрнекілік құрал:** Сіріңке, конверт, суреттер (*не істеуге болмайды*: мысалы, үтікті тоққа қосып қалдыруға), кесілген геометриялық пішіндер, көкөністер суреті.

### Сабақтың барысы

**Тәрбиеші:** Балалар, құлақ салып тыңдаңдаршы! Ештеңе естіп тұрған жоқсыңдар ма? Бірдеңе сықырлап жатыр.

– Бұл не? (Сіріңке).

– Қандай қызық! Олар бір нәрсе айтып жатыр. Аааа, сіріңкенің бізбен ойнағысы келіп отыр екен. Егер біз оларды жақсақ, бұл жер жылынып, жап-жарық болады дейді.

Қандай тамаша! Мен сіріңкенің жарқырап жанғанын көргім келіп тұр. Сіріңкенің өзі ағаштан, ал басы күкірттен жасалған. Қане, тезірек тұтатайын! (Сіріңкені жағады) Қарандаршы, сіріңке тез тұтанады! Жарқырап жанғаны қандай әдемі!

– Ой, балалар, сіріңке жанып бітіп жатыр! От менің саусақтарыма да жақындап қалды. Енді не істеймін? Саусақтарым күйіп барады! Маған көмектесіңдер.

**Балалар:** Үрлеп сөндіріп, жерге тастаңыз.



**Тәрбиеші:** Мені құтқарыңдар, тез үрлендер.

– Ой, балалар, рахмет! Мен қатты қорқып кеттім! Ал сендер ше? Егер де мен еденге жанып тұрған сіріңкені тастасам, не болатын еді? (Балалар жауап береді). Ия, дұрыс айтасыңдар, онда кілем, жиһаз, перде мен тез жанатын заттар өртеніп, осы отырған барлығымыз оттың арасында қалатын едік. Көрдiңдер ме?! Кіп-кішкентай сіріңкеден қандай үлкен қауіп бар екенін. Сіріңкемен ойнауға болмайды! Ол ойыншық емес!

– Балалар, сендердің араларыңда бұрын байқаусызда күйіп қалғандарың бар ма? (*Балалардың жауаптары*).

– Қатты ауырды ма?

– Балалар, сіріңке не үшін керек? (Газды жағу үшін, май шамды жағу үшін, пеш жағу үшін).

– Тамақ пісіру үшін сіріңке керек пе?

Балалар: Иә.

**Тәрбиеші:** Қараңдаршы, менің тәрелкемде не жатыр?

Балалар: Көкөністер.

**Тәрбиеші:** Қазір бәрі бір-бір көкөністен алып, оның атауы қандай екенін айтасыңдар (*Балалар өздері таңдаған көкөністерін атайды*). Мысалы, бұл – сәбіз, ол жерде өседі, түсі қызғылт-сары).

– Бұл көкөністерден көже жасайды.

– Сонымен, балалар! Сіріңкемен ойнауға бола ма екен? (Болмайды).

**Тәрбиеші:** Балалар, бізге бүгін бір хат келді. Хаттың сыртында: «Балаларға Хрюша мен Степашкадан» деп жазылған. Не жазғанын тыңдаңдар.

*«Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен ауруханада жатырмын. Сендерге бұл жерге қалай тап болғанымды айтып бергім келеді.*

*Мен Степашканың үйіне қонаққа бардым. Біз Степашка екеуіміз сурет салдық, ойнадық, содан кейін ішіміз тысқандықтан, сіріңкемен ойнап көруді шештік. Басында өте қызықты болды. Сіріңкенің жарқырап жанғаны өте әдемі көрінді, бірақ сіріңке жанып таусыла бастағанда, от саусағымызға тиіп күйдіріп, біз оны жерге тастап жібердік. Басқасы есімде жоқ. Бірақ үйіміз өртеніп кеткен екен.*

*Көзімді ашқанда, ауруханада жатыр екенмін. Біздің қолымыз күйіп қалғандықтан, қатты ауырсынып жатырмыз. Бізді дәрігерлер емдеп жатыр.*

*Балалар, сіріңкемен абай болыңдар. Ол өте қауіпті!»*

– Балалар, неліктен Хрюша мен Степашка ауруханада? (*Балалардың жауабы*)

– Ал сендердің сіріңкемен ойнағыларың келе ме?

– Дұрыс, сіріңкемен ешқашан да ойнамаңдар.

### № 6.1 «Өз ойыншықтарыңды құтқар»

#### *Ойын-эстафета*

**Мақсаты:** Өрт пайда болған жағдайда тапқырлық қабілеттеріңді дамыту, жылдамдыққа баулу.

#### **Ойынның барысы**

**Тәрбиеші:** Біз бүгін өртсөндірушілерміз.

Бізге «зообақта өрт шықты» деген хабарлама келді. Біздің мақсатымыз – жануарларды тез көліктерге тиеп, қауіпсіз жерге көшіру.

Әр топтың алдында 5 метрдей жерде ойыншықтар тұр. Белгі бойынша әр топ мүшелері (бір-бірден) ойыншықтарға қарай жүгіреді де, бір ойыншықтан көлікке салып, орындарына қайтады.

Қай топ өзіне берілген ойыншықтарды бірінші болып жинап, қауіпсіз жерге шығарса, сол топ жеңіске жетеді.

### № 6.2 «Сөйлейтін сіріңкелер» ертегі

Сөреде сіріңке қорабы тұрды. Оның ішінде сіріңкелер тату-тәтті өмір сүріп жатты. Олар өздерінің қажет екендіктерін біледі және мұны ешқашан естерінен шығарған емес. Сонымен бірге, олар өздерінің кішкентай, бұзық балалардың қолына түссе, өте қауіпті болатындықтарын да біледі.

Жаздың ыстық күні еді. Сөредегі сіріңкелердің көптен пайдаланылмағандықтан іштері де пыса бастап еді. Кенет олардың тыныштығын әлдекім бұзып жіберді. Ұзақ уақыт қараусыз жатқан сіріңкелер аң-таң болып, тіпті, кейбірі қорқып та кетті. Міне, олардың үйшіктері жайлап ашылып жатты. Сіріңкені ашқан бұзық бала еді. Ол қораптан бір сіріңкені алмақ болып еді, оған барлық сіріңкелер бір дауыспен айғай салды:

– Бізге тиісуші болма!

Бала сіріңкелерге қарап таңырқап қалды. Ол бірден қорапты жаба салды. Оған бұл өте қорқынышты болып көрінсе де, қызығушылығы басылмай-ақ қойды. Ол қорапты қалтасына салып, аулаға жүгіріп шықты. Бала достарына сөйлейтін сіріңкелер туралы айтқан

еді, бірақ оның сөзіне ешқайсысы сенбей, өздері тексермекші болды. Олар қорапты аша бастағаны сол еді, сіріңкелер айғайға басты:

– Қане, жабыңдар! Сендерге сіріңкемен ойнауға болмайтындығы өскертілді емес пе?

Балалар сіріңке қорабына таңырқай қарап қалды. Олардың ішіндегі бір өжеттеу қыз:

– Сендер сөйлей алады екенсіңдер ғой! Онда бізге оттың не себептен қауіпті болатындығын түсіндіріңдер.

Сіріңкелер өздерінің пайдасы мен зиянын мұқият, тізбектей отырып балаларға былайша түсіндіріп берді:

– От – өмір сәні. Онсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамақ та піспейді, үй де жылымайды. Дегенмен оттың пайдасымен қатар, кейде дұрыс пайдаланылмаса, зияны да барын естен шығармау керек.

Осы сөздерден кейін бұзық бала қорапты бірден жапты да, оны үйіндегі өз орнына апарып қойды. Ал оның достары болса, сіріңкенің ойыншық еместігін, онымен ешуақытта ойнауға болмайтындығын түсінді.

### № 6.3 «Үйден өрт шыққанда»

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімдері:** Экология

**Мақсаты:**

**Білімділік:** өрт шыққан жағдайда өздерін қалай ұстауды түсіндіру; шапшаңдықтарын жетілдіру, ұйымшылдық пен жүктелген міндетті атқаруды үйрету.

**Дамытушылық:** қандай қиын жағдай болса да, өзін және басқа балаларды өрттен аман алып шығуға үйрету.

**Тәрбиелік:** өрт қауіпсіздік ережесіне мұқият көңіл бөлуге тәрбиелеу.

**Қостілділік компонент:** өрт – пожар, түтін – дым, от – огонь.

**Сөздік жұмысы:** шыға беріске қарай бет алу, әсер ету.

**Құрал-жабдықтар:** үтіктің суреті, сіріңке, майшам, өрттің суреттері.

Іс-әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p><i>Шаттық шеңберін құру:</i>  Достарды біз қолдаймыз,  Қиын шақта қорғаймыз.  Біздің топта ұл-қыздар  Тату-тәтті ойнаймыз.</p>	Балалар орындайды
Ұйымдастыру-іздігі	<p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар, мына заттарды білесіңдер ме? Бұл заттар не үшін қажет?</p>	Үтік, сіріңке, майшамның суреттерін көреді.
	<p>Бұл заттар қауіпті ме? Қай кезде қауіпті? Неліктен?  Тәрбиеші балалардың жауабын толықтырады.</p>	Балалардың жауабы
	<p><i>Есік қағылады да, үрейленген қоян кіріп келеді.</i>  <b>Тәрбиеші:</b> Не болды?  <b>Қоян:</b> Бізде бүгін сұмдық жағдай болды. Біз достарымызбен шәй ішейін деп едік. Мен сіріңкемен газды жағып, жанып тұрған сіріңкені қоқыс салатын шелекке тастадым. Шайнек қайнағанша біз ойнай тұруды шештік. Сөнбеген сіріңкеден қоқыс салатын шелектегі қағаз жанып, үйдің іші түтінге толып кетті. Бірақ менің есіме орманда орналасқан мектептегі мұғалімдерімнің айтқандары түсті.  <b>Тәрбиеші:</b> Сендер не істедіңдер?  <b>Қоян:</b> Бірінші, мен бәрінің тынышталуын сұрадым. Біз телефонмен «101»-ге қоңырау шалып, өрт шыққанын хабарладық. Түтін төбеге қарай көтеріле бастағанда, біз еңкейіп есікке қарай бет алдық. Көп кешікпей өрт сөндіретін</p>	Балалар тыңдайды

	<p>көліктер келіп жетті. Қуанышымызға қарай өрт үлкен болған жоқ. Егер де мен дер кезінде жанған қағаздарды көрсем, онда өзім су құйып немесе көрпемен жауып, сөндіретін едім. Бізді өртсөндірушілер дұрыс істеген әрекеттеріміз үшін мақтады, тек сөндірілмеген сіріңке үшін қатаң ескерту жасады. Сонымен бірге бізді дұрыс шешімді тез қабылдай білгендігіміз үшін де мақтады. Ал енді мен сендердің қаншалықты жылдам екендігіңді тексергім келіп тұр.</p> <p><i>Ойын: «Дұрыс жолды тап». (Топтың ішінде әрбір жерде есіктердің суреті ілінп тұрады. Балалар белгі бойынша топта жан-жаққа кетеді: «Түтін» деп айтқанда, еңкейіп «есікке» қарай бет алады)</i></p> <p><b>Қоян:</b> Жарайсындар, сендер тез және дұрыс әрекет жасадыңдар. Енді мен сендерге суреттер көрсетемін, ал сендер өрт шыққанда не істеу керектігін айтасындар. Қоян дұрыс жауап берген балаларды мақтайды.</p>	
<p>Рефлексивті-гүзетушілік</p>	<p><b>Сабакқа керекті ойындар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Дидактикалық ойын: «Егер де өрт шықса»;</li> <li>• Дидактикалық ойын: «Рет-ретімен қой» (Өрт шығу себептері);</li> <li>• Сюжетті-рольді ойын: «Өртсөндірушілерді шақыру»;</li> <li>• «Мысықтың үйі» ертегісін оқу.</li> </ul>	<p>Балалар ойын ойнайды</p>

*Күтілетін нәтиже*

*Немі біледі?*

Өрт шыққан жағдайда 101 нөміріне телефон шалуды біледі.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Өрт шыққан жағдайда сабырлылық сақтап, ұйымшылдық таныту қажеттігін.

*Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:*

Өлең, ойын арқылы балалар дұрыс, қате әрекеттерді ажыратуды меңгерді.

### **№ 7.1 Өртке қарсы өлеңдер. «Сөзді айт»**

Жерге көмір құлайды,  
Ағаш еден тұтайды.  
Сен байқа саспа, таспа,  
Оған..... құйып таста. *(суды)*

Егер үйде балалар  
Сіріңке жағып ойнаса,  
Не істемексің сен сонда?  
Бірден сіріңкені... *(көтерем)*

Түгіндесе ескі үтік,  
Не істеу керек, балалар?  
Суырамыз оны біз... *(токтан)*  
Өрт болса егер кенеттен,  
Міндеттісің, балақай,  
Телефон соғып өртшіге –  
Өрт жайлы оған...*(айтуға)*

Отты байқап жақпасаң,  
Мүмкін тіпті өрт болу.  
Балақай, есте сақта сен,  
Ойнамағын ... *(отпенен)*

### **№ 7.2 М. Манақованың «Өрттен жамандық көп» өлеңі**

Ойын түбі – от.  
Оқушы бала бір күні  
Көрін қалды кірпіні.  
Қолына алды сіріңке,

Кірішені сіріңкемен  
Өртейін мен, жағайын.  
Лап етіп кірпі жанғанда,  
Қызыққа мен батайын.

Сойтті дағы  
Кірпінің жанына барып,  
Сіріңкені лезде алып,  
Тұтатқанда кірпіні,  
Бара жатты ол жанып.  
Жанталасты байғұс кірпі,  
Луладағы мая шөптің  
Арасына барып кірді.  
Шөп тұтанып, лаулап жанып,  
Жұрттың бәрін дүрліктірді.  
Қатты састы Дидар бала,  
Өртке оранып мая кетті.  
Көрші үйдегі құрбысына  
Болған жайды баян етті.  
Кірпіменен ойнағанмын,  
Не боларын ойламадым.

Өкінгеннен қандай пайда  
Енді қайттім, қиналамын?!  
От жақпа, күйерсің,  
Өртеніп жүрерсің.  
Сіріңкені ұстасаң,  
Бәлеге сен түсерсің.  
Кірпіменен ойнасаң да,  
Сіріңкемен ойнамашы.  
Кешір, досым, қателестім.  
Сіріңке ұстап, көктемеспін.  
Ата-ананың рұқсатынсыз  
Сіріңкеге беттемеспін.  
Алыңдар ұғып, балалар,  
Істері кейде шалалар.  
Сіріңке, оттық, электрге  
Шама келсе, жоламаңдар.

*Әлең мазмұны бойынша әңгімелесу:*

1. Оқушы бала бір күні нені көреді?
2. Ол сіріңкені алып не істемек болады?
3. Кірпі не істейді?
4. Соңында қандай оқиға орын алады?

### № 7.3 «От – біздің досымыз, от – біздің жауымыз»

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімдері:** Экология

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балаларға оттың пайдасы мен зияны туралы түсіндіре отырып, оттың өте қауіпті екенін ескерту.

**Дамытушылық:** сіріңкенің өте қауіпті екенін түсіндіру, өрт қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.

**Тәрбиелік:** оттың қауіптілігін түсіндіре отырып, онымен ойнауға тәрбиелеу.

**Қостілділік компонент:** өртсөндірушілер – пожарники, сіріңке – спичка.

**Сөздік жұмысы:** құтқару, 101-ге қоңырау шалу, үрлеу

**Құрал-жабдықтар:** өрт сөндіру көлігінің түрі, «Мысықтың үйі» мультфильмі.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:</p> <p>1. Жалт-жұлт етеді, Жалмай-жалмай жұтады.</p> <p>2. Бір бөлмеде көп тентек, Әрқайсысы отпен тең Жатпайды олар біз-сіз деп. Шыға келер шыж-быж деп.</p>	<p>Балалар тындап, жауап береді</p> <p>От</p> <p>Сіріңке</p>
Ұйымдастыру-ізвестіру	<p>Тәрбиеші балаларға әркімнің үйінде от барын айтады.</p> <p>– Отты қайдан алуға болады?</p> <p>– Сіріңкені жағу арқылы, газ, пештен де от шығады. Орманда жылыну, тамақ дайындау үшін от жағуға болады. Алайда кетерінде от сөндірілмесе, ормандағы ағаштар мен шөптер жанып кетуі мүмкін.</p> <p>Үлкен отта барлығы жануы мүмкін: жиһаз, киім, перде, ойыншық, тіпті адам да. Өрт – өте қауіпті! Сондықтан отпен абай болу керек.</p>	<p>Балалар тындайды</p>
	<p>– Балалар, қараңдар, бізге қандай көлік келді? Ол қалай аталады?</p> <p>– Дұрыс. Сендер қайдан білдіңдер?</p> <p>– Дұрыс, балалар. Өрт сөндіру көлігінің түсі қызыл, себебі қызыл түс алыстан</p>	<p>Балалардың жауабы</p> <p>– Ол қызыл, «101» деген саны бар. Бұл – өртсөндіргіш машина.</p>



бірден көрінеді. Қызыл түс  
 – дабыл түсі, от түсі.  
 – Ол қалай жүреді? Тез бе,  
 баяу ма?  
 – Дұрыс, тез. Өртті сөндіру  
 үшін. Ол тез жүргенде да-  
 был қағады.  
 – Дабыл қалай қағылады?  
*Әрі қарай тәрбиеші бала-  
 ларға өрт сөндіретін көл-  
 лікте не барын көрейік  
 дейді. (Шлангы, балта,  
 саты).*  
 – Қауіпті ештеңе болмау  
 үшін өрт қауіпсіздік ереже-  
 сін жақсы білу керек.  
 Балалар, біз оны жақсы бі-  
 леміз ғой иә?!

Сіріңкені..... болмайды.

Алуға

Газды..... болмайды.

Жағуға

Үтікті..... болмайды.

Қосуға

Токқа саусақты..... бол-  
 майды

Салуға

– Балалар, осы ережелерді  
 есте сақтаңдар және әрқа-  
 шан ұстанып жүріңдер.  
 Сонда сендердің үйлеріне  
 өрт сөндіру көлігі келмейді.  
 Өрт сөндіретін адамдарды  
 өртсөндірушілер деп  
 атайды. Олар өте батыл,  
 мықты болады. Өртсөнді-  
 рушілер болып ойын ой-  
 найық.

**Бой сергіту:**

Ал енді сорғыны іске қоса-  
 мыз,  
 Суды өзеннен сорамыз.

Балалар бой сер-  
 гітеді

	Солға – бір, оңға – бір, Артық су ағады. Бір, екі, үш, төрт, Біз жақсы жұмыс істедік.	
	<i>Ал енді «Мысықтың үйі» мультфильмін көрейік.</i>	Мультфильм көреді
Рефлексивті-түзетушілік	Отпен ойнаса, не болады, балалар? Мультфильмді талқылау.	Балалардың жауабы

*Күтілетін нәтиже*

*Негіз біледі?*

Оттың адам өміріндегі маңызы, пайдасы және зияны туралы біледі.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Қауіпсіздік ережелерін игерді.

*Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:*

Берілген нұсқаулыққа сай әрекет етуді меңгерді.

### № 8.1 И. Ильиннің «Мейірімді отсыз күніміз жоқ» өлеңі

Отты жағып жылынсаң,

Досың емей немене?

Егер өртке ұрынсаң,

Қасың емей немене?

Сіріңкені ұстасаң,

Оргеніп жүрерсің.

От жақпа, күйесің,

Бәлеге сен түсесің.

### № 8.2 Ойын «Қуанамыз, шаттанамыз»

Айтылған өлең жолдары дұрыс болса, шапалақ соғады, ал егер қате болса, аяқтарымен еденді тоқылдатады.

**Тәрбиеші:**

Енді мен де білемін,

Отпен ойнамау керегін! (Шапалақ)

Сіріңкелер көңілді жанады,

Мен олармен ойнаймын. (Тоқылдату)

Үй артында балалар,  
Отпен ойнап от жақты. (Тоқылдату)

Дана үтіктің қауіпті екенін біледі,  
Енді токқа қоспайды. (Шапалақ)

Газплитаны жағып,  
Айдана мен Гүлім ойнайды. (Тоқылдату)

Марат үй өртеніп жатқанын көріп,  
«101»-ге қоңырау шалды. (Шапалақ)

#### Өлең оқу

Сіріңке балаларға ойыншық емес.  
Оларды алдыр – ұмытпа!  
Жастықта қалдырмаппын, қарамастан,  
Кереуеттің астына да тастамаппын!  
Баланың қолдарына кездестіреді, қарамастан,  
Қарамастан және ол тілсіз жауды жасайды.  
Сендерге сонда ғана ылғи мехнат,  
Өмірің сенің сұмдыққа айналады!

#### Сұрақ-жауап:

1. Неліктен «отсыз өмір жоқ» дейді?
2. От қай кезде жау болады?
3. Оттың әрдайым дос болуы үшін не істеу керек?

#### № 8.3 «Өрт қауіпсіздік ережесін сақтаңыз!»

##### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімдері:** Экология

**Тақырыбы:** «Өрт қауіпсіздік ережесін сақтаңыз!»

**Максаты:**

**Білімділік:** өрттің пайдасы мен зияны туралы балалардың білімдерін бекіту.

**Дамытушылық:** өрт қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін қызықтыру; өрт болған жағдайда қандай іс-әрекет жасау керектігін түсіндіру.

**Тәрбиелік:** өрттің табиғатқа зардабын, адамға әкелетін қатерін түсіндіре отырып, қауіпті заттардан аулақ болуға тәрбиелеу.

**Қостілділік компонент:** Өрт сөндіру машинасы – пожарная машина, ереже – правило.

**Сөздік жұмысы:** өрт сөндіру көлігі, өртсөндіргіш, шланг, сорғы

**Құрал-жабдықтар:** өртсөндіргіш машина (қуыршақ театрынан), киім үтіктеуге арналған ойышшық тақтайша және үтік, қуыршақтың көйлегі. Өртсөндіру машинасының құралдары: өртсөндіргіш, шланг, сорғы, саты. Бояулар, қылқалам, алдын ала өрттің суреттері салынған альбом.

Іс-әрекет кезендері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Тәрбиеші балаларға сұрақтың жауабын табуды ұсынады.</p> <p>– Балалар, отты қалай жағуға болады?</p> <p>– Оттың көлемі әртүрлі болады. Оның пайдасы мен қаупі де жоқ емес. От бізге не үшін керек?</p>	<p>Балалардың жауабы</p> <p>Сіріңке, газплита</p> <p>Жылыну үшін, тамақ дайындау үшін, т.б.</p>
Ұйымдастыру-ізвестіру	<p>Ойын бұрышында киім үтіктейтін тақтайша мен қуыршақтың көйлегі орналасқан. Көйлекте күйгеннен пайда болған жыртқы, оның үстінде ойыншық үтік жатыр.</p> <p>Жанында перде, оның артында ересек адам отырады. Сол маңда қоқыс шелегінде қағаздар жатады. (Ересек адам қағаздарды жакқанда, түтін шығады).</p> <p>– Меніңше, түтіннің иісі шығып жатқан сияқты, балалар, сендер сезесіңдер ме?</p> <p>– Қараңдар, түтін ойын бұрышынан шығып жатыр. Ол жерде өрт шыққан сияқты. Енді не істейміз?</p>	<p>Балалар мұқият тыңдайды.</p>

<p>– Дұрыс айтасыңдар. Өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалу керек.</p>	
<p>– Қандай нөмірге қоңырау шалу керек?  – Балалар, міндетті түрде мекенжайды дұрыс айту керек. <i>Өрт сөндіру машинасының дабылы естіледі.</i>  Қонжық келіп, өртті сөндіреді. Өрттің не себептен пайда болғандығын табады: үтік қосулы қалған екен.  – Үтікті сендер қосып кеттіңдер ме, балалар?  – Онда кім?  <i>Тәрбиеші мен балалар қонжыққа орындыққа отыруды ұсынады.</i>  – Қараңдар, қандай ерекше көлік! Кім айтады бұл көлік қалай аталады?  – Дұрыс айтасыңдар, өрт сөндіру көлігі.  – Ол неге олай аталған, қалай ойлайсыңдар?  – Ал өрт сөндіру машинасы қалай жүреді, жай жүре ме, жылдам жүре ме?  <i>Тәрбиеші балалардың сұрақтарына жауап береді.</i></p>	<p>101     – Жок.  – Мүмкін қуыршақ Айгүл шығар. Ол көйлегін үтіктеп жатып, дүкенге кетіп қалған.  – Өрт сөндіру көлігі  – Өрт сөндіру көлігі өрт болған жерге тез жету үшін жылдам жүреді.  Балалар ойлап, өрт сөндіру машинасын басқа да жағдай-</p>

	<p>Ол тез көзге түсу үшін қызыл түсті. Қызыл түс – оттың түсі.</p> <p>– Өрт сөндіру машинасы келе жатқанда тек қызыл түсі ғана көзге түспейді, сонымен қатар оның дабылының үні де айқын естіледі. Қалай ойлайсыңдар, дабылдың үні неге қатты шығады?</p> <p>– Дұрыс айтасыңдар, басқа көліктер есту үшін.</p> <p><i>Тәрбиеші қонжықтан өрт сөндіру машинасында тағы қандай құралдардың бар екендігін сұрайды.</i></p> <p><i>Қонжық құралдарын көрсетіп, олардың не үшін керектігін түсіндіріп, балалардың өзімен бірге қайталауларын сұрайды.</i></p> <p>– Мынау – өртсөндіргіш, мынау – арнайы шланг, күрек. Биік үйлердің ішіне кіріп, өртті сөндіруге саты көмектеседі.</p> <p><i>Қонжық балалармен қоштасады.</i></p> <p>– Балалар, басқа жерлерде де менің көмегімді күтіп отырған адамдар бар, сондықтан менің кетуім керек. Ал сендер бұдан былай өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңдар.</p>	<p>ларда пайдалануға бола ма деп сұрайды. Неліктен?</p> <p>Балалардың жауабы.</p>
Рефлексивті-түзетушілік	<p>Үстелде алдын ала дайындалған оттың суреттері, бояулар жатады.</p> <p><i>Д/қ «Сумен өртті сөндір». Балаларға көк бояумен отты бояуды ұсынады. Балалардан</i></p>	Гапсырмаларды орындайды

	<p>өрт қауіпсіздік ережелерін еске түсірулерін сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сіріңкені алуға, онымен ойнауға болмайды.</li> <li>• Розеткаға заттарды қосуға болмайды.</li> <li>• Балаларға үтікті қосуға болмайды.</li> <li>• Өрт болған жағдайда – «101»-ге қоңырау шалу керек.</li> </ul> <p>Сабақ соңында балаларға қуыршақ Айгүлге өрт қауіпсіздік ережелері туралы айтуды ұсынады.</p>	
--	---	--

*Күтілетін нәтиже*

*Нені біледі?*

Өртсөндіргіш құралдардың атауларын біледі.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Балалар қауіпсіздік ережелерімен танысты.

*Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:*

Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын жеткізе алады.

## № 9.1 «Өрт шыққан кезде...»

### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Ойын тапсырмасы:** Балаларға өлең, жұмбақтардың ұйқасын тауып, толықтыруды үйрету.

**Білімділік:** өрт қауіпсіздік ережесіне мұқият болуды үйрету.

**Ойын шарты:** Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасайды. Осы шеңбердің ортасында қолына шарлар ұстаған тәрбиеші тұрады. Тәрбиеші өлеңнің басын айтады да соңын аяқтамай, кідіріс жасап, шарды бір балаға ұсынады. Ал ол бала өлеңнің соңын тез айтып, шарды тәрбиешіге береді.

Бұл шар қолда тегін емес,  
Егер де алдында өрт болса,  
Дабыл түсті шар шықса,  
Өртсөндірушілерді өртке шақырса,  
Адамдар өртпен алысса,

Аспанға шар ұшса,  
Онда әр жерде бізді қорқытса,  
Ашулы, аяусыз... (өрт)

Бір, екі, үш, төрт –  
Кімнің ... өрт? (үйінде)

Түгін аспанға көтерілсе,  
Кім .... сөндірмеді? (Үтікті)

Үстел және жиһаз өртенді,  
Кім кірді ... кептірді? (Газда)

От шөпке секірді,  
Кім үйдің жанында ... жақты? (Жапырақты)

Түгінді көрсең, тұрып қалма,  
Өртсөндірушілерді ... (шақырт)

Есінде болсын, әр азамат,  
Бұл нөмірді... (101)

**№ 9.2 Мультфильмді қарау «Балалардың өрт кезіндегі қауіпсіздік ережелері»**

**№ 9.3 «101 нөмірін бәрі біледі»**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімдері:** Экология

**Тақырыбы:** «101 нөмірін бәрі біледі»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балаларға өрт қауіпсіздігін үйрету; өрт қауіпсіздік ережелерін бекіту.

**Дамытушылық:** балаларда өртті дер кезінде өшіре білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік:** өрт қаупі төнген кезде шапшаң қимылдауға, өз өмірі мен жанындағы адамдардың өмірінің қадірін сезіне білуге тәрбиелеу.

**Қостілділік компонент:** Мысықтың үйі – Кошкин дом, сукұйғыш – лейка.

**Сөздік жұмысы:** қауіпсіз орын, тығыз мата.



**Күрал-жабдықтар:** «Мысықтың үйі» мультфильмі, үй, қызыл та, шелек, сукүйғыш.

іс-әрекет түрлері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-ойғаушылық	<p>Шаттық шеңбері: Армысың, қайырымды Аспан ата! Армысың, мейірімді Жер ана! Армысың менің достарым! Жылуыма жылу қос, Міне менің қолым. – Балалар, алақандарыңнан не сезініп тұрсыңдар? – Жылуы тағы қайда болады? – Дұрыс айтасыңдар, балалар! Дегенмен біз оттың жылулығымен қатар қатері де барын жақсы білеміз ғой иә?</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне тұрып, өлең жолдарын қайталайды.</p> <p>Балалар сұрақтарға жауап береді – Жылу – Отта – Иә</p>
Ұйымдастыру-ізвестіру	<p>«Мысықтың үйі» атты мультфильмді көрсетеді. Өрттен кейін көрсетілімді тоқтатады. <b>Тәрбиеші:</b> Балалар, айттыңдаршы, мысықтың үйі неге өртенді? <b>Тәрбиеші:</b> Дұрыс, жарайсыңдар! Ал, мысық үйі өртенгенде не істей бастады? Оның әрекеті қандай болды? <b>Тәрбиеші:</b> Балалар, қалай ойлайсыңдар, мысық дұрыс шешім қабылдады ма?</p>	<p>Себебі, дала сыпырушы пешті сөндіруге ұмытып кетеді.</p> <p>Мысық өзінің жиһазын құтқармақ болды.</p> <p>Жоқ</p>

	<p><b>Тәрбиеші:</b> Әрине, жоқ! Естеріңе түсірiңдер, қонақтарға жиһаздарың құтқаруды сұрағанда, оған өртсөндiрушi не дедi?</p>	<p>«Өз-өзiңдi құтқар, әйтпесе, өртенiп кетесiң».</p>
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Сендер шағын өрттi көргенде не iстейсiңдер?</p>	<p>Өрттi сөндiру керек және өртсөндiрушiлердi шақыру керек</p>
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Дұрыс! Егер де өрт қатты болмаса, онда тез арада сөндiрiп көруге болады. Үстiне қалың көрпенi тастауға болады немесе тоққа қосылған зат болмаса, шелекпен су құюға болады. Алайда өрт тез өршiп, қолыңдағы ешқандай заттар көмектеспесе, онда не iстеу керек?</p>	<p>Үйден тез шығу керек</p>
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Өте дұрыс айтасындар. Егер де өрт тез арада сөнбесе, онда бiрден үйден шығып, қауiпсiз жерге бар. Содан соң 101-ге қоңырау шал. Үйден шыға алмай қалған жағдайда, тез арада өрт қауiпсiздiк қызметiне қоңырау шалып, нақты мекенжайыңды бер. Мiне, сондықтан да балаларға өздерiнiң нақты мекенжайы мен телефон нөмiрiн, өрт күзетiнiң нөмiрiн бiлу керек.</p>	

	<p><b>Тәрбиеші:</b> Сендер назар аудардыңдар ма, мысықтың үйі өртенгенде, ол неліктен жөтеле бастады?</p>	<p>Түтіннен</p>
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Дұрыс! Өрт шыққанда түтін өрттен де қауіпті. Көбіне адамдар өрт орын алғанда түтіннен тұншығып кетеді. Ондай кезде сулы орамалмен дем алу керек. Егерде қатты тұншығып бара жатсаң, жерге жатып, есікке қарай еңбектеп бару керек, төменде түтін аз болады. Сендердің естерінде қалу үшін біз осы әрекетті жасап көреміз.</p> <p><i>Тәрбиеші қағаз сүлгіні сулап алып, сонымен демалуды және белгіленген орындыққа дейін еңбектеп бару керектігін түсіндіреді.</i></p> <p><i>Тәрбиеші балаларды тапсырманы дұрыс орындағандары үшін мақтайды.</i></p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Айтыңдаршы, мысық өртсөндірушіні тыңдады ма?</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Дұрыс, балалар. Өртсөндірушілер келгенде, қорықпай олардың айтқанын тыңдау керек. Олар сені қалай құтқару керегін жақсы біледі.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Біздің бүгінгі айтқан мәселелеріміздің</p>	

	барлығы өрт сөндіру қауіпсіздік ережесі болып табылады. Қанеки, тағы да есімізге түсірейік.	
Рефлексивті-түзетушілік	<p>Ойын <i>«Мысықтың үйі өртенді»</i></p> <p>Керекті заттар: <i>мысықтың үйі (кубиктен немесе орындықтан жасалған), шелек, суқұйғыш, шам, қалақ, қызыл түсті мата, қоңырау.</i></p> <p>Тили-бом! Тили-бом!  Мысықтың үйі өртенді!  Тауық шелекпен жүгірді!  Аттар да жүгірді,  Ит болса, шаммен.  Сұр қоян жапырақпен.</p> <p><i>Ересектер қоңырауды сылдыратып, балалар шелек, суқұйғыш және тағы басқа ойыншықтарды алып, «өртті сөндіреді» (өртті көрсету үшін қызыл матаны алып үйдің үстіне жауып қояды).</i></p> <p>Бәрі бірге айтады:  Бір! Бір! Бір! Бір!  Өрт те сөнді!</p>	Ойын барысында: Балалар дөңгеленіп, айналып өлең айтады.

**Күтілетін нәтиже**

**Нені біледі?**

**101 нөмірін біледі.**

**Қандай түсініктерді игерді?**

**Ойын арқылы балалар дұрыс, қате әрекеттерді ажыратады.**

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:**

**Берілген нұсқауға сай әрекет ете алады.**

8. Өрт қауіпсіздік ережелерін оқытуға арналған  
перспективалық-тақырыптық жоспар үлгісі.

Ортаңғы топтар

№	Айы	Іс-шара
1	Қыркүйек	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «101 қызметі»</li> <li>2. «Өрт» тақырыбына байланысты суреттер қарастыру</li> <li>3. Ойын «Өрт болған жағдайда...»</li> <li>4. ҰОӘ «Кішкентай сіріңке»</li> </ol>
2	Қазан	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «Балалар отпен ойнаған кезде»</li> <li>2. Оқу «Қауіпсіздік ережелері» (тақпақ)</li> <li>3. ҰОӘ «Сіріңке – ойыншық емес»</li> </ol>
3	Қараша	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «Өртсөндіруші батыр отпен күреседі»</li> <li>2. «Өрт» тақырыбына байланысты суреттер қарастыру</li> <li>3. ҰОӘ «От – адамның досы және қасы»</li> </ol>
4	Желтоқсан	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу: «Жаңа жылдық шырша қуаныш әкелсін»</li> <li>2. Суреттерді қарастыру «Жаңа жылдық отшашу неге қауіпті?»</li> <li>3. Л. Чернышовтің шығармасын оқу: «Гришка мерекені қалай бұзды?»</li> <li>4. ҰОӘ «Жаңа жыл»</li> </ol>
5	Қаңтар	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «Пәтердегі өрт»</li> <li>2. Суреттер мен жағдаяттарды қарастыру</li> <li>3. Ойын: «Мұқият тыңда!»</li> <li>4. С. Я. Маршактың шығармашылығынан «Сіріңке туралы ертегі»</li> <li>5. ҰОӘ «Өрт шыққан жағдайда»</li> </ol>
6	Ақпан	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «От – тілсіз жау». Суреттерді қарастыру</li> <li>2. Ойын: «Оттың қаупі»</li> <li>3. Б. Житковтың шығармашылығынан «Өрт»</li> <li>4. ҰОӘ «Өртсөндіруші – балалардың қонағы»</li> </ol>

7	Наурыз	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өрт сөндіру көлігімен танысу</li> <li>2. Ойын: «Қателеспе»</li> <li>3. Б. Житковтың шығармашылығынан «Мен не көрдім?»</li> <li>4. ҰОӨ «Өрт сөндіру көлігі»</li> </ol>
8	Сәуір	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «Абайла! Электрқұралдар»</li> <li>2. «Біздің көмекшілеріміз – электрқұралдар» суреттер қарастыру</li> <li>3. Ойын «Сыммен ток жүреді»</li> <li>4. ҰОӨ «Біздің досымыз – үтік»</li> </ol>
9	Мамыр	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «Асхана – ойын орны емес»</li> <li>2. Ойын «Қауіпті заттар – өрт себепкері»</li> <li>3. Оқу шығармашылығы «Мысық үйшігі»</li> <li>4. ҰӨӘ «Мысық үйшігі»</li> </ol>

#### № 1.1 «101 қызметі» туралы әңгімелеу

**Тәрбиеші:** Балалар, сендер оттың адамға пайдасын білесіңдер. Ол жылу береді, зымыранды әуеге ұшырады, көлікті жүргізеді. Ал отпен абай болмаса, ол – жау. Ешкімді аямайды. Жолына тосқауыл болғанның барлығын өртеп жібереді.

Өрт кездейсоқ орын алмайды. Көбіне, ол адамның қателігінің нәтижесінде орын алады.

**Ойын:** «Жас өртсөндірушілер»

(2 топқа боліну)

1) «101»-ге қоңырау шалу;

2) Мекенжайды айту;

3) Шақырту алған өртсөндірушілер каскаларын киіп, отты сөндіреді.

– Өрт болған жағдайда, қай нөмірге хабарласу керек?

**Балалар:** «101»-ге!

#### № 1.2 «Өрт» тақырыбына байланысты суреттер қарастыру

#### № 1.3 Ойын: «Өрт болған жағдайда....»

**Мақсаты:** Өрт сөндіру ережелерімен таныстыру, бекіту, тығырықтан қалай шығу керектігін үйрету.

**Тәрбиеші:** Өрт болған жағдайда бірінші қандай заттарды қолдану керек? (суреттердің арасынан таңдайды)

Неліктен ол затты ең бірінші алдыңдар, тағы да қандай зат қажет, т.б. сұрақтар қойып, тығырықтан шығу амалын іздестіру.

#### № 1.4 «Кішкентай сіріңке»

##### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** «Әлеуметтік орта»

**Бөлімдері:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Тақырыбы:** «Кішкентай сіріңке»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балаларда оттың пайдасы мен зияны туралы түсінік қалыптастыру.

**Дамытушылық:** ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** өрт болған жағдайда дұрыс шешім қабылдай білу дағдысын қалыптастыру және әдептілікке тәрбиелеу.

**Қостілділік компонент:** огонь – от, большая беда – үлкен кесепат.

**Сөздік жұмыс:** өрт сөндіру бекеті, мұқият болмау.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. <b>Ойын</b> «Ауа, от, жер, су»	
	Жер!	Балалар отырады
	Ауа!	Қолдарын жоғары көтереді
	Су!	Қолдарымен толқынды бейнелейді
	От!	Орындарында тұрып айналады
	Кіріспе: <i>Тәрбиеші Л. Толстойдың «Өрт» деген әңгімесін оқығанын айтады.</i>	Балалар тәрбиешіні тыңдайды

<p>Ұйымдас- тыру-іздер- тіру</p>	<p><i>Тәрбиеші әңгімені оқиды. Балалармен әңгімелеседі.</i>  <b>Тәрбиеші:</b> Балалар! Егер де сіріңкемен ойнайтын болсаңдар немесе отты керек емес жерде жағатын болсаңдар, ол дұрыс па?  <i>Сіріңкенің киімін киген адам кіреді.</i>  <b>Сіріңке:</b> Сендер менің кім екенімді білесіңдер ме?  <b>Тәрбиеші:</b> Иә, біз сені таныдық. Сенің себебіңнен ғой  Л. Толстойдың әңгімесіндегі кішкентай қыздың үйі өртеніп, өзі де жанып кете жаздағаны.  <b>Сіріңке:</b> Менің еш кінәм жоқ. Ол қыз өзі кінәлі.  <b>Сіріңке:</b> Егер отпен абай болмаса, үлкен апат болуы мүмкін. Бірақ менің пайдамның да барын естен шығармаңдар.  <b>Сіріңке:</b> Егер де, балалар, сендер сіріңкемен ойнасаңдар, қолдарыңды күйдіріп аласыңдар. Ал жанып тұрған сіріңке абайсыз жерге түсетін болса, ол түскен жерін бірден өртеп жібереді.</p>	<p>Жоқ!</p> <p>1-бала: Мүмкін, балалар, сендер оттың адамға әкелер пайдасы туралы білетін шығарсыңдар?</p> <p>Балалардың жауабы</p> <p>Өрт сөндіру қызметін шақыру керек</p>
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар, өрт болған жағдайда не істеу керек екенін білесіңдер ме?</p>	



	<p><b>Тәрбиеші:</b> Ал оны қалай шақыру керек?</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар, бәріміз қайталайық: «Өрт сөндіру қызметінің нөмірі 101». Ал мен өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалайын да, мына сіріңкемен не істеу керек екенін сұрап білейін. (<i>Қоңырау шалады</i>).</p>	101-ге қоңырау шалу керек
	<p><b>Өртсөндіруші:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Балаларға сіріңкемен ойнауға болмайды. Ол өте қауіпті.</li> <li>• Егер өрт орын алғанын көрсендер, бірден ересектерге ескертіндер.</li> <li>• Өрт орын алған жағдайда диванның астына, шкафтың ішіне жасырынуға болмайды. Балабақшада сіріңкеге орын жоқ!</li> </ul> <p><b>Тәрбиеші:</b> Естідің бе, сіріңке! Сенің орның асүйде. Сондықтан да асүйдегі орныңа барып, анама тамақ әзірлеуге көмектес. (<i>Сіріңке кетеді</i>).</p>	Балалар өртсөндірушінің айтқандарын мұқият тындайды
Рефлексивтік-түзетушілік	<p>Қорытынды.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар, өртену қаупі орын алмауы үшін қандай ережелерді сақтау керек? Кәне, бәріміз қосылып қайталайық. «Жуз бір қызметі» тақырыбында әңгімелесу.</p>	Балалар тәрбиешіге қосылып, ережелерді қайталайды

*Күтілетін нәтиже*

*Немі біледі?*

Өрт қауіпі орын алған жағдайда дұрыс әрекет жасауды біледі.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Сіріңкемен ойнауға болмайтындығын, оның өте қауіпті болатындығын түсінді.

*Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:*

«101» жедел қызметі туралы нақты ақпарат алып, қандай жағдайда және қалай шақыруға болатындығын меңгерді.

## **№ 2.1 Әңгімелеу «Балалар отпен ойнаған кезде...»**

**Тақырыбы:** «Балалар отпен ойнаған кезде...»

**Мақсаты:** Балаларға өрт қауіпсіздік шаралары туралы білім беріп, қауіпті әрекеттерден сақ болуға үйрету.

**Буратино келеді:** – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, егер сендер сіріңкемен, отжакқышпен ойнасаңдар, өрт орын алуы мүмкін бе?

**Буратино:** Өрт көп жағдайда абай болмағандықтан орын алады. Жаңа ғана бәрі жақсы болып көрінгенімен, бір кезде алау тұтанып, тұншықтырғыш түгін пайда болуы мүмкін.

Бір күні мен мынадай жағдайдың куәсі болдым. Жолда менің алдымда екі ер бала келе жатты. Олардың біреуінің қолында сіріңке қорабы бар екен. Ол сіріңкені жағып, жерге тастай салды. Абырой болғанда, соғып тұрған самал жел отты бірден сөндіріп тастады. Мұнымен шектелмей екі бала жолдың шетінде үйілген құрғақ жапырақтарды көріп, соны жағуға бет алды.

Мен олардың бұл әрекетін тоқтатып, сіріңке қорабын өзіме алып, кішігірім жапырақтардан басталған өрттің шөптер мен кепкен бұтақтарға тарап, үлкен от шығатынын түсіндіріп айттым. Ал егер жанған сіріңке үйілген майлы шүберектерге түссе, одан өрттің бірден лаулап жанатындығын ескерттім.

Ересектер сіріңке мен оттықты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керектігін естерінде сақтауы керек!

Бұл ойыншық емес, өте қауіпті заттар!

Қымбатты балалар! Бұлармен ешқашан ойнамаңдар! Ескі газеттерді, қағаздарды жақпаңдар!

Мақалды есіңде сақта: «Бір қорапшада жүз тілсіз жау!»

Айтпақшы, балалар, неге бұлай айтылады деп ойлайсындар? Дұрыс! Өйткені, бір қорапта бірнеше сіріңке бар және олардың әрқайсысы өрттің себепкері болуы мүмкін.

## № 2.2 Өқу «Қауіпсіздік ережелері» (тақпақтар)

Оттұтатқыш пен сіріңке  
Кіп-кішкентай, кішкентай.  
Меніменен ойна, – деп,  
Мен жуаспын, қолды, – деп  
Ойыншықтар, ол жаман,  
Диванды да жағады,  
Жастықты да жағады,  
Кітаптар, үстел, кілемше  
Ләзде күлге айналады.  
Есімізде сақтайық  
Сіріңке – ол ойыншық емес,  
Әр азамат білу керек  
«101» деген санды,  
Ойланбастан, хабарлас!

Бірінші ереже:

Орманда ол тұтатып,  
Жылынамыз біз оған.  
Тамақты да пісіріп  
Үлгереміз біз оған.  
Қайтарыңда тек оны  
Өшіруге ұмытпа!

Екінші ереже:

От пен түтін жаулап алса,  
Телефонсыз болмайды.  
Тез жатталатын нөмірді,  
Мекенжайды ұмытпа.

## № 2.3 ҰӨӘ «Сіріңке – ойыншық емес»

### № 3.1 Әңгімелеу «Өртсөндіруші батыр отпен күреседі»

### № 3.2 «Өрт» тақырыбына байланысты суреттер қарастыру

### № 3.3 «От – адамның досы және қасы»

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Бөлімдері:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Тақырыбы:** «От – адамның досы және қасы»

**Мақсаты:** Адам өміріндегі оттың пайдасы мен зиянын түсіндіру


**Білімділік:** балаларға оттың пайдасы және зияны туралы түсінік беру; от қауіптілігі туралы ұғымын түсіндіру, өмір қауіпсіздігі дағдыларын қалыптастыру.

**Дамытушылық:** сөйлеу қабілетін дамыту, өз ойларын дұрыс жеткізе білу.

**Тәрбиелік:** өзінің және айналасындағы адамдардың денсаулығын қорғауға тәрбиелеу. Кездейсоқ өрт болған жағдайда дұрыс шешім қабылдай білу дағдысын қалыптастыру.

**Қостілділік компонент:** от – огонь, дос – друг, жау – враг.

**Сөздік жұмыс:** өрт қауіпсіздігі, электр құрылғылар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Кері байланыс». Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне гүлді ұсынып, жылы лебіздерін айтады.	Өз тілектерін білдіреді.
Ұйымдастыру-ізвестіру	– Балалар, «от» деген сөзді естігенде, ойларыңа не келеді?  <b>Тапсырма:</b> Аталған атаулардың отқа қатысы бар екенін әр топ дәлелдеп береді. I топ: Жылу II топ: Жарық III топ: Тамақ IV топ: Қолайлы жағдай туғызады	«Жылу», «Жарық», «Тамақ», «Қолайлы жағдай туғызады» деген топтарға бөлінеді

– От адамға керек. От – адамның көмекшісі. От үйді жылытады. Мектепте, зауытта, фабрикада жылу болу үшін от жағылады. Егер от жанбаса, адамдар суық жерде жұмыс істей алмайды, балалар суық жерде оқи алмайды.

– От үйге жарық береді. Жарықты майшамды жағу арқылы алуға болады.

– Пеште от жағу арқылы адамдар тамақ жасайды, шайын қайнатады, нан пісіреді.

– Табиғи газ жаққан кезде от бөлініп шығады. Бұл адамдар үшін өте қолайлы. Көпқабатты тұрғын үйлерде газлиталар қолданылады.

Тәрбиешінің түсіндірмесі:

– Алғашқы адамдар екі тасты бір-біріне қатты соғу арқылы от тұтатуды үйренген. От – адамның алғашқы көмекшісі. Егер өрт қауіпсіздік ережелерін дұрыс сақтамай, отқа еркіндік беретін болсақ, адам өміріне қауіпті жағдайлар туындайды.

**Табиғи жағдайдан болатын апат.**



Адамның қауіпсіздік техникасын сақтамауынан пайда болатын өрт.

*Табиғи жағдайдан болатын апатқа* жаңбырлы күні найзағай ұшқынынан болатын өрт жатады.

	<p>Жазда күннің қатты ыстық болуынан құрғаған шөп тұтанып, өрт шығады. Бұл да табиғи жағдайдан болатын апат.</p> <p><b>Адамның қауіпсіздік техникасын сақтамауынан болатын өрт.</b></p> <p>Енді адамдар қауіпсіздік техникасын сақтамаса, қандай өрт түрлері болатындығын атап көрсетейік:</p> <p>– Қазір адамдар қолайлы өмір сүру үшін көптеген техникалық жабдықтарды: электршайнек, газплита, шаңсорғыш, теледидар, магнитофон пайдаланады. Осы техникалық құралдарды дұрыс қолданбаса өрт шығады. Бір ток желіге бірнеше электр жабдықтарын қосуға болмайды. Себебі, электр тогы тартылған сым қызып кетеді де, өрт шығады.</p> <p>Үйден шығарда өте мұқият болу керек. Электр жүйесінде қосылып тұрған шайнекті немесе үтікті өшіруді ұмытып кетсек, онда электр жабдығы қызып балқиды да, өрт шығады.</p> <p>– Үй иелері ұмытып, өшірілмеген газплита – өте қауіпті. Плитадағы сүт тасып, жанып тұрған газды өшіреді, осыдан үйдің ішіне газ толып кетеді. Енді осы кезде сіріңке жағып немесе жарыққосқышты қоссақ, газ жарылуы мүмкін.</p> <p>– Бір өкініштісі, осындай өрт түрлері мереке күндері де кездесіп жатады. Мысалы, жаңа жыл мейрамында пиротехникалық құралдарды, яғни, бенгал шырағын, тар-</p>	
--	---	--

сылдақты, отшашуды дұрыс қолданбаса, өрт шығады. Пиротехникалық құралдардың ұшқыны тез тұтанатын затқа тикюден сақ болу керек.

– Өрттің пайда болуы отқа немқұрайлы қараудан шығады. Өшірілмеген темекі немесе сіріңке бүкіл бір үйді өртеп жіберуі мүмкін. Үйде, шатырда, балконда сіріңкемен өте сақ болу керек.

#### **Төтенше жағдай тұғызу**

Сіз үйде теледидар көріп отырсыз. Біраз уақыттан кейін электр желіден түтін шықты. Ажыратқыштан токты суырып алын тастайын десеңіз, ажыратқыш істен шыға бастады. Сендер не істер едіңдер? Берілген жауапты ретімен атап көрсетіндер.

1. Керекті құралдарды алып, желіні жөңдейсіндер.
2. Ата-анаға хабарлайсындар.
3. Ток желісін қиып тастайсындар.
4. Үйге келіп тұрған токты өшіріп тастайсындар.
5. Шайнекке су толтырып, түтіндеп тұрған жерге шашасындар.
6. Тұншықпау үшін терезені ашасындар.

Рефлексивті-  
түзетушілік

#### **Қорытындылау**


– Балалар, сонымен бүгін сабақта не өттік? Бүгінгі сабақтан алған білімдерінді тексеру үшін әр топқа жеке сұрақ беріледі, сол сұраққа жауап береміз.

I топ: Оттың пайдалы жақтары

II топ: Оттың зиянды жақтары

III топ: От туралы өлең

#### IV топ: От туралы мақал-мәтел



*Күтілетін нәтиже*

*Негіз біледі?*

**Оттың пайдалы жақтарын біледі.**

*Қандай түсініктерді игерді?*

**Оттың пайдасы және зияны туралы түсініктерді игерді.**

*Меңгерген дағдылары мен біліктері:*

**Алған мағлұматты түсініп, оны байланыстырып, айта білуді меңгерді.**

**№ 4.1 «Жаңа жылдық шырша бізге қуаныш әкелсін!» тақырыбында әңгімелесу**

**Мақсаты:** Шыршаны безендіруге болмайтын тез жанғыш ойыншықтар туралы түсінік беру, таныстыру.

*Буратино жасанды шыршамен бірге келеді.*

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қарандаршы, мен өзіммен бірге не алып келдім? Шыршалар қандай болатынын анықтайық. Иә, табиғи және жасанды. Табиғи шыршаны арнайы саяжайда біз үшін өсіреді. Үлпілдеген шырша біздің үйге орманның хош иісін әкеледі. Оны әдетте топырақ салынған шелекке берік етіп орналастырады. Шыршаны үй жылытқысының жанына тақап қоюға болмайды. Қалай ойлайсыңдар, неге?

– Дұрыс! Үй жылытқысынан жылу тарағандықтан, шырша тез құрғап, сарғайып, өзінің жасыл тікендерін жоғалтады. Оны айналып, өлең айту үшін шыршаны бөлменің ортасына орнатады. Жасанды шыршаны пластмассадан жасайды. Ол құрғап, сарғайып, өз тікенде-



рін жоғалтпайды. Алғашқы күндері табиғи шырша дымқыл болғандықтан, ол нашар жанады. Кепкенде, өртке себеп болуы мүмкін. Жасанды шырша жанса, улы иіс тарап, адам улануы мүмкін.

Қымбатты балалар! Өрттен сақтану үшін шыршаны қалай безендіру және безендірілген шыршаның жанында өзінді қалай ұстау туралы сөйлесейік. Оны еденге орнату үшін алдымен кілемді алып тастау керек. Егер де от ұшқыны кілемге тисе, жануы мүмкін. Балалар, егер шыршаны есікке жақын қойса, не болады? Неге? Дұрыс айтасыздар, өрт болған жағдайда, басқа бөлмеге оңай өту үшін есік оңай ашылу керек.

Электр гирляндамен әшекейлеу үшін алдымен не істеу керек? Шамдардың бүтіндігін, сымы мен айырын тексеру керек.

Қалай ойлайсындар, ұзын түрлі түсті майшамдармен әшекейлеуге бола ма? Әрине, жоқ. Шыршада ашық от болмау керек. Бұл өте қауіпті. Шыршаны мақтамен әшекейлеуге болмайды, ол өте тез жанғыш зат. Шыршаның жанында бенгал оттарын және т. б. отшашуларды жағуға бола ма? Неге? Оны қай жерде пайдалануға болады? Дұрыс, далада, үйлерден алшақ жерлерде жандырған дұрыс. Отшашудың ұшқындары балконға түсіп, өрт шыққан жағдай көп болған. Балконда ескі заттар болса, олар жанып, өрт шығуы әбден мүмкін. Естеріңе сақтаңдар, балаларға шырша тұрған бөлмеде жалғыз қалуға болмайды. Бізде бүтін бір қызық әңгіме болды. Менің кетуім керек, балалар! Кездескенше! Барып шыршаны әшекейлейің!

**№ 4.2. «Жаңа жылдық отшашу несімен қауіпті?» тақырыбында суреттерді қарастыру.**

### **№ 4.3 «Жаңа жыл»**

#### **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**Тақырыбы:** «Жаңа жыл»

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімдері:** Қауіпсіз тәртіп негіздері

**Мақсаты:**

**Білімділік:** балаларға отпен ойнауға болмайтынын, оның қауіпті екенін, оны дұрыс қолданбаса, арты жаман болатынын түсіндіру керек.

**Дамытушылық:** шығармашылық дамыту.

**Тәрбиелік:** өзінің істеген ісіне жауап беруге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** Жаңа жыл, шырша.

**Қостілділік компонент:** безендіру – оформление.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Ғажайып шырша» – Балалар, сендер Жаңа жыл мерекесін қалай қарсы аласыңдар?	Балалар Жаңа жыл мерекесін қалай қарсы алатындарын еске түсіріп айтады.
Ұйымдастыру-іздігі	<p><b>Тәрбиеші:</b> Мен сендерге ормандағы тұрғындар Жаңа жылға қалай дайындалып жатқандарын айтамын. Балалар, қазір орманда Жаңа жылға қызу дайындық жүріп жатыр. Аңдардың шыршаны қалай безендіріп жатқанын көргілерің келе ме? Қазір мен сиқырлы таякшамен серпіп қаламын және сиқырлы сөзді айтамын, сонда біз қояндар мен тиіндерге қонаққа барамыз. «Қар ұшқындары – үлпілдектер, айналдырындар, бізді орманға апарындар».</p> <p><b>Қоян.</b> Жақында мереке, тиінжан, ал бізде шырша әлі безендірілген жоқ. Ана қоян орманнан келгенше, тосын-сый жасайық, шыршаны безендіріп қояйық.</p> <p><b>Тиін.</b> Жарайды. Сенің анаң ойыншықтарды дайындамады ғой. Шыршаны немен безендіреміз?</p> <p><b>Қоян.</b> Мен таптым. Менде бенгал шамдары бар, кара, олар көп. Қазір біз оларды</p>	Тәрбиешінің айтқандарын балалар мұқият тыңдайды.

	<p>алып, шыршаның таяқшаларына байлап қоямыз, кейін жаққанда олар жарқырайды.</p> <p><b>Тиін.</b> Ақ мақтаны да қойсақ, ол қар болады.</p> <p><b>Қоян.</b> Тыңдашы, тиінжан, шыршаның астына нағыз шамды жағып қойсақ, ол жанғанда өте әдемі болады. <i>(Есік қағылды, қоянның анасы келді).</i></p> <p><b>Тәрбиеші</b> (ақырын балаларға): Аңдарға кедергі жасамайық, олар бізді сосын шыршаға шақырады. Балалар, мен өте қуаныштымын, қоянның анасы уақытында келді. Егер де анасы келмесе, қайғы болуы да, өрт болуы да мүмкін еді. Не себептен екенін түсіндіңдер ме?</p>	
	<p>Дұрыс, шырша тұрған жерге бенгал шамдарын жағуға болмайды, себебі жарқыраған от шыршаның тікеніне тиіп, от шығуы мүмкін. Мақтамен де безендіруге болмайды, ол тез жанады. Шыршаға жақын жерге шамды жақпайды, шырша жанып, жерге құлауы мүмкін.</p>	<p>Шырша тұрған жерге бенгал шамдарын жағуға болмайды.</p>
	<p><b>Сергіту сәті</b> «Сұр қоян отыр» Құлағымен қозғалтып, Қоян тоңып қалды.</p>	<p>Балалар көрсетеді.</p>
	<p>Қолдарды жылытайық, Бір-екі қолды жылытайық.</p>	<p>Шапалақ соғады.</p>
	<p>Қоян тоңып қалды,</p>	<p>Балалар секіреді.</p>

	Қоянға секіру керек.	
	Қоянды біреу қорқытты. Қоян секірді және кетіп қалды. <i>Тәрбиеші «Шыршаны немен безендіреміз» дидактикалық ойынын ұсынады.</i>	Балалар орнына отырады.
Рефлексивті-түзетулік	Қорытындылау. Біз не білдік? Отпен ойнауға болмайтынын, оның қауіпті екенін, оны дұрыс қолданбаса, арты жаман болатынын білдік.	Балалар өз ойларын айтады.

*Күтілетін нәтиже.*

*Негіз біледі?*

**Жаңа жыл мерекесінің ерекшеліктерін меңгерді.**

*Қандай түсініктерді игерді?*

**Балаларға отпен ойнауға болмайтынын, оның қауіпті екенін игерді.**

*Меңгерген дағдылары мен біліктері:*

**Өзінің істеген ісіне жауапты екенін білді.**

### **№ 5.1 «Пәтерден өрт шықса» тақырыбына әңгімелесу**

**Мақсаты:** Балаларды өрт қауіпсіздігі тәртібімен, өрт кезіндегі тәртіп сақтау ережелерімен таныстыру.

Буратиноның келуі.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендермен өрт туралы сөйлесуге келдім.

– Өрт неден шығуы мүмкін?

Дұрыс, электр құралдарды сөндіруді ұмытса, электр сымдарына зақым келсе, сөндірмеген шылымнан, шақпақ, сіріңкемен балалар ойнаса, өрт шығуы мүмкін.

– Балалар, өрт шықса, не істеу керек?

– Үйде ересектер болса, дереу оларға хабарлау керек! Ал үйде жалғыз болсаң?

– Дұрыс, өртсөндірушілер бригадасын шақыру керек. Ол үшін 101 нөміріне телефон шалу керек. Осы нөмірді есте сақтаңдар. Телефонмен нық, өзіңнің толық мекенжайыңды: көшені, үйдің нөмірін, пәтердің нөмірін, қабатын айту керек. Өз мекенжайларыңды білесіңдер ме?

– Ең бастысы, үрейге жол бермеу, өзім өшіремін деп уақытты жіберіп алмау керек. Өртсөндірушілер бригадасын шақырып, есікті жауып, далаға дереу шығу керек. Көршілерге хабарлау қажет.

Өрт кезіндегі тәртіп сақтау ережелерін есте сақтау керек:

1. Өрт шыққан үйдің терезесін және есіктерін шалқасынан ашуға болмайды, онда от күшейе түседі.

2. Электр жүйелерін сумен сөндірме, ток соғады! Оларды алдымен токтан суырып алу қажет.

3. Өрт кезінде түтін де өте қауіпті. Заманауи жиһаздар жанған кезде улы газдар бөлінеді. Бір-екі рет сол түтінді жұтқан адам есінен танып қалады. Сондықтан бетіңді су орамалмен орап, еңкейіп, дереу есікке қарай жылжу керек. Жанған болмеден дереу шығып кету керек!

Балалар, осы ережелерді есте сақтадыңдар ма?

Жарайсыңдар! Олай болса, басқа балаларға да осыны жеткізейін! Сау болыңдар!

## № 5.2 Суреттер мен жағдайларды қарастыру

### № 5.3 Мұқият тыңда!

#### *Дидактикалық ойын*

**Ойынның мақсаты:** өрт қауіпсіздігін сақтау тәртібі туралы білімдерін бекіту.

#### **Ойын барысы.**

Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды, балалар: «Бұл мен ғой, бұл мен ғой, қасымдағы досым ғой!», – деп бірге жауап береді.

- Көре сала түтінді, кім «101»-ді шақырды?
- Отты көріп, айғайлап, кім жүгірді ойбайлап?
- Інісінен тартып ап, кім сіріңке лақтырды?
- Кім ойнайды от-пешпен, тоқшайнек пен үтікпен?
- Кім газ отын қызықтап, айналшақтап шықпайды?

## № 5.4 Самуил Маршак. Сіріңке туралы ертегі

Өр нәрсенің мінезі,  
Өзіне тән болады,  
Арғы атам текті деп,  
Шу шығарды сіріңке.  
Атам менің – Қарағай,  
Қарағайдан бір бұтақ,  
Білсең, сіріңке мен болам,  
Аулақ менен, балақай!  
Оңтүстікте туыппын,  
Шөлімді шықпен басыппын.  
Түрлі құстың әнімен  
Атырыппын таңымды.  
Жау түсіпті еліме,  
Балгалапты жерімді.  
Арғы атам кемеде  
Грот-мачта болыпты!

#### **№ 5. 5 «Өрт шыққан жағдайда»**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Тақырыбы:** «Өрт шыққан жағдайда»

**Бөлімдері:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Мақсаты:** Балаларға өрт шығуының себептері туралы түсінік беру, өрт қауіпсіздігінің тәртібімен таныстыру.

**Білімділік:** қауіпсіздік туралы түсініктерін бекіту, қауіпсіздік ережелерін сақтау міндет екендігін ұғыну; өзінің мекенжайы туралы білімдерін бекіту; телефонмен 101 нөміріне қоңырау шалып, өрт бөлімшесі кезекшісімен хабарласуды үйрету.

**Дамытушылық:** зейінін, дұрыс сөйлеу дағдысын дамыту, ойлау қабілеттерін жетілдіру.

**Тәрбиелік:** өрт кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету.

**Сөздік жұмыс:** кезекші

**Қостілділік компонент:** огонь – от, друг – дос, пожар – өрт, тепло – жылу.

**Құрал-жабдықтар:** доп, 2 телефон, тақырып бойынша суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	«Бәріміз біргеміз, бәріміз көңілдіміз». <i>Тәрбиеші балалармен бірге өлең сөздерін қайталайды.</i>	Біз көңілді баламыз, шаттық әнге саламыз. Би билейміз дөңгелеп, біз өнерлі баламыз.
Ұйымдастыру-іздістіру	<p>– Өткен сабақта біз от туралы айттық.</p> <p>От – табиғаттың кереметтерінің бірі. От адамға жылу береді, отқа ас пісіреміз. От біздің досымыз. Егер от адамның қарауынан шықса, қауіпті жауға айналады, өрт болады. Өрт ешкімді аямайды, өрттің жалынында темір де балқиды, зәулім үйлердің мықты іргелері де құлап, адамдар мерт болады.</p> <p>Өрт неден шығады деп ойлайсындар?</p> <p>– Сондықтан, өрт шықпас үшін, ең басты ереже: балалар сіріңкемен ойнамау керек. Өрт шығу себебінің бірі – балалардың сіріңкені қолына алуы.</p> <p>Тында мені, балақан, Аулақ жүр сен сіріңкеден. Отпен ойнау қауіпті, Өрт шығады ойыннан.</p> <p>- Сендер жалғыз қалғанда өрт шықты делік. Отты немен сөндіресіндер?</p> <p>– Ал сөндіре алмаған жағдайда қайда хабар бересіндер?</p> <p>– Қандай нөмірге?</p> <p><i>Суретті байқау.</i></p>	<p>Балалар сіріңкемен, шақпақпен ойнаса, теледидарды, үтікті өшірмесе, газбен дұрыс пайдаланбаса.</p> <p>Сумен, көрпемен жауып, өрт бөлімшесіне телефон шалу 101</p>

	<p>Тілсіз жауды жеңем деп, Уақытты кетірме. Жедел хабар берсең сен, Жетіп келер зуылдап, Қызыл түсті көліктер. Өртке қарсы шығады, Өртсөндіруші ағалар.</p> <p>Бізде телефондар бар, кәне, өртсөндірушілерді шақырып үйренейік. Мен өртсөндірушілер бөліміндегі кезекші боламын, ал сен өрттен зардап шеккен боласың.</p> <p>Зардап шегуші мен өрт бөлімшесіндегі кезекшінің сұхбаты.</p>	<p>– Менің үйімде өрт шыққан жағдайда, өзім сөндіре алмасам, телефонмен 101 нөміріне қоңырау шалып, өрт шыққанын хабарлап, мекенжайды айтамын.</p>
	<p><b>Тәрбиені:</b></p> <p>– Балалар, өрт шықты деп хабарладыңдар, енді не істеу керек? Жауаптарын қорытындылай келе, осындай ережелерді сақтау қажет екеніне көз жеткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– От шыққан бөлмеден есігін жауып, шығып кету;</li> <li>– Есікке еңбектеп, не еңкейіп жүру (түгін төменде аз);</li> <li>– Төсек, диван, үстелдің астына тығылуға болмайды;</li> <li>– Ересек адамдарды шақыру;</li> <li>– Өртсөндірушілер келгенде қорықпай, айтқандарын орындау.</li> </ul> <p>4. «Сөзді жалғастыр» ойыны.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Шеңберге тұрып, ойын ойнайық. Мен тақпақты бастаймын да, допты кімге лақтырсам, сол тақпақты аяқтайды.</li> </ul> <p>Отпен ойын ойнасаң, Соңы жаман болады, Ток, сіріңкеге жоласаң, Ойыннан от ... .</p>	<p>Балалардың жауаптары</p> <p>шығады.</p>



	Бір, екі, үш, төрт. Қай пәтерден шықты өрт? Бәрі жанып, күйіпті, Сөндірмепті ...	үгікті.
	Іргесіне қораның, Үйін шөпті жағыпты, Отты көріп, қорқыпты, Далаға қарай ...	қашыпты
	Ұмытпаймыз, есте жүр Мына нөмір: ...	101
Рефлексивті- түзетушілік	<b>Қорытынды.</b> Не естерінде қалды?	– Ересек адамдарды шақыру; – Өртсөндірушілер келгенде қорықпай, айтқандарын орындау.
	Қандай заттар балаларға қауіпті?	Сіріңке, үтік.

*Күтілетін нәтиже.*

*Нені біледі?*

Қауіпсіздік ережелерінің түсініктерін білді.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Телефонмен 101 нөміріне қоңырау шалып, өрт бөлімшесі кезекшісімен хабарласуды үйренді.

*Меңгерген дағдылары мен біліктері:*

Өрт шыққан жағдайда дұрыс әрекет етуді біледі.

**№ 6.1 «Өт – тілсіз жау» тақырыбында әңгімелесу және суреттерін қарастыру**

**№ 6.2 Ойын тақырыбы: «Оттың қаупі»**

**Тәрбиеші:** Балалар, сендер оттың адамға пайдасын білесіңдер, ол жылу береді, зымыранды көкке ұшырады, көлікті жүргізеді. Ал отпен абайсыз болса, ол – жауға айналады. Ешкімді аямайды, ештеңені қалдырмайды. Өрт кездейсоқ болмайды. Ол – адамның қателігінің нәтижесі.

**«Жас өртсөндірушілер» ойыны (2 топқа бөліну).**

- 1) «101»-ге телефон соғу.
  - 2) Мекенжайды айту.
  - 3) Өртсөндірушілер өрт құбыршегін тарқатып, каскаларын киіп, отты сөндіреді.
- Өрт болған жағдайда қай нөмірге хабарласу керек?  
Балалар: «101»-ге!

### **№ 6.3 Борис Житков шығармашылығы. «Өрт»**

Мадияр анасымен және әпкелерімен жоғарғы қабатта, ал төменгі қабатта мұғалім тұрды. Бір күні анасы қыздармен шомылуға кетеді. Ал Мадияр болса, үйді күзетуге жалғыз қалыпты.

Барлығы кетіп қалғанда, Мадияр өзінің қолдан жасаған зеңбірегінің қолданып көрмекші болады. Ол темір түтіктен жасалған. Орта-сына дейін оқ-дәрімен толтырылып, артқы жағы оқ-дәріні жағуға арналған.

Бірақ Мадияр қанша тырысса да, оны жандыра алмады. Мадияр қатты ашуланып, ас бөлмеге барды. Газплитаға жоңқаны салып, оны керосинмен құйып, үстіне зеңбіректі қойып, оны жағады. «Енді атып жіберетін шығар!»

От жанып, газплитасы ысып, бір уақытта қатты дыбыс шығып атылады. Мадияр шошып кетіп, үйден қашып шығады. Үйде ешкім болған жоқ, ешкім ештеңе естіген жоқ. Мадияр әрі қарай қашып кетті. Мұның бәрі өзі сөнетін шығар деп ойлады. Бірақ ештеңе сөнген жоқ. Одан да көп жана бастады.

Мұғалім үйіне келе жатқанда, жоғарғы жақтағы терезеден түтіннің шығып жатқанын көреді. Ол батырма орналасқан бағаншаға қарай жүгірді. Бұл өртсөндірушілерге қоңырау шалу батырмасы еді. Мұғалім шыныны сындырып, батырманы басты.

Қоңыраудың дауысы өртсөндірушілерге жетті. Олар жылдам өздерінің өрт сөндіру машиналарына бет алды. Олар бағаншаға жеткенде, мұғалім оларға өрттің қайдан шыққанын көрсетті. Өртсөндірушілердің машинасында сорғы болды. Сорғы суды тартады, ал өртсөндірушілер резеңкелі құбырлардан өртке су құя бастады. Олар терезеге сатыны тақап, үйде адамдар қалмағанын тексеру үшін үйге қарай көтерілді. Үйде ешкім болған жоқ. Өртсөндірушілер заттарды шығара бастады. Үйдің іші от болып жанып жатқанда, Мадиярдың анасы да жүгіріп келді. Милиционер өртсөндірушілерге кедергі жасамау үшін ешкімді жақындатпады.

Ең керекті заттар жанып үлгермепті, оларды өртсөндірушілер Мадиярдың анасына әкеліп береді. Ал Мадиярдың анасы: Мадияр жанып кеткен шығар, – деп айта, жылай берді. Өйткені, ол еш жерден көрінген жоқ.

Ал Мадияр ұялып, анасына жақындауға қорықты. Ұлдар оны көріп, жетектеп әкеледі.

Өртсөндірушілер жұмысты өте жақсы атқарды, төменгі қабатта тіпті ештеңе жанбаған. Өртсөндірушілер машиналарына отырып, кетеді. Ал мұғалім үйлерін жөндегенше, Мадиярдың анасын өзінің үйінде тұра беруіне шақырады.

#### № 6.4 «Өртсөндіруші балаларда қонақта»

##### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Бөлімдері:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Тақырыбы:** «Өртсөндіруші балаларға қонаққа келді» (өртсөндіруші ретінде – тәрбиеші)

**Мақсаты:** Балаларға «Өрт қауіпсіздігі» деген түсінікті қалыптастыру.

**Білімділік:** өрт шығу себептері туралы білімдеріп бекіту.

**Дамыту:** қимылдарын арттыру, шаппандықты, жылдамдықты, батылдықты дамыту; қимылдау ептіліктерін, вестибулярлық аппаратын дамыту.

**Тәрбиелеу:** бір-біріне мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өртсөндірушілерді мақтан тұту.

**Қостілділік компонент:** өртсөндіруші – пожарник.

**Сөздік жұмыс:** өртке қарсы құрылғылар, жаттығуға қатысу

**Құрал-жабдықтар:** оттың суреті, каска, шелек, конус.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Мен өскенде кім боламын?» Тәрбиеші музыканы қойып, шеңбер бойында тұрған бір баланың қолына қамшыны береді. – Балалар, біз бүгін сендермен эстафета өткіземіз. Эстафета 7 бөлімнен тұрады: 1. Ұйымдастыру кезеңі.	Шеңбердегі балалар қамшыны бір-біріне беріп тұрады, музыка тоқтағанда қамшыны ұстап тұрған бала өскенде кім болатынын айтады.

	<p>2. Қабылдауға дайындық .</p> <p>3. Өртке қарсы заттар туралы білімдерін бекіту.</p> <p>4. «Өртсөндірушілерді шақыру» эстафетасы.</p> <p>5. «Өрттің қаупі» тақырыбына әңгімелесу.</p> <p>6. «101» көмекке асығуда» эстафетасы.</p> <p>7. Өртсөндірушінің ақыл-кеңесі.</p>	
Ұйымдастыру-ізвестіру	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>2. Қабылдауға дайындық.</p>	<p>Балалар залға кіріп, жартышеңберге тұрады.</p>
	<p><b>Жұмбақ.</b> Отқа қарсы шығатын, Күресетін үрейсіз, Қаламызды сақтайтын, Айтындаршы, біз кіміз?</p>	Өртсөндірушілер
	<p>3. Өртсөндірушінің келуі. Әңгімелесу.</p> <p>Өртсөндіруші: Дұрыс. Естідім, сендер өрт туралы көп білесіңдер. Мен сендерге өртсөндірушілер болып, оқубайқауынан өтуді ұсыным келеді.</p> <p>Қалай, қарайсыңдар?</p>	<p>Балалар: – Келістік!</p>
	– Алдымен айтындаршы, өртсөндіруші қандай болу керек?	Балалар: – Батыл, шапшаң,...
	– Қандай адамды бұл жұмысқа алмайды?	Балалар: – Жалқау, қорқақ,...
	– Өртсөндіруші болу үшін не істеу керек? – Міне, сендер енді бәрін білесіңдер.	Балалар: – Спортпен шұғылдану керек, мейірімді болу керек...

101	<p><b>4. Өртке қарсы түсініктерді бекіту.</b>  <b>Доппен ойнау.</b></p>	Балалар шеңберге тұрады.
	<p>Өртсөндіруші:      – Өрт неден шығатынын білесіңдер ме?      Өртсөндірушінің қолында доп, ортада тұр.      – Мен тақпақты бастаймын, ал допты қағып алған бала аяқтайды.      Отпен ойын ойнасаң,      Соңы жаман болады.      Тоқ, шырпыға жоласаң –      Ойыннан от ...</p>	шығады.
	<p>Бір, екі, үш, төрт,      Қай пәтерден шықты өрт?      Бәрі жанып, күйіпті,      Сөндірмепті ...</p>	үтікті.
	<p>Іргесіне қораның      Үйіп, шопті жағыпты.      Отты көріп, қорқып,      Далаға қашып ...</p>	шығыпты.
	<p>Ұмытпаймыз, есте жүр      Мына нөмір: ..</p>	101
	<p>– Жарайсыңдар, тапсырманы орындадыңдар. Ал енді тәжірибеге көшеміз.  <b>5. «Өртсөндірушіні шақыру» эстафетасы.</b>      Өртсөндіруші: Балалар, сендер оттың адамға пайдасын білесіңдер, ол жылу береді, зымыранды көкке ұшырады, көлікті жүргізеді. Ал отпен абайсыз болса, ол – жау. Ешкімді аямайды. Ештеңені қалдырмайды. Өрт кездейсоқ</p>	

	болмайды. Ол – адамның қателігінің нәтижесі. Өртсөндіруші: – Қандай нөмірге телефон шалу керек?	101
	– Өрт сөндіретін көлік қандай түсті? Неге?	Қызыл
	– Өртке шыққан сөндірушілер үстіне не киеді?	– Брезент киім, ол су болмайды және отқа жанбайды. Басына каска киеді. Қолына қолғап, аяғына етік киеді.
	– Өртсөндіруші: Телефонмен нені хабарлау керек?	– Мекенжайды, атын, тегін, қайда өрт шыққанын.
	7. «101» көмекке асығуда» эстафетасы. Өртсөндіруші: Тили-бом, тили-бом ! Айғай-шу, не болды? Үйі жанды мысықтың, Шұбар тауық су тасып, Көршісіне жаны ашып.	
Рефлексивтік-түзетушілік	Өртсөндіруші: – Ал, сендер отты немен сөндіруге болатынын білесіңдер ме?	Сумен, құммен, қармен, кір жуатын ұнтақпен, брезентпен...
	Өртсөндіруші: – Бастарыңа каска киіп, қолдарыңа шелекті алыңдар. «Жылан» әдісімен жүгіріп, құрсаудан өтіп, «суды» құю керек. Содан соң артқа кері қайтып, келесі балаға шелекті беру керек. Өртсөндірушінің ақыл-келесі:	Балалар тапсырманы орындайды.

1. Өрт шыққан бөлмеде қалуға болмайды, дереу кетіп, көмек шақыру керек.

2. Бөлмеде тығылуға болмайды, өйткені түгін де қауіпті.

3. Түгін болған жағдайда еңкейіп жүру керек, ауыз бен мұрынды су орамалмен жабу керек.

4. Өрт шыққан жағдайда, дереу бөлмеден шығып, ересек адамдарға айту керек, жедел «101»-ге хабарласып, мекенжайды айту керек.

5. Үстінде киім жанса, жерге жатып, аунап, отты басу керек.

**Қорытындылау.**

Өртсөндіруші: Міне, байқауымыз аяқталды, сендерге алғыс айтамын, енді сендер «Жас өртсөндірушілер» деп аталасыңдар! (*Маранат-тайды*).

– Сендер өте батыл, ақылды, шапшаңсыңдар.

*Күтілетін нәтиже.*

*Нені біледі?*

**Өрт шығу себептері туралы.**

**Қандай түсініктерді игерді?**

**Өртсөндірушінің ақыл-кеңесін игерді.**

**Меңгерген дағдылары мен біліктері:**

**Қимылдарын арттырды, шапшаңдықты, жылдамдықты, батылдықтың қандай екенін білді.**

**№ 7.1 Өрт сөндіру көлігін қарастыру**

## № 7.2 «Қателеспе» ойыны

**Мақсаты:** ортпен байланысты заттар туралы білімдерін бекіту. Шапшаңдықты дамыту.

**Тәрбиеші:**

– «Қателеспе» ойынын ойнайық. Мен сөздерді айтамын, ал сендер өртке байланысы бар сөз естігенде шапалақтап, секіріп қалуларың керек. Мүқият тыңдаңдар.

(кеседі, өртсөндіруші, торт, ара, қалам, каска, ойнайды, бояу, сіріңке, өрт құбыршегі, жалын, билет, 101, бинт, бетперде... )

Балалар кейбір сөздердің мағынасын түсіндіреді.

## № 7.3 «Мен не көрдім?» атты Б. Житковтың шығармашылығынан үзінді

### № 7.4 «Өрт сөндіру көлігі»

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімдері:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Тақырыбы:** «Өрт сөндіру көлігі»

**Мақсаты:** Өртсөндірушілердің күнделікті жұмысы туралы балалардың ой-өрісін кеңейтін, білімдерін бекіту, білімге құштарлығын ояту.

**Білімділік:** өрт сөндіретін көліктің сигналын түсіну, байланыс құралдарын білу (еркін сұхбат және сауалдар арқылы), өрт сөндіретін көлікті бейнелеуді үйрету.

**Дамытушылық:** есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** тәртіп сақтауды тәрбиелеу, өртсөндірушілердің мандығына қызығушылықтарын тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** Өрт сөндіретін көлік – пожарная машина.

**Қостілділік компонент:** жауынгер, өртсөндіргіш, сорғы, белгі оттары, дауыс белгісі (сирена).

**Құрал-жабдықтар:** ойыншықтар суреті, доп, сіріңке қорабы.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті



Мотивация-лық-козғаушылық	«Автокөлік» ойыны. Тәрбиеші белгі бергенде, топтың ішінде «автокөліктерін» бір-біріне «соғылыстырмай» жүргізеді.	Балалар үш-үштен бөлінеді. Бір-бірінің артына 1-бала – «бампер», 2-бала – «мотор», 3-бала – «жүргізуші» болып, қолдарының шын-тақтарынан ұстап тізіледі.
Ұйымдастыру-іздістіру	Тәрбиеші тақтаға қаланың суретін іледі де, суретке жалынды жапсырады. – Не болды?	– Өрт шықты.
	– Не істеу керек?	101-ге хабарлау керек.
	Өртсөндірушілер бөлімшесіне хабарлауды ұсынады. Мекенжайды, аты-жөнін айту керек екенін ескертеді.	2–3 бала бөлімшеге хабарлайды.
	– Көшеде өртсөндірушілердің көлігі зымырап келеді. (Дауысы естіледі). Көліктің белгі оттары бар, дауысты белгісі де бар. Олар басқа көліктер оған жол беру үшін керек.	Тәрбиешінің айтқандарын балалар мұқият тыңдайды.
	– Қандай көлік түрлері өртті сөндіруге көмектеседі? Көлік түрлерін көрсету, әңгімелеу. – Өрт сөндіретін көлікте сатысы бар, сорғы, өрт сөндіретін құбырлары болады және орталықпен байланысу үшін байланыс станциясы болады. Өрт	Су таситын, көбік, сатылары бар және сорғысы бар

	сөндіретін құбырлардан екпінмен су ағып, өртті сөндіреді. Биік қабаттарға көтерілетін сатылары да бар.	
	– Балалар, көлік неге қызыл түсті? Өртсөндіруші мамандығының иесі болу үшін батыл, шапшаң, қайратты, жігерлі және денсаулығы мықты болу керек.	Алыстан көру үшін, басқа көліктер жол беру үшін. Қызыл түс – оттың түсі.
	– Денсаулығын сақтау үшін өртсөндірушілерге не керек?	Денені шынықтыру керек.
	<b>Сергіту сәті</b> Тәрбиеші өртсөндірушілер өртті сөндіріп жатқанын суретке салуды ұсынады.	Балалар суретті салады.
	<b>«Өрттен сақта үйінді» викторинасы.</b> 1. Өрт шығуына қандай нәрселер себеп болуы мүмкін? 2. От шыққанын көргенде, не істеу керек? 3. Өртсөндірушілер бөлімшесіне қандай нөмірмен хабарласу керек? 4. Өртсөндірушілер көлігінің түсі қандай? 5. Отты немен сөндіреді? <b>Тәрбиеші:</b> Сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер. Өз үйлеріңді, туыстарыңды өрттен сақтаңдар!	Балалар дұрыс жауаптар айтады.

Рефлексивті-түзетушілік	Қорытындылау. Біз нені білдік? Өрт сөндіретін көлікте сатысы бар, сорғы, өрт сөндіретін құбырлары болады.	
-------------------------	---	--

*Күтілетін нәтиже.*

*Нені біледі?*

Өрт сөндіретін көлікте сатысы бар, сорғы, өрт сөндіретін құбырлары болатынын білді.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Балаларға отпен ойнауға болмайтынын, оның қауіпті екенін игерді.

*Меңгерген дағдылары мен біліктері:*

Өз ісіне жауапты екенін білді.

### № 8.1 «Абайла: электрқұралдар!» тақырыбына әңгімелесу

**Мақсаты:** электрқұралдар туралы, онымен өрт болған жағдайда қауіпсіздік ережесін сақтау керек екенін түсіндіру.

Буратино келеді: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Біздің үйде тұрған электрқұралдар өте қауіпті болуы мүмкін, – деп айтты маған.

Кәне, осыған тоқталайық! Естеріңде болса, айтындаршы, сендердің үйлеріңде қандай электрқұралдар бар? (Балалар айтып шығады).

– Міне, біз қаншама электрқұралдарды атадық. Бұл бірақ мұнымен біткен жоқ. Біз электршамы туралы айтуды ұмытып кетіпшіз: үстелүсті шамы, аспашам, торшер.

– Электр тоғы сымдар арқылы жүріп, барлық мына құралдардың жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Электр тоғы – біздің көмекшіміз! Ол болмаса, біз теледидарды көре, киімді үтіктей алмаушы едік. Бірақ электр тоғы қауіпті болуы мүмкін және өртке әкеліп соқтыруы әбден мүмкін.

– Ал, өрт не екенін кім біледі?

– Өрт неден пайда болады?

– Иә, біздің ұмытшақтығымыздан, ұқыпсыздығымыздан, асығыстығымыздан өрт пайда болады. Мысалы, үтіктің, электршайнектің, теледидардың сөндірілмей қалуы.

– Ал, егер де теледидар мен үтікті сөндірмей кетсек, не болады?

– Дұрыс айтасындар, сол үшін үйден шықпай тұрып, асықпай бөлмелерді аралап, ас бөлмеге де кіріп, қарап шығу керек.

Барлық электрқұралдарды токтан ажыратын, жарықты өшіру керек.

– Балалар, егер теледидар жанып кетсе, не істейсіңдер?

– Балалар, еш уақытта қосылып тұрған теледидарға су құймаңдар, әйтпесе ток ұрады!

Жарықты су жүргізеді ғой! Алдымен токтан суырып алып, содан соң теледидардың үстіне қалың шүберекті тастап, 101-ге қоңырау шалып, өртсөндірушілерді жылдам шақыру керек.

Мекенжайды анық, дұрыс айту: үйдің нөмірі, көше, пәтері.

– Су қолмен сымдарды ешқашан ұстамаңдар, бір ашаға бірнеше электрқұралдарды қоспаңдар!

– Егер, күйіктің иісін сезсеңдер, түтіндеген сымды көрсеңдер, аша ысып тұрса, мұны тез арада үлкендерге айтыңдар!

Мұның бәрі өртке әкеліп соқтыруы мүмкін!

– Ой, балалар, рақмет, біз сендермен жақсылап әңгімелестік. Менің қайтатын кезім болды. Кездескенше!

## **№ 8.2 «Біздің көмекшілеріміз – электрқұралдар» тақырыбында суреттерді қарастыру**

### **№ 8.3 «Сыммен ток жүреді» ойыны (саусак ойыны).**

**Мақсаты:** Балаларға электр қуаты сым арқылы жүретіні туралы түсіндіру, саусақтарының ұсақ қимыл моторикасын дамыту.

Балалар жіптің түйіндерін кезекпен оң, сол қолмен жүргізіп, сөздерді айтады.

Үйімізде шаңсорғыш,,

Тоңазытқыш пен бәрі де,

Токпен жұмыс істейді,

Сыммен қуат жүреді,

Бізге жарық береді.

### **№ 8.4 «Біздің досымыз – ток үтігі»**

#### **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Бөлімдері:** Электрқұралдарының қауіпсіздік ережелері

**Тақырыбы:** «Біздің досымыз – ток үтігі»

**Мақсаты:** Электрқұралдардың пайдасы мен зиянын балаларға түсіндіру.

**Білімділік:** электрқұралдар туралы, онымен өрт болған жағдайда қауіпсіздік ережесін сақтау керек екенін түсіндіру.

**Дамытушылық:** жаңа нәрсені білуге құштарлығын қалыптастыру.

**Тәрбиелік:** тұрмысқа қажетті құралдарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

**Қостілдік компонент:** холодильник – тоңазытқыш, пылесос – шаңсорғыш.

**Сөздік жұмыс:** электрқұралдар, қауіпсіздік ережелері.

**Көрнекілік құралдар:** Аю – өртсөндіруші (куыршақ театрынан), киім үтіктейтін тақтайша, үтік, куыршақтың көйлегі; құрғақ жанғыш зат пен темір ыдыс, қағаз. Өртсөндірушілер көлігі, өртсөндіргіш, құбыршек, сорғы, күрек, созылатын саты; бояу мен қылқаламдар, оттың суреті салынған парақтар; өрт қауіпсіздігінің ережелеріне сәйкес схемалар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Ғажайып қорап» ойыны  Тәрбиеші ғажайып қорапты ортаға қояды.	Балалар ғажайып қораптың ішінен қажетті құралдар суретін алып, олардың не үшін қолданылатынын айтады.
Ұйымдастыру-ізвестіру	Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырам, сендер шешімін табындар. Жұмбақ жасырылады: Көз тартады алаулап, Байка, күйдіреді, қауіпті-ақ!	Балалар тәрбиешінің жанында тұрады.
	– Дұрыс, бұл – от.	От
	– Балалар, отты қалай тұтауға болады? – От үлкен және кішкентай болады, пайдалы от және зиянды от болады.	Сіріңкемен, тұтақышпен

	<p>– Адамдар отты не үшін тұтатады? – Ол не үшін керек? Қуыршақ үйінде киім үтіктейтін тақтайша мен қуыршақтың көйлегі бар. Көйлектің шеті тұтанған, үстінде үтік тұр, жанында жылжымалы перденің артында ересек адам отыр. Ол темір ыдыстағы отынды тұтатады, оттың түтіні мен иісі шығады. Балалар, қуыршақтың үйінен түтін шығып жатыр, өрт шықты ғой деймін! – Не істеу керек? – Дұрыс, өртсөндірушілерді шақыру керек! – Қандай нөмірге телефон шаламыз? – Мекенжайды ұмытпай толық айту қажет. Балалар өртсөндірушілерге телефон соғады, «Біздің балабақшада, 8-топта өрт шықты, шұғыл келіңіздер!» Өртсөндірушілер көлігінің дауысы естіледі, өртсөндіруші Аю келеді, өртсөндіргішпен отты сөндіреді. Өрт шыққан жерді қарап, себебін анықтайды.</p>	<p>Жылынуға, ас әзірлеуге, қоқысты жағуға, т. б.</p> <p>Өртсөндірушілерді шақыру керек (101).</p>
	<p>– Үтікті ажыратпай қалдырғаннан өрт шықты. Сендер ұмыттыңдар ма?</p>	<p>– Жок</p>
	<p>– Кім енді? – Балаларға үтікті ұстауға болмайтынын білмейсіңдер ме?</p>	<p>– Ол қуыршақ Айгүл, киімін үтіктеп, ұмытып дүкенге кетті.</p>

<p>– Осыны өз қуыршақтарыңа ұмытпай айтыңдар!  <i>Тәрбиеші балалар мен өрт-сөндірушіге орындықтарға отыруды ұсынады.</i>  – Аю бізге қандай ерекше көлікпен келді, кім біледі, бұл көлік қалай аталады?  – Ол неге олай аталады?  – Дұрыс, «өрт» сөндіретін болғандықтан солай аталады, ал өрт сөндіретін адамдарды өртсөндіруші деп атайды.</p>		
<p>– Көліктің түсі қандай?  – Неге оның түсі қызыл?</p>		Қызыл
<p>– Өрт сөндіретін көлік қалай жүреді, жылдам ба, баяу ма?</p>		Жылдам
<p>– Неге?  Балалардың жауаптарын түйіндеу:  «Өртсөндірушілердің көлігі – арнайы көлік, ол қызыл түсті болады, өйткені ол алыстан көзге түседі. Қызыл түс – оттың түсі. Өртсөндіру көлігі өртті сөндіріп, адамдарды құтқару үшін жылдам жүреді».  Жүйрік қызыл көлікпен Асығады қырандар,  – Ана отқа қараңдар, Кімге қауіп төніп тұр?  – Жол беріңдер, бөгемей, Құтқаруға дайын тұр Ержүректі батырлар!  – Көлік келе жатқанда оны алыстан көріп, естиміз.</p>		Өртсөндіргіш көлігі өртті сөндіріп, адамдарды құтқару үшін жылдам жүреді.

	<p>Қалай ойлайсыңдар, оның дауысы неге сонша қатты шығады? – Дұрыс.</p>	<p>Басқа көліктер оны естіп, жол беру үшін.</p>
	<p><b>Тәрбиеші:</b> – Аю, сенің көлігінде тағы қандай заттар бар? Өртсөндіруші өзінің құралдарын көрсетеді. – Өртсөндіргіштің ішінде арнайы көбік болады. Арнайы құбыршектер бар, оларды «жең» деп атайды, Құбыршекке суды сорғымен айдайды. Өрт көпқабатты үйде шықса, жазылмалы ұзын саты бар. Мынау – күрек. Аю қоштасын: – Менің уақытым тығыз, ал сендер өрт қауіпсіздігінің ережелерін естен шығармаңдар, сонда өрт сөндіретін көлік сендердің үйлеріңе жоламайды. Сау болыңдар!</p>	<p>Балалар бірге қайталайды.</p>
	<p>«Отты сумен сөндіру» ойыны. Сабақтың соңында қуыршақ Айгүлді тауып, оған осы ережелерді үйретуге ұсыну.</p>	<p>Балалар қызығушылықпен ойнайды.</p>
Рефлексивті-түзетушілік	<p>Қорытындылау. Біз нені білдік? Өртсөндіргіштің ішінде арнайы көбік болады. Арнайы құбыршектер бар, оларды «жең» деп атайды</p>	<p>Иә</p>



– Балалар, сендерге қойылым ұнады ма?
---------------------------------------

*Күтілетін нәтиже.*

*Негіз біледі?*

Сірінке, тұтатқыштарды ұстамау, олармен ойнамауды білді.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Үйден шықпай тұрып, асықпай бөлмелерді аралап, асүйге де кіріп, қарап шығу керектігін игерді.

*Меңгерген дағдылары мен біліктері:*

Ұқыпты болуды меңгерді.

**№ 9.1 «Асхана – ойын орны емес» суреті бойынша әңгімелеу**

**№ 9.2 «Қауіпті заттар – өрт себепкері» ойыны**

**Мақсаты:** Балаларды үйде, тұрмыста кездестіретін қауіпті жағдайлармен таныстыру. Қауіпті жағдайдан аулақ болу туралы білім беру. Өздерінің денсаулықтарына сақ болуға тәрбиелеу.

**Қажетті құралдар:** дидактикалық құрал – сағат, жеті түсті гүл пішінді, әрбіреуінің күлтешегінде балаларға мүлдем ұстауға болмайтын немесе үлкендердің қарауымен ғана бейнеленген қандай да бір сурет. Гүлдің ортасында айналдырып тұратын қызыл түсті нұсқағыш бекітілген.

**Ойынның сипаттамасы:** тәрбиеші балаларға суретке кезекпенен нұсқағыштың көмегімен бір жаққа немесе керісінше айналдырып, тоқтатуға ұсыныс береді. Барлығы бірге төтенше жағдайдың денсаулыққа зиянды, қауіпті екенін, төтенше жағдай туындаса, не істеу керектігі жайлы әңгімеге тарту.

**№ 9.3 Оқу шығармашылығы «Мысық үйшігі»**

**№ 9.4 «Мысық үйшігі». Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**9. Мектеп жасына дейінгі балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін оқытуға арналған перспективалық-тақырыптық жоспар үлгісі**

**Ересек топ**

№	Айы	Іс-шара
1	Қыркүйек	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Адам отты қалай үйретті?» тақырыбында әңгімелесу.</li> <li>2. Көркем әдебиеттер көрмесін ұйымдастыру. «Жазушылар өрт туралы».</li> <li>3. «Жақсы – жаман» ойыны (от, өрт).</li> <li>4. Қауіпті жағдайларды қарастыру: «Көшеден сіріңке немесе оттықты тауып алсаңдар, не істер едіңдер?»</li> <li>5. ҰОӘ «От – біздің досымыз, от – біздің жауымыз».</li> </ol>
2	Қазан	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Өртсөндірушінің жұмысы қиын және қауіпті» тақырыбында әңгімелесу.</li> <li>2. Өрт сөндіру көліктері мен өртсөндірушілердің суреттерін қарастыру.</li> <li>3. «Бейтаныс батыр туралы» атты оқу шығармашылығы, С. Я. Маршак.</li> <li>4. «Өртсөндірушілерге көмектес» ойыны.</li> <li>5. «Өрт сөндіру көлігін жөнде» суретін салу ойыны.</li> <li>6. ҰОӘ «Өртсөндірушілер еңбегі».</li> </ol>
3	Қараша	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Күндіз де, түнде де отпен ойнама» тақырыбында әңгімелесу.</li> <li>2. «Сіріңке қорабының жұмбағы».</li> <li>3. Әңгімемен танысу. «Қағаздан жасалған ұшак», Т. Шоргина.</li> <li>4. «Кішкентай сіріңкеден – үлкен жамандық» ойыны.</li> <li>5. «Кішкентай сіріңке – үлкен өрт» ертегісін аяқта.</li> <li>6. ҰОӘ «Өртсөндірушілердің еңбегі».</li> </ol>
4	Желтоқсан	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Шыршаны әшекейлейміз» тақырыбына әңгімелесу.</li> <li>2. «Қар ұлпа» ертегісін оқу, Т. Шоргина</li> <li>3. «Төртінші артық» ойыны.</li> <li>4. Жағдайларды қарастыру: «Мерекелік отшашудың қауіпі бар ма?»</li> <li>5. ҰОӘ «Мысық үйшігі».</li> </ol>

5	Қаңтар	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Электр тогы» тақырыбында әңгімелесу.</li> <li>2. Электрқұралдарды қарастыру. «Жұмбақ пен шешуі».</li> <li>3. «Не бар, не болды?» ойыны.</li> <li>4. Жағдайларды қарастыру. «Дымбілместің қателерін тап».</li> <li>5. ҰОӘ тақырыбы: «Электрқұралдар мен ток».</li> </ol>
6	Ақпан	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әңгімелеу «Үйдегі өрт туғызатын заттар».</li> <li>2. «Пәтердегі өрт» мультфильмін қарау. Мазмұндау.</li> <li>3. Б. Житковтың «Өрт» оқу шығармашылығынан үзінді.</li> <li>4. «Шығар жолды тап» ойыны.</li> <li>5. ҰОӘ «Өртпен күресу үшін өртсөндіруші болу керек».</li> </ol>
7	Наурыз	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Көгілдір от» тақырыбында әңгімелесу.</li> <li>2. «Ыстық – суық» тақырыбында суреттерді қарастыру.</li> <li>3. «Білімді жел» шығармасын оқу, Т. Шоргина</li> <li>4. «Жұмбақты шеш, сурет сал» ойыны.</li> <li>5. Қауіпсіз жағдайларды қарастыру. «Газдың иісін сезсеңдер, не істер едіңдер?...».</li> <li>6. ҰОӘ «Біздің пәтерде газ».</li> </ol>
8	Сәуір	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Біздің қауіпсіз бұрышымыз» тақырыбында әңгімелесу.</li> <li>2. «Өрт сөндіру құралдары» тақырыбындағы жұмбақтар.</li> <li>3. Б. Житковтың «Түтін» оқу шығармашылығынан үзінді.</li> <li>4. «Сен білесің бе?» сұрақ-жауап викторинасы.</li> <li>5. Қауіпті жағдайларды қарастыру: «Сен не істеуші едің?...»</li> <li>6. ҰОӘ «Қалай және қайда құтқару керек?»</li> </ol>
9	Мамыр	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «101, 102, 103 қызметі әрқашанда көмекке келеді» тақырыбында әңгімелесу.</li> <li>2. «Өрт қайдан шығады?» тақырыбында суреттерді қарастыру.</li> <li>3. С. Маршактың «Қызметтік иттер» әңгімесімен таныстыру.</li> </ol>

	<p>4. «Дұрыс жауап бер» ойыны.</p> <p>5. «Өрт болған жағдайда балалардың әрекеттері» мультфильмін қарау.</p> <p>6. ҰОӘ «Өртсөндіруші болмасаң да, ...».</p>
--	---

### № 1.1 «Адам отты қалай үйретті?» тақырыбында әңгімелесу

**Мақсаты:** Адамның алғашқы отты қалай ойлап тапқаны туралы әңгімелеу; отты адам өміріндегі түрлі жағдайда қолдануымен таныстыру.

**Қойылатын сұрақтар:** Ежелгі адамдар отты қалай шығарды? (*таяқшаларды бір-біріне үйкелеу арқылы, тасты бір-біріне ұру арқылы, найзағай ұрған кезіндегі оттан тұтанды*). Оттықты жағып, жалын шыққанын көрсету. Үңгірдегі адамдарға от не үшін қажет болды? Адамдар отты қалай сөндірмей, күтіп отырды? Қалай деп ойлайсындар, неліктен от сөне берді?

№ 1.2 «Жазушылар өрт туралы» атты көркем әдебиеттер қормесін ұйымдастыру.

### № 1.3 «Жақсы-жаман» ойыны (от, өрт)

**Мақсаты:** логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, балаларға өз ойларын дәлелдеуді үйрету.

**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ оттың жаман екендігін дәлелдейді, екінші топ оттың жақсы жақтарын атап шығады.

№ 1.4 Қауіпті жағдайларды қарастыру: «Көшеден сіріңке немесе оттықты тауып алсаңдар, не істер едіңдер?»

### № 1.5 «От – біздің досымыз, от – біздің жауымыз!»

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Валеология

**Тақырыбы:** «От – біздің досымыз, от – біздің жауымыз!»

**Мақсаты:** адам өмірінде оттың маңыздылығын: оң және теріс жақтарын түсіндіру; оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін бекіту.

**Білімділік:** балаларды өрт қауіпсіздігіне үйрету. Білімін жетілдіру. Отты қолдануды түсіндіру, өрт қауіпсіздігімен балаларды таныстыруды жалғастыру.

**Дамытушылық:** оттың адамға деген пайдалы жағын және пайдасыз жағын анықтау және адам үшін пайдалы және пайдасыз жағын көрсету.

**Тәрбиелік:** өмірде қауіпті заттарды қолданбай, мекемеде және орманда қауіпті жағдайдың алдын алуына үйрету.

**Сөздік жұмысы:** өрт – пожар, от – огонь, өрт қауіпсіздігі – пожарная безопасность.

**Қостық компонент:** өрт қауіпсіздігі, сіріңке, қауіп.

**Құрал-жабдықтар:** Өрт қауіпсіздігі қызметкерлері туралы суреттер мен плакаттар.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	– Балалар, жұмбақ шешейік: Ол – жарық, әдемі, бірақ ыстық, қауіпті.	Балалар жауабын айтады. – От
Ұйымдастыру-іздістіру	– Баяғы заманда адамдар отты өздігінен жаға білмеген, тек кейін ғана отты пайдалануды үйренген. Балалар, айтыңдаршы, от адамға не үшін қажет? – Баяғы заман адамдары үнгірде тұрған кезде жылыну үшін, тамақ жасау үшін отты пайдаланған. Адам өмірі отқа тәуелді болған. Тас пен тасты қашау арқылы отты жаққан. Уақыт өткен сайын адамның ойлау қабілеті артып, құмнан, саздан ыдыс-аяқтар жасай бастады. Олар ыдыстар жасағанда, отқа қоятын ыдыстар қатты болатынын байқады. Ыдыс жасау үшін оттың керек екенін аңғарды. Кейінгі заманда адамдар оттың басқа түрін ойлап тапты. Құбырмен отқа су жіберді. Біз отсыз өмір сүре алмаймыз. От бізге жылу, тамақ, жарық береді.	Балалар жауаптары тыңдалады  <b>1-бала:</b> Бізге отсыз өмір жоқ, Отсыз бір күн де жоқ  <b>2-бала:</b> Ол бізбен әр кезде Туды биікке көтергенде, Барлығына жақсы от керек Сол үшін оны мақтан ет  <b>3-бала:</b>

	<p>Егер отты дұрыс пайдалана алма-сақ, от бізге жау, ол кез келген жерде бір минутта бәрін жоқ қы-лады.</p> <p>Өрт өте қауіпті болып табылады. Өрт болған жағдайда, киімдер, пә-тер, орман, үй жанып кетеді. Ең бастысы, адам шығыны болады.</p> <p>Өрт қалай пайда болады?</p> <p>– Саяхатқа, орманға, тауға, қыды-руға шыққанда, өрт қауіпі бар.</p> <p>– Кей жағдайларда балалар үлкен-дердің тілін алмай, шатырға, жер-төлеге барып, сіріңкемен ойна-ғанда пайда болады. Балаларға сі-ріңкемен ойнауға болмайды. Тас-тай салған сіріңке үлкен өртке әкеп соғады.</p> <p>Сіріңке – біздің досымыз, бірақ оны қызықтау үшін тұтатып, кез келген жерге тастауға болмайды, ол онда біздің жауымызға айна-лады.</p> <p>Өрт болмасын десек біз, адамдар мынаны білуіміз керек:</p> <p>Сіріңкені балаға бермеу керек, Айналаға тастамау шарт.</p> <p>– Балалар, сендер дұрыс айтасын-дар, өрт тек сіріңкеден ғана пайда болмайды, электр сымдарынан, үйдегі электр заттарын дұрыс өшірмеу салдарынан болады. Біз ата-аналарымызға тамақ жасауға, т. б. көмектесеміз. Киім үтікте-генде, газ қосқан кезде абай бо-лып, жұмысты аяқтаған соң өшіру қажет. Үйден шығарда бәрін мұ-қият қарау қажет.</p> <p>Егер кімде-кім шалбар үтіктесе, Үтік ағытылмай қалса, Міндетті түрде Шалбарсыз қалады.</p> <p>Қосқыштарда ток ұрса</p>	<p>Көже пісіріп, картоп қуыр-дық, саяхат үшін ол да жақсы, соңынан оны өшіріп кет.</p>
--	---	--

	немесе жаркылдаса, Әлдебір дыбыс шыкса, Үлкендерге айт оны. Өзің оған кіріспе, өтінемін, Электр тогы қауіпті, Онымен ойнауға болмайды.	
	От әртүрлі болады Сары – әлсіз, қызыл – мықты, Айырайық дос пен жауды.	
	Қас от – өрт дабылы, Қас өрт – соғыс дабылы, Қатты ыстық күнде де, Күн қараңғы, жер қара, Барлық елдің адамы, Өрт болмауын қадағала!	
Рефлексивті- түзетушілік	– Егер пәтерде түтін болса, не істейміз? – Балаларға сіріңке ұстауға бола ма? – Өрт бола қалған жағдайда өртсөндірушілерді қалай шақырамыз? – Қай телефонға шаламыз? – Жарайсындар, балалар! Өз өмірлерінді сақтау керексіңдер!	Балалар өз жауаптарын айтады.

*Күтілетін нәтиже.*

*Нені біледі?*

Отты қалай пайдалану керектігін, өрттің қауіпті екенін біледі.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Оттың пайдалы және зиянды жақтарын анықтап, сіріңкемен ойнауға болмайтынын түсінеді.

*Меңгерген дағдылары мен біліктері:*

Тақпақты мәнерлеп жаттауға талпынып, сұрақтарға дұрыс жауап береді.

**№ 2.1 «Өртсөндірушінің жұмысы қиын және қауіпті» тақырыбында әнгімелесу**

**№ 2.2 Өрт сөндіру көліктерінің, өртсөндірушілердің суреттерін қарастыру**

**№ 2.3 «Бейтаныс батыр туралы» оқу шығармашылығы, С. Маршак.**

**№ 2.4 Өртсөндірушілерге көмектес**

*Дидактикалық ойын*

**Ойынның мақсаты:** Балалардың өртсөндірушілер еңбегі туралы түсініктерін толықтыру; ойлау қабілеттерін арттыру; тілдерін дамыту.

**Ойын барысы:** Балаларға алдындағы суреттерден өртсөндірушіге қажет заттары бар суреттерді іріктеп алуды ұсыну. Оларды атау, өртсөндіруші не үшін қолданатындығын түсіндіру.

**№ 2.5 Өрт сөндіру көлігін жөндеңдер (сурет салу ойыны)**

**Мақсаты:** Балаларға жетпейтін бөліктерін салып, суретті аяқтауға үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін және сурет салу техникалық дағдыларын арттыру.

Тәрбиеші балаларға суреттерді қарастырып, суретте не жетпейтінін байқап, оны аяқтауға ұсыныс жасайды, мысалы, өрт сөндіру көлігін жөндеп, дұрыс түске бояңдар.

**№ 2.6 «Өртсөндірушілердің еңбегі»**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Валеология

**Тақырыбы:** «Өртсөндірушілердің еңбегі»

**Мақсаты:** Логикалық ойлау қабілеттерін және сурет салу техникалық дағдыларын арттыру

**Білімділік:** үлкендердің еңбегі туралы айту (еңбек – мемлекеттің пайдасы үшін мәртебелі және керек іс).

**Дамытушылық:** өртсөндірушінің еңбегі туралы терең білім беру.

**Тәрбиелік:** өрт сөндіру ережелері жайында білімдерін толықтыру.

**Қостілділік компонент:** Дыбысты белгі, механикалық баспалдақ, өртсөндірушілердің құралдары балға, балта.



**Сөздік жұмысы:** еңбек – труд, каска – каска, от – огонь, су – вода.

**Құрал-жабдықтар:** өрт сөндіру көлігінің суреттері, ойыншық, диафильм.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Сәлеметсің бе, алтын күн! Сәлеметсің бе, Жер ана! Сәлеметсің бе, достарым! Жылуыма жылу қос, міне, менің қолым бос!	Шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастыру-іздігі	Бүгін біз өртсөндірушінің еңбегі туралы әңгімелесеміз. Сендер өртсөндірушілердің еңбегі туралы не білесіңдер?	Өртсөндірушінің жұмысы ауыр, қиын, қауіпті. Олар өмірімен тәуекел етеді. Бірақ оның жұмысы адамдарға өте керек.
	Сендер не себепті өртсөндірушінің жұмысы адамдарға керек деп ойлайсыңдар?	Олар тілсіз жауларды сөндіреді, адамды, оның дүние-мүліктерін құтқарады.
	Өртсөндірушілер қандай болуы керек?	Өртсөндірушілер күшті, мықты, шыныққан болулары керек.
	Өртсөндірушілер не себепті күшті, мықты, шыныққан болулары керек?	Олар адамдарды оттан алып шығаруы керек. Олар отпен түтінмен жұмыс жасайды.
	Өртсөндірушілер бұрын қалай киінді?	Бұрын өртсөндірушілер шұғадан жасалған костюмдер киді. Олар өте ыңғайсыз еді, өйткені бұл мата жанғыш, суға төзімсіз, ал қысты күні аяздарда суық тартатын.
	Қазіргі өртсөндірушілер брезент костюм киеді. Ол жанбайды, су өткізбейді. Басты соққыдан каска қорғайды. Өртсөндірушілер отпен жұмыс істеген кезде,	

	олар арнайы костюмдерін және бас киімдерін киеді.	
	Өртсөндірушілерге қандай көліктер отпен күресте көмектеседі?	Оларға өрт сөндіру көліктері көмектеседі. Бұл көлікте арнайы су бүркетін құбыршегі, көбік, механикалық баспалдақтары болады.
	Өрт сөндіру көлігі қалай жабдықталған?	Өрт сөндіру көлігінде сырттың көліктерімен байланыс жасау үшін рациясы, өртті сөндіретін құрылғылардан: су бүркетін құбыршек, механикалық баспалдақ бар. Сондай-ақ, дыбыстық дабылы мен түстік белгі беру құрылғылары бар. Олар сырттағы көліктерге жол беру үшін керек.
	Көлікте суды шашу үшін үйдің биік қабатына көтерілетін баспалдақ болады. Бұрынғы кезде үйлер өртенгенде оны сөндіру қиынға түскен. Ойланып көріңдерші, неліктен мұндай жағдайлар болған?	Бұрын өрт сөндіру көліктері болмаған. Өртсөндірушілер аттармен ақырын баратын. Үйлер ағаштан болды, тез жанды. Өртсөндірушілерде тек суға толы бөшкелері, балта, сүймендері ғана болған.
	Бұрын өртсөндірушілер тілсіз жау туралы қалай білді? Ал қазір қалай біледі? Ал қазір, тілсіз жау туралы хабарлау үшін, 101-ге телефон соғу керек. Неден	Бұрын үлкен ауылда және қалада биік мұнара бөлған. Оларды өрт сөндіру мұнаралары деп атады. Онда өртсөндірушілер кезектесіп тұрды, бір

<p>өрт пайда болғанын айту керек.</p> <p>Өртсөндірушінің қызметі оңай емес, үлкен батырлықты, батылдықты талап етеді. Біздің елімізде тілсіз жаумен күресте көрсеткен ерліктері үшін не істейді? Дұрыс, өртсөндірушілерді «Тілсіз жаумен күресте көрсеткен батырлықтары үшін!» деп аталған медальдармен марапаттайды. Оларға арналған өлеңдер мен әндер бар, суреттерін жасайды. Көптеген өртсөндірушілер тілсіз жаудың ортасында қайтыс болды. Олардың ерліктері мен батырлықтарына арнап біздің еліміздің әрбір қаласында мәңгілік алаулар жанып тұр. Сендер қандай өртсөндіруші мен оның көмекшілері туралы туындыларды білесіңдер?</p>	<p>жерден түтін шыкса, айқайлап дабыл қақты.</p>
--	--

Рефлексивті-түзетушілік

– Бүгінгі сабақта сендер не білдіңдер?

– Өте жақсы, балалар!

– Сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер.

Балаларды мақтау.

Егер өрт сөндіру ережелерін қатаң қадағаламасақ, үлкен алапат өрт пайда болады. Адам өміріне қауіп төнгенде, өртсөндірушілер көмектеседі. Өртсөндірушілер батыл, ержүрек болуы керек.

*Күтілетін нәтиже*  
*Негіз біледі?*

Өртсөндірушілердің еңбегі туралы, олардың құралдарының атауларын біледі.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Өрт – тілсіз жау ұғымын игеріп, мамандық иелерінің ерліктері мен батырлықтары үшін сыйға алған медальдарын көріп, қандай болу керектігіне итермелейді.

*Меңгерген дағдылары мен біліктері:*

Үлкендердің еңбегін бағалауға, дүние-мүлікке абай болу дағдыларын меңгереді.

**№ 3.1 «Күндіз де, түнде де отпен ойнама» тақырыбы бойынша әңгімелесу**

**№ 3.2 «Сіріңке қорабының жұмбағы»**

Бір қорада камалған сансыз жануар,  
Әрқайсысының басында тұрған панар.  
Андаусызда сүйкеніп тиіп кетсе,  
Тыз етіп, сол жануар от боп жанар.  
Жалт-жұлт етеді,  
Жалмай-жалмай жұтады. (От)

**№ 3.3 «Қағаздан жасалған ұшақ» әңгімесі**

Бір күні Мадиярға қонаққа досы Аслан келді. Екеуі қағаздан ойыншықтар жасай бастады. Аслан қағаздан тікұшақ жасады, ал Мадияр кішкентай ұшақ жасады. Балалар балконға шығып, ұшақты ұшыруға шешім қабылдады. Аслан тікұшақты ұшырғанда, біраз қалықтап, жерге құлады. Ал Мадиярдың ұшағы қалықтап барып, балалар алаңына құлады. Балалар алаңында Әсел мен Алтынай ойнап отырған. Әсел Мадиярға ұнайтын. Мадияр қайтадан қағаз ұшақ жасап, «Әселге сәлем!» деп жазып берді. Мадияр ойланып қалды. Ол алдындағы үстелдегі сіріңке қорабына көзі түсті.

– Таптым! – деп айқай салды. Мен қазір ұшақтың артын жағып, ұшырайын. Ол зымыран сияқты алысқа ұшады. Мен ол жайлы ағамнан естідім. Мадияр қорапты алып, сіріңкені тұтатып, ұшақтың артқы жағын жағып, балконнан ұшырып жіберді. Сол кезде қатты жел тұрып, жанған ұшақ көрші үйдің балконына барып түсті.

– Сен не істедің? – деп Аслан айқай салды. Сіріңкемен ойнауға болмайды. Ол жайлы әкем айтқан.

Бірақ Мадияр қолын бірақ сермеп: – Ештеңе де болмайды. Қазір қағаз өзі сөнін қалады, – деді.

Жанған ұшак гүл салған ыдысқа барып түсін, гүлдің жапырақтары жана бастады. Осы кезде балконда Марал Асқарқызының немересі кітап оқып отырған. Әжесінің айғайлаған дауысын естіп, орнынан тұрып, жанған жапырақтарға су құйды.

– Бұл қай бұзақылар лақтырған?

– Үстіңгі қабаттағы балалар лақтырды, – деп жауап берді Самал.

Марал Асқарқызы басын көтеріп, ойланып:

– Біздің пәтердің үстінде Омаровтар тұрады. Мен оларды жақсы білемін, Арман Омаров – менің оқушым, ал оның ұлы Мадияр жақында мектепке барады. Баласын жақсы тәрбиелегенмен, өрт қауіпсіздігі туралы айтпаған сияқты.

Кешкілік Марал Асқарқызы үстіне көтеріліп, есік қақты.

– Марал Асқарқызы, сәлеметсіз бе? – деді Мадиярдың әкесі. Күтпеген жағдай. Кіріңіз, шай ішіңіз.

– Шайға қарсы емеспін. Бірақ мен сендерге жағымсыз хабар айтқым келіп отыр. Күндіз болған Мадиярдың істеген қылығын айтты.

Әкесі барлық жағдайды мұқият тындап, енді балконға сіріңке тастамайтынын, ұлымен сөйлесетінін айтты. Марал Асқарқызы балаға ұрыспай, отпен ойнауға болмайтынын түсіндіруді өтінді.

#### *Сұрақтар:*

1. Мадиярға қонаққа кім келді?

2. Балалар не ойнады?

3. Мадияр не жасады?

4. Мадияр ұшақты неге жақты?

5. Ұшак қайда құлады?

6. Сіріңкемен ойнауға бола ма?

Сіріңкеге арналған қораптар іздеу.

Тәрбиеші өз үстелі үстінен үлкен сіріңке қорапшасын тауып алып, балалармен бірге ішін ашып көреді. Оның ішінде жасырынбақ суреті мен карточкалар бар екен. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасыратынын және жауап беруін талап етеді. Жұмбақ не туралы және сіріңкенің шиінен не болуы мүмкін екенін жұмбақ арқылы шешеді.

Балалар төртінші карточкадан кейін өмірге өрт қауіпті екенін және адамдар онымен қалай күресетініне көз жеткізеді. Сегізінші

карточкадан кейін балалардың өрт деген не және ол неден болатынын есіне түсіреді, он екінші карточкадан кейін жұмбақ арқылы балаларға қорытындылап, оттың пайдалы жағын айтады.

Қауіп, қауіп төнді мұнда,  
Жүгіріңдер барлықтарың далаға  
Айнала қоршаған түтін, от,  
Көрші үйде болды ..... (Өрт)

Көлікте көк көз қосылды,  
Шырылдайды, шулайды,  
Алға шығуға ұмтылады,  
Бұл не екенін кім айтады? (Сирена)

Лапылдаса, ұшып келеді,  
Өз жұмысына кіріседі.  
Су шашады,  
Барлық қауіп артта қалады. (Өртсөндіруші көлік)

Біз отпен күресеміз,  
Сумен жолдаспыз,  
Адамдарға керекпіз,  
Кімбіз біз? (Өртсөндірушілер)

Ол өзі тар үйшігінде жатады,  
Басымен қасыса болады.  
Үйінде болмағандай  
Жанады түк қалмай. (Сіріңке)

Тілі бар, бірақ үрмейді,  
Тісі жоқ, бірақ тістейді.  
Ештеңеге тоймайды,  
Бірақ су сұрамайды. (От)

Басы ғана жанады,  
Денесі еріп балқиды.  
Еридi, бірақ мұз емес,  
Еміс-еміс жарық береді. (Май шам)

Үйшікте – үйшік,

Үйшікте – мұржа,  
Үйшікте шулайды,  
Мұржадан дыбыс шығады.  
Көргенімен адам отты,  
Сөндіруге тырыспайды. (Пеш)

### № 3.4 Кішкентай сіріңкеден – үлкен жамандық

#### *Дидактикалық ойын*

**Мақсаты:** Балаларды өрт қауіпсіздігімен таныстыру; дұрыс шешім қабылдауға үйрету; жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу; өрт жағдайына жол бермеу.

#### **Ойын ережесі:**

Басқа балалардың шешімін қайталамай, басқа жол табу. Дұрыс бағалау.

**Материал:** өрттің пайда болу түрлі жағдайын бейнелейтін суреттер. Балаларды таңдауға итермелейтін мәселелер.

1. Өрт жағдайын хабарлау.
2. Көмекке үлкендерді шақыру.
3. Ештеңе істемеу.

**Ойын барысы:** Суреттерді бір-бірлеп тақтаға қояды, проблемалық жағдайға байланысты тапсырма береді. Дұрыс жауабын балалар жасырын түрде тәрбиешіге хабарлайды. Тәрбиеші жауапты 3 фишканың біреуімен бағалайды. Басқа жауап болмаған жағдайда, әр бала жауапты дауыстап айтып, фишкасын көрсетеді. Балалар жауаптардың түрлілігі мен ортақ жайттарын талқылайды, өз жауаптарын тәрбиешінің нұсқасымен салыстырады.

Тәрбиеші сурет орнын ауыстырып, басқа сурет қойып, ойын жалғаса береді. Ойын аяғында тақтаға әр бала қанша және қандай фишка жинағаны туралы жазылады.

### № 3.5 «Кішкентай сіріңкеден – үлкен өрт» ертегісін аяқта

### № 3.6 «Өртсөндірушілердің еңбегі»

#### **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Валеология

**Тақырыбы:** «Өртсөндірушілердің еңбегі»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** өртсөндірушілер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. Өрт қауіпсіздігі туралы білімді нақтылау.

**Дамытушылық:** өрт жағдайында қауіпті сезінуді дамыту.

**Тәрбиелік:** өртсөндіруші еңбегіне деген құрметті тәрбиелеу.

**Сөздік жұмысы:** құралдар, оттық, үтік.

**Қостілділік компонент:** от – огонь, өрт – пожар, пожарный – өртсөндіруші.

**Құрал-жабдықтар:** өртсөндіруші машиналардың фотосуреттері, ойыншықтар, диафильм.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Бүгін біз өртсөндірушілер туралы әңгімелесеміз. – Олар туралы не білесіңдер? – Өртсөндірушілердің еңбегі адамдарға қажет пе? – Өртсөндірушілер қандай болуы керек? – Неліктен өртсөндірушілер күшті, шыныққан, шымыр болуы керек?	Тәрбиешіні тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.
Ұйымдастыру-іздістіру	– Ертеде өртсөндірушілер қалай киінгенін білесіңдер ме? – Бұрын өртсөндірушілердің киімі матадан тігілді, олар өрт кезінде жанды, су өтті. Ондай киім судан ауырланатын, ал қыстың күні қатып қалып, киуге өте қолайсыз болды. Заманауи өртсөндіруші брезенттен жасалған костюм киеді. Ол отта жанбайды, одан су өтпейді. Өртсөндірушінің басын арнайы қасқа қорғайды. Егер өртсөндірушілер өрт кезінде жұмыс жасаса, олар арнайы костюм мен газқағар киеді.	Тәрбиешіні тыңдайды, суреттерге қарайды.



	<p>– Өртке қарсы күресте өртсөндірушілерге қандай машиналар көмектеседі?</p>	
	<p>– Өрт сөндіру машинасында механикалық саты мен сусорғы және өрт сөндіру бөлімшесімен байланыста болу үшін қажетті рация болатынын білесіңдер ме? Бұл машинада арнайы көк түсті дабыл жарығы және дабыл дыбысын беретін құрылғы орнатылады. Бұл құрылғылар осы машинаға жол бойындағы басқа машиналардың жол беруіне көмектеседі. Машина өртті сөндіретін судың қатты екпінмен ағуын қамтамасыз ететін түтігі бар шлангтармен жабдықталады. Машинаның сатысын бесінші қабаттан да жоғары көтеруге болады.</p> <p>- Ежелде үйлерді, көшелерді, тіпті, қалаларды өрт толығымен шалған.</p> <p>– Неліктен осындай өрт орын алған, қалай ойлайсыңдар?</p> <p>– Дұрыс. Ол кездері үйлер ағаштан жасалды, ал өртсөндірушілердің қолында тек су құйылған бөшкелер, балта және темір сүймендер ғана болды. Су бір үйдің өртін сөндіруге де жетпейтін. Өртсөндірушілер бір үйдің өртін ауыздықтап үлгермейтін, ал от келесі үйді шарпитын.</p> <p>– Ежелде өртсөндірушілер өрттің басталғанын қалай білетін?</p> <p>– Ол кезде әрбір қалада, үлкен ауылда биік өртсөндіруші мұна-</p>	<p>Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.</p> <p>Пікірлеседі.</p> <p>Өз ойларымен бөліседі.</p>

	<p>расы болды. Кезекші сол мұнарада тұрып, елді-мекенде өртті түтіннің шыққанын анықтады. Ал қазір, өрт шықса, 101 телефонына қоңырау шалу керек.</p> <p>– Өрттің себептері қандай?</p> <p>– Өртсөндіруші қандай болуы керек?</p> <p>– Дұрыс, өртсөндіруші мамандығы оңай жұмыс емес, үлкен ерлікті талап етеді, сол ерлікті жауапқа дайын болу керек.</p> <p>– Өртті сөндіруде ерлік көрсеткен адамдарды қалай құрметтейді?</p> <p>– Дұрыс, олар «Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталады. Олардың ерлігі туралы өлеңдер, әндер жазылған. Көптеген өртсөндірушілер отпен күресте қаза тапты.</p> <p>– Өртсөндірушілер мен олардың көмекшілері туралы қандай шығармаларды білесіңдер?</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p> <p>Еске түсіреді, шығарма атауын атайды</p>
<p><b>Рефлексивті-түзетушілік</b></p>	<p>– Сабақта қандай жаңалықтарды білдіңдер?</p> <p>– Өртсөндіруші болғыларың келе ме??</p>	<p>Сұраққа жауап береді.</p>

*Күтілетін нәтиже*

*Нені біледі?*

*Өрт сөндіру қызметінің өткенін.*

*Қандай түсініктерді игерді?*

*Ересектердің еңбегі туралы хабары бар (мемлекет пайдасына еңбек ету – құрметті және пайдалы іс).*

*Меңгерген дағдылары мен іскерліктері*

*Сөйлемді дұрыс құрастыру, өз пікірін айту.*

**№ 4.1 Әңгімелеу «Шыршаны әшекейлейміз»**

**№ 4.2 Ертегіні оқу «Қар ұлпа», Т. Шоргина**

**№ 4.3 Ойын «Төртінші артық»**

Шыршаны әшекейлеуге жарамайтын төртінші артық затты таңдау.

1. Шам.
2. Ауа шар.
3. Моншак.
4. Жалаулар.

**Жұмбақ:**

Жүрген жерін жалмайды,  
Тастан басқа қалмайды. (От)

**№ 4.4 «Мерекелік отнашу қауіпті ме?»**

**№ 4.5 «Мысықтың үйшігі»**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Валеология.

**Тақырыбы:** «Мысықтың үйшігі»

**Мақсаты:**

**Білімділік:** қауіпті құралдар, заттар туралы білімдерін бекіту. Өздігінен әрекет жасауға жағдай туғызу.

**Дамытушылық:** балалардың өзара ойын тұжырымдау қабілеттерін арттыру.

**Тәрбиелік:** анықтама сөйлем құруды дағдыландыру, қиын жағдайда бір-біріне көмекке келуге тәрбиелеу.

**Сөздік жұмысы:** мысықтың үйшігі – кошкін дом, оттық – зажигалка, пеш – печка.

**Қостілділік компонент:** қауіпті, адам шығыны, сіріңке, оттық.

**Алдын-ала жұмыс:** «Мысықтың үйі» атты мультфильмін көру.

**Құрал-жабдықтар:** телефон, суреттер, сіріңке, оттық, электр шәйнегі, газплитасы, үтік, теледидар, жылжымалы шымылдық, С. Маршактың «Өрт» олеңі, қауіпті жағдаяттар бейнеленген суреттер, қызыл және жасыл түсті жалаушалар, табақша.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивация-лық-козғаушылық	<p><i>Тосынсый. Телефон шырылдайды. Тәрбиеші тұтқаны көтереді.</i></p> <p>– Алло! Мен сізді тыңдап тұрмын. (<i>Мұқият тыңдап, тұтқаны қояды</i>). – Балалар, бізге қоңырау шалған ескі танысымыз – Марғау мысық. Ол бізге қонаққа келе жатыр, маған оның көңілкүйі жок сияқты болып көрінді. Оған не болуы мүмкін?</p>	Балалар мұқият отырып тыңдайды.
Ұйымдастыру-ізвестіру	<p>(<i>Есік қағылады, мысық кіреді, көңілсіз дауыспен</i>) Марғау: Сәлеметсіздер ме, балалар!</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Сәлеметсің бе, Марғау! Менің байқауымша, сен ренжіп тұрған сияқтысың. Бізге айта ғой, не болды?</p> <p><b>Марғау:</b> Балалар, білесіңдер ғой, мен бәрінің жаңа болғанын жақсы көрем. Менің жаңа әдемі үйім болған, мен оны бар күш-қайратыммен, бар жиған-тергеніммен салғам. Сендер де қонақта болдыңдар ғой. (<i>Жылайды</i>).</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Жылама, не болды? Балалар, не болғанын білейік?</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Бәрін дұрыстап айтып берші. Мүмкін біз саған көмектесерміз.</p> <p><b>Марғау:</b> Менің үйімде жылы үлкен пеш болды ғой. Бір күні аула сыпырушы Талғат пеш жағып, пештің аузын жаппапты. Содан шок еденге түсіп, барлық заттарым жанып кетті. Мен осылай үйімнен айырылып қалдым. Мен енді қайда барамын? Күн болса суытты.</p>	– Сәлеметсіз бе!
		– Иә, жылама, тез айтшы.

**Тәрбиеші:** Марғау сенің жағдайың қиын екен. Біз саған қалай көмектессек екен. Біз де қатты уайымдап тұрмыз. Біз саған балалармен бірге өрт қауіпсіздігі туралы айтып берейік.

**Тәрбиеші:** Өрт өте қауіпті. Өрт шыққан жағдайда киім де, пәтер де, тінті үй де толығымен жанып кетуі мүмкін. Бастысы, адам шығыны болмаса болды. Сонда да біз өрттен сақтануымыз керек.

– Балалар, қандай заттар өрт жағдайына әкеледі?

– Міне, өрт қауіпсіздігінің 1-ережесі.

Есте сақтандар:

– Үйде сіріңкемен, оттықпен ойнауға болмайды. Бұл өрт шығудың бірден-бір себебі.

Сонымен қатар, электр тогымен істейтін құралдар да өрт жағдайына әкеледі және ток ұруы мүмкін.

Сендер, қандай токпен істейтін құралдарды білесіңдер?

– Дұрыс, міне, өрт қауіпсіздігінің 2-ережесі.

– Үйден шығарда барлығын токтан ажыратуды ұмытпаңдар. Мейрамдарда әрдайым үйде әртүрлі шамдар жағылады. Олардан да өрт шығуы мүмкін.

– Міне, 3-ереже.

– Үйде жалғыз қалғанда әртүрлі шамдар жақпаңдар (тек үлкендердің көмегімен ғана жағуға болады).

**Марғау:** Менің пешім жайлы ереже айтылмады ғой.

– Сіріңке, оттық.

– Теледидар, үтік, шаңсорғыш, плита, шайнек

	<p><b>Тәрбиеші:</b> – Міне, Марғау, сенің бұл 4-ережен. Көптеген жазушылар сіріңкеден өрт жағдайына әкелетіні туралы жазады. Міне, тыңда!  Анасы кетті базарға,  Қызына айтты мұқият:  «Қызым, пешке тиіспе!»  Өрт шығуы ықтимал!  Үйде пешке жақындауға, оның аузын ашуға болмайды. Себебі еденге шок түсіп, Марғаудың үйіндегі сияқты өрт шығуы мүмкін.</p>	
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар, барлық ережені есте сақтадыңдар ма?</p>	– Иә, жақсы.
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Ал мысық, сен барлық өрт қауіпсіздігі туралы ережені есіңе сақтадың ба?  <b>Марғау:</b> Иә.</p>	– Иә.
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Ендеше, Марғау, сен бізбен бірге ережені сақтадың ба, жоқ па, соны тексерейік. Қазір біз, «Болады-болмайды» деген ойын ойнаймыз. Ол үшін бізге қызыл, жасыл түсті жалаушалар керек. Балаларға өрт қауіпсіздігі туралы суреттер көрсету.</p>	– Алақай, ойнаймыз.
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Қалай ойлайсыңдар, мына суретте өрт оқиғасына әкеліп соқтыратын суреттер бар ма?</p>	– Әртүрлі суреттер бар.
	<p><b>Тәрбиеші:</b> Неліктен?</p>	– Егер оны дұрыс қолданбаса немесе рұқсатсыз ұстаса, қиын жағдайға соқтыруы мүмкін.

	<p><b>Тәрбиеші:</b> Сондықтан біз «Болады-болмайды» ойынын таңдадық. Әрқайсыларың бірыңғай қызыл және жасыл карточкалар аласыңдар. Қызыл түс – балаларға қолдануға болмайды, жасыл түс – абайлап қолдануға болады.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Қазір мен сендерге суретті көрсетемін, ал сендер бола ма, болмай ма, ажыратып, қажетті түсті көтеріп, көрсетулерің керек. Балаларға суреттерді көрсетіп, айырмашылықтарын айтады. Карточкаларды көрсетеді.</p> <p>Ойын соңында Марғау балаларға алғысын айтады.</p>	Осыдан кейін балалар карточкаларды алады, тәрбиеші жалғастырады.
	<p><b>Марғау:</b> Балалар, сендерге көп рахмет. Мен осы ережелердің барлығын есте сақтауға тырысамын.</p>	– Саған да рахмет, Марғау!
Рефлексивті-түзетушілік	<p>– Аландама, Марғау. Бәрін есте сақтасаң болды. Қазір саған біздің балалар, ата-аналарымен бірге өрт қауіпсіздігі туралы сурет салып, плакатқа «Токта, өрт қауіпті!» деп жазып береді. Солай ма, балалар? Балалар бұл суретті саған сыйламақшы. Сен жаңа үйіңе іліп қоясың.</p> <p><b>Марғау:</b> Үлкен рахмет. Сендер маған көп нәрселер үйреттіңдер. Мен сондай қуаныштымын. Енді мен қайтайын. Сау болыңдар!</p>	<p>Балалар Марғауға сыйлық сыйлайды.</p> <p>– Сау бол, Марғау!</p>

*Күтлетін нәтиже.*

*Нені біледі?*

Өрттен сақтану жолдарын, ережелерін біледі.

*Қандай түсініктерді игерді?*

Сіріңкені, от тұтатқышты үлкен адамдарсыз ұстамауды,

олар өрт шығудың бірден-бір себебі екенін түсінеді.

*Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:*

**Ойынды нәтижелі ойнап, барлық ережелерді менгереді.**

### **№ 5.1 Тақырыбы: Электр тогы**

Бүгінгі әңгімеміз электр тогына арналады. Сендердің үйлерінде көптеген электржабдықтар бар: тоңазытқыш, үтік, шаңсорғыш, теледидар, магнитофон, радиоқабылдағыш. Мүмкін біз ұмытып кеткен жабдықтар бар шығар? Дұрыс: компьютер, электр ұстарасы. Үйлерінде тағы қандай электржабдықтар бар, айтып беріңдерші. Кешкі қараңғыда сендер қосқышты қосқанда, бөлмеде жарық жанады.

Ток сымдардан өтіп, барлық электржабдықтарды жұмыс істеді. Ойлап қараңдаршы, электр тогы жоқ болса, не болады? Онда сендер фильм көре алмайсыңдар, кешке қараңғыда кітап оқи алмайсыңдар, ән тындай алмайсыңдар, аналарың сендерге жейделерінді үтіктей алмайды, әжелерің кофе дайындай алмайды, әкелерің электр ұстараны қолдана алмайды.

«Күлше қыз» ертегісі естерінде ме? Күлше қыздың өгей шешесі көп жұмыс істеткізеді. Осы жұмысты Күлше қыз өзі жасап шығады.

Біздің заманымызда Күлше қызға ақылды электржабдықтар көмектесер еді. Ыдыс жуатын машина барлық қазандарды, ыдыстарды жуар еді, шаңсорғыш мыстан кемпірдің үйін шаңнан тазартар еді, кір жуатын машина барлық киімді жуар еді, кофе үккішпен кофе дайындар еді. Сендер токтың адам өмірінде маңызды екенін түсінген шығарсыңдар, электр тогы – біздің адал досымыз.

#### **Электр тогы**

Ток өтеді сымдардан,  
Пәтерімізге жарық беріп.  
Жабдықтар жұмыс істеп,  
Тоңазытқыш, монитор,  
Кофеқайнатқыш, шаңсорғыш,  
Ток әкеледі бізге қуат.  
Ток – үйдегі бірінші көмекшіміз.  
Адал да сенімді досымыз.

Электр тогы адамдарға көмектескенімен, өте қауіпті.

Электржабдықтарды қолданудың ережелері

1. Ақауы бар электр құралын пайдаланбау, қоспау.
2. Сымдары оралған қосқыштарды қоспау.
3. Су қолмен электржабдықтарды және сымдарды ұстама.



4. Егер электржабдыктарынан, оның сымдарынан түтін иісін сезсең немесе ұшқын көрсең, үлкендерге айту керек.

5. Жуынатын жерде электржабдыктарды қолданбау.

6. Шамдарды қағазбен жаппау керек.

7. Электржабдыктарды, үтікті, шайнекті қосып, ұмытып кетпеу керек.

8. Далаға шығарда барлық электржабдыктарды өшіріп кету.

Осы ережені орындауда қандай қауіп бар?

Ережені орындамасандар, өрт пайда болуы мүмкін. Ойлап қараңдаршы, сендер көйлек үтіктеп жатып, үтікті өшіруді ұмыттыңдар. Ұмытшақтық неге әкеп соғатынын көріндерші. Мына сөздерден сөйлем құрап көріндерші: киім, үтік, сымдар, қосқыш, өрт, түтін.

*Сұрақтар:*

1. Үйлерінде бар электржабдыктар туралы айтып беріндерші.

2. Оларды не жұмыс істетеді?

3. Электр тоғын қолдану кезінде болатын қандай ережелерді білесіңдер?

## № 5.2 Электрқұралдарды қарастыру. «Жұмбақтарды шешу»

Жұмбақтар

1. Басқышын бассаң егер,  
Ән ойнайды. (Магнитофон)

2. Терезелі сикырлы қорап,  
Ол терезеде – кино! (Теледидар)

3. Шанды тез тауып, лезде жұтады,  
Біз үшін тазалық сақтайды.  
Ұзын шланг  
Тазартады ... кілемді. (Шаңсорғыш)

4. Үтіктейді көйлекті де, жейдені,  
Үтіктейді қалталарды.  
Шаруашылықта нағыз дос  
Есімі оның ... (Үтік)

5. Қарашы қызығып,

Ішінде оның солтүстік полос!  
Жарқырап тұр онда қар мен мұз,  
Онда қыс өмір сүреді. (Тоңазытқыш)

6. Мен ғана, мен ғана,  
Асханада маңызды.  
Менсіз еңбек етпесеңдер,  
Түскі ассыз қаласындар. (Электрпеш)

7. Қарашы қорабына  
Айналады менде зырылдауық.  
Ұрмайды ешкімді,  
Бірақ бәрін езеді. (Миксер)

8. Үстел үстінде, шапкада,  
Әйнекті домалақ,  
Қоныстады досымыз,  
Жарықшаға көңіл-күй берді. (Үстелүсті шамы)

### № 5.3 Ойын: «Не бар, не болды?»

Баяғы заманда адамдар электр тогын қолдануды білмейтін. Қанекей, бұрынғы заманға оралып, электр тогынсыз қалай жұмыс істегенін көрейікші.

Ойын «Не бар, не болды?»

Балалар суреттері бар карточкаларды жұптармен қояды: кір жуатын машина – тегене, іс тігетін машина – ине, электршам – шырақ, күнтізбелік сағат – электрлі сағат, пеш – электрпеші, газ пеші, есеп – компьютер. Ал енді болашақта не болатынын армандаңдаршы. Суреті бар карточкадағы бір жабдықты игеру керек болады деп елестетіндерші. Олар адамға қалай көмектесетінін, қандай жаңа әрекет жасайтынын ойлаңдаршы.

Ойын «Не бар, не болды?». (Балалар жылытқыш жапқышты, тез жүретін етікті, жылытатын шұлықты қалай жасау керек екенін ойлайды). Электр тогы – керемет ғылыми жаңалық. Электр тогын ғалымдар 160 жыл бұрын ойлап тапқан. Қазір барлық мекемелер электр тогының арқасында жұмыс жасайды. Автоматтар, компьютерлер адамға жұмыс істеуге көмектеседі.

Электр жабдықтарды қолданудың ережелері  
Болмайды:

– электржабдықтарды қосуға, ток ұруы мүмкін.

Қыздар менен ұлдарға,

Қосқышқа саусақтарыңды салмаңдар.

– Электржабдықтарды су қолмен ұстауға болмайды, ток ұруы мүмкін.

– Теледидар мен шаңсорғыштан түгін иісі шықса, үлкендерге айт. Өзің ажыратушы болма.

– Электр құралдарын токқа қосқанда оның ақауы бар екені анықталса немесе күйген иіс шықса, үлкендерге айт.

– Үйден шығарда барлық электр жабдықтарды өшіруді ұмытпа, үлкендердің есіне сал.

– Электр жабдықтарды сымынан тартып, ажыратуға болмайды, штепселін ұстап өшіру керек.

– Қосқыштың алдына ешқандай заттар қойма.

– Еш уақытта үзілген сымдарды ұстамаңдар. Өмірге өте қауіпті.

– Есінде болсын, электр тогы ережені сақтамайтын және оған мән бермейтін адамдарды ұнатпайды.

*Балалармен тақпақ жаттау:*

Қосқыштардан төк ұрса немесе жарқылдаса,

Өлдебір дыбыс шықса,

Үлкендерге айт оны –

Өзің оған кіріспе, өтінем,

Электр тогы қауіпті!

Онымен ойнауға болмайды.

Жұмбақтар шешулерімен

Тапсырма: Үтіктің, тоңазытқыштың, электршамдардың, үстелүсті шамдарының суретін салыңдар.

Жұмбақтар

Қыс бойы, жаз бойы

Онда суық, мұз.

Балықтар көжені

Сақтайды онда. (Тоңазытқыш)

Қабырғада ілініп тұрады,

Түрі оның айнадай.

Кешкісін біз оны жаққанда,

Бөлмеге жарық береді. (Шам)

Барлық шандарды сорады,  
Кілем мен орындықтарды тазартады.  
Үйдегі барлық қоқысты жинайды,  
Ешқашанда түшкірмейді. (Шаңсорғыш)

Жаңа жуған су шашты  
Мен тез кептіріп үлгерем. (Шашкейтiргiш)  
Барлық киімді жинап алып  
«Жушы» деп айтам.  
Барабаныңды айналдырып,  
Киімдерді таза қылдыр. (Кір жуатын машина)

Крем жасауға арналған,  
Жұмыртқаны жұмсартады. (Миксер)

**№ 5.4 Жағдайларды қарастыру. «Дымбілместің қателерін тап»**

**№ 5.5 Электр тогы мен электржабдықтар**

**Мақсаты:**

Ересек топ балаларына жағдай жасау, электржабдықтарды қолдануға және қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.

**Тапсырмалар:**

– Балалардың электр тогы мен оның қолданылуы жайлы білімдерін кеңейту және жетілдіру.

– Электр тоғын пайдалану оның қауіпсіздігін және өмірде қолдануын үйрету.

– Ойлау қабілетімен қызығушылығын арттыру, ізденістерін арттыру.

– Қоршаған ортадағы заттармен іс жүзінде бір-бірімен әрекетін айту.

– Балаларды электржабдықтарды қауіпсіз қолдануға тәрбиелеу.

– Алған білімдерінен қуаныш сәттерін тудыру.

– Топта жұмыс жасауға тәрбиелеу.

**Құрал-жабдықтар:** Электр жабдықтарының суреттер жинағы және «Суреттерді жина» дидактикалық материалдары, жаднама, қуыршақтар (біреуі батареикамен, екіншісі батареикасыз), бала санына байланысты пластмасса таяқшалар, жібек, мата қиындылары мен түрлі түсті шарлар.

**Алдын алу жұмысы:** әңгімелесу, иллюстрация карау, дидактикалық ойындар, жұмбақ шешу, қойылымды жаттау.

**Жұмыс барысы:**

1. Кіріспе бөлім.

Балалар орындықта жартылай шеңбер жасап отырады.

Қолы оралған Буратино шаршап, шалдығып кіреді.

**Буратино:**

– Сәлеметсіңдер ме, балалар.

**Тәрбиеші:**

– Сәлеметсің бе, Буратино. Саған не болды?

**Буратино:** Не, не? Сендер менің бұзықтық жасағанды ұнататынымды білесіңдер ғой. Менің басымнан көптеген жағдайлар өтті. Біріншіден, мен аспашамға мініп тербеліп отырғам, ол үзілді, сол кезде мен сымынан ұстап түспекші болғам, мені ток тарта жаздады. Екіншіден, мен шай ішкенді ұнатам, шайнекті токқа қосып, ұмытып кетіппін. Ол қайнап-қайнап, суалыш қалыпты, содан өрт шыға жаздады. Үшіншіден, мен үтікке күйіп қалдым. Сонымен қатар, тағы да неше түрлі жағдайлар басымнан өтті.

**Тәрбиеші:** Балалар, қалай ойлайсыңдар? Буратиноның жасаған қылықтары дұрыс па? (балалар жауабы). Буратино, сен білесің бе, біздің балалар бұндай қылықтар жасамайды. Олар электржабдықтарының пайдалану ережесін жақсы біледі және оны әрдайым естерінде сақтайды.

**Буратино:** Жарайды, шынымен бәрін дұрыс орындап, ережені бәрі біле ме?

**Тәрбиеші:** Ия, ия, біледі, орындайды. Ал сенің білгің келе ме?

**Буратино:** Ия.

**Тәрбиеші:** Балалар, Буратиноға көмектесеміз бе? Мен сендерге не істеулерің керек екенін айтамын, ал сендер орындайсыңдар.

2. Негізгі бөлім:

Біздің электржабдықтарын көп қолданамыз. Олар сиқыршы сияқты, бізге көп жағдайда көмектеседі. Онсыз адамның өмір сүруі қиын болатын еді. Балалар, сендердің үйлерінде электржабдықтары бар ма? Атап беріндерші. *Балалардың жауабы.*

**«Суретті жина» дидактикалық ойыны.** (Балалар электржабдықтардың қиылған суреттерін жинайды. Басқа балалар суретті жинап жатқанда, қалғандарына жұмбақ жасайрады).

– Енді корейікші, біздің көмекшілерімізден не шықты? (*Қандай суретті және ол заттың қандай қызмет атқаратынын балалар айтады*)

– Қалай ойлайсындар, адамдар электржабдықтарды не үшін ойлап тапқан? (*Тез және оңай болуы үшін*).

– Жабдықтар жұмыс істеу үшін оны қайда қосады? (*Балалар жауабы*)

– Жабдықтар жұмыс істеу үшін оларды қосқышқа қосады. Қосқыш – электр тогына апаратын есік.

– Барлық үй жабдықтарын не екенін көрмей отырып, еңбек еткіздіретін. (*Балалар жауабы*).

#### **Тәрбиеші:**

– Дұрыс айтасындар! Электржабдықтарды электр тогынан өтетін сымдар жұмыс істетеді. Электр тогы көл сияқты, тек көлден су ағады, ал сымдардан кішкентай электрондар ағады.

– Ал қазір ойын ойнайық. Ойлап қарандаршы, сендер сымдардан өтіп бара жатқан кішкентай бөлшектерсіңдер.

#### **Ойын «Ток сымнан өтеді»**

Балалар оң және сол қолмен түйіншекті жіпшені ұстап, мына сөздерді айтады.

Ток өтеді сымдардан,  
Пәтерімізге жарық беріп.  
Жабдықтар жұмыс істеп,  
Тоңазытқыш, монитор,  
Кофеқайнатқыш, шаңсорғыш,  
Ток әкеледі бізге қуат.

#### **Тәрбиеші:**

Кішкентай қызбен болған ұлағатты оқиғаны тындап көріндерші.  
М. Монакованың өлеңі «Қызық емес маған қосқыштар».

#### **Қыз бала:**

Қонаққа бізге көршіміз келді.  
Тал түсте біз ойнадық.  
Қостық біз қосқышты,  
Қосқыштан лаулап от шықты.  
Біз көршіміз екеуміз,  
Өрең-өрең дегенде секіріп үлгердік.  
Үлкен жанкүйер біздің әкеміз  
Бізге айтты:

#### **Ұл бала:**

«Қосқышта ток,  
Қосқышты ұстауға кеңес бермеймін.

Үтіктер мен сымдарды

Ұстамаңдар ешқашан.

Ток көрінбейтін қол

Ток ұруы мүмкін сені!»

– Балалар, бұл тақпақ сендерге нені үйретеді? (*Ток қауіпті, қосқышпен ойнауға болмайды*).

Балалар, сендер ең маңызды ережені білесіңдер ме, Буратино үшін ережені қайталайықшы:

Қалампыр мен сымдарды

Қосқышқа қоспаңдар.

Электр тогы қауіпті,

Оны бәрі білу керек.

Электржабдықтарды қолдану кезінде сақтық ережесін қолданбаса, не болуы мүмкін?

– Дұрыс айтасыңдар, сақтық ережесін сақтамасақ, оқыс жағдай болады, өрт пайда болады.

**Тәрбиеші:** Өмірге қауіпсіз, білінбейтін электр токтары да бар. Олар барлық жерде өмір сүреді, оны ұстап алсаң, қызықты ойын ойнауға болады.

Мен сендерді «Сикырлы заттар» әлеміне шақырамын, онда біз электржабдықтарды қолдануды үйренеміз. Көзді жұмып, 10-ға дейін санаңдар. Міне, біз сикырлы әлемге келдік.

1. Қабырғада шарлар ілініп тұр, жерде түрлі түсті шарлар жатыр. Тәрбиеші балаларға шарларды қабырғаға ілуді ұсынады. (*Балалар шарларды қабырғаға ілуге тырысады, бірақ іле алмайды*)

**Тәрбиеші:**

– Неліктен мына шарлар ілініп тұр, ал сендердің шарларың ілінбей, жерге түседі? (*Балалар тұжырымы*).

Қанекей, біз де шарларымызды сикырлы қылайықшы, қалай жа сау керек екенін мен айтып тұрам. Шарларды шаштарына үйкелеңдер де үйкелеген жақпен шарды қабырғаға басыңдар. Мінекей, біздің шарлар да ілінді, сикырлы болды. Шарларды шашқа үйкелегеннің арқасында шашымыздағы ток көзін ұстадық, бұл дегеніміз біздің шашымызда электр тогы өмір сүреді. Электр тогы пайда болуының арқасында шарлар қабырғаға жабысты.

**Қорытынды:** Шаштарда да электр тогы болады.

2. Ал енді біз басқа құралдарды да сиқырлы етіп көрейік. Подностан пластмасса таяқшаларды алып, қағаздан жасалған шарларға тигізіндер. Не көріп тұрсыңдар? (*Тыныш жатыр*).

Қазір біз жай таяқшаларды сиқырлы қылып жасаймыз, олар электр тогын өзіне тартатын болады. Бөлек жүннен жасалған шарфты алып, пластмасса таяқшаға үйкелейміз. Жайлап шарларға тигізіп, оны жайлап көтеріңдер. Шарлар көтеріледі. Неліктен?

Таяқшалар электрлі болды да шарларға жабысты, өзіне тартты. Таяқшалар неге электрлі болды? Шарфтың бөлігімен үйкеледі.

**Қорытынды:** Электр тогы шашта ғана емес, киімде де болады.

3. Менің қолымда машина бар. Тетігін басқанда, машина жүрмейді. Не болды екен? (Балалар жауабы) Шынымен де мұнда батарея жоқ екен. Қазір мен бұл машиналарға батарея қоямын – қосуды қосуға, алуды алуға. Ойыншықтар жұмыс істеді. Неліктен?

Батареяда қандай күш бар екен? (Балалар жауабы).

Батареяны қосқанда, ойыншық арқылы электр тогы пайда болды, содан жұмыс жасады.

**Қорытынды.** Батареяда бізге қауіпсіз электр тогы бар. Батареясы бар ойыншықтармен ойнаған өте көңілді және қызықты.

– Сендердің үйлерінде батареялы қандай ойыншықтар бар? (*Балалар жауабы*).

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, балалар! Сендер бүгін жабдықтарды сиқырлы етуді үйрендіңдер. Бізге енді сиқырлы қаламен қоштасу керек, балабақшаға қайту керек. Қазір көздерінді жұмыңдар.

Бір, екі, үш, төрт, бес – балабақшаға келдік.

3. Соңғы бөлім.

**Тәрбиеші:** Қанекей, Буратино, біздің балалардың электржабдықтарды қолданудың ережесін білетініне енді көзің жетті ме?

**Буратино:** Иә, балалар, жарайсыңдар! Мен де электржабдықтарды қолданудың ережесін сақтайтын боламын.

**Тәрбиеші:** Дұрыс, Буратино, қауіпсіздік ережесін міндетті түрде сақтау керек.

**Буратино:** Балалар, сендерге рахмет, енді мен қауіпсіздік ережесін есте сақтап, орындайтын боламын. Енді маған кету керек, балалар, сау болыңдар.

**Тәрбиеші:**

– Міне, біздің сабағымыз да аяғына жетті.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған маңызды қауіпсіздік ережелері.



Үлкендердің көмегінсіз, олар үйде болмағанда электржабдықтарды қоспау.

Барлық қауіпсіздік ережесін сақтасаңдар, электр тогы сендердің жақсы достарың болады. Сендер электржабдықтарды қолданудың ережесін ұмытпасын деп, сендерге жадынама беремін. Жадынамаға карап, не істеу керек екенін ұмытпаңдар.

Тілейміз біз сендерге,  
Бақытсыздық пен өрттен  
Өмірде құтылуды,  
Естерінде болсын, отпен ойнасаң,  
Әкеледі сендерге өрт пен зұлымдық  
Ережені күнде сақтасаңдар,  
Отпен ешқашан да ойнама!

#### № 6.1 Әңгімелеу «Үйдегі өрт туғызатын заттар»

##### Максаты:

Өрт шығаратын заттар туралы білімдерін арттыру; өмірлері мен денсаулықтарына зиян келтіретін заттарды білуге үйрету; өз беттерімен қорытынды жасай білуге тәрбиелеу.

Балаларға өрт шығаратын заттарды үлкендерсіз тиісуге болмайтынын есте сақтауларына көмектесу.

Балаларға ұстауға болмайтын заттарды атап шығуды ұсынамын. (Оттық, сіріңке, үтік, теледидар, газплитасы, электрлік заттар).

##### Сұрақтар.

Өрт қайдан шығады?

Теледидарды токтан ажыратпай қалдырып кетуге болама?

Үтік пен газплитаны ше?

Шаңсорғышты балаларға неге қосуға болмайды?

Неліктен балаларға оттықпен мүлдем ойнауға болмайды?

Көркем әдеби шығармаларды қолдану («Мысықтың үйі» С. Маршак, «Шатаспа» К. Чуковский).

Балалармен қауіпті жағдайларға түскен шығармалардағы кейіпкерлер туралы әңгімелеу және қандай дұрыс әрекеттерді істеу керек екендігін айтып түсіндіру.

##### Жұмбақтар жасыру.

Тәрбиеші балаларға пештен, теледидардан, үтіктен шыққан от жалынының суретін салуды ұсынады.

**Ойын: «Солай ма, әлде олай емес пе?»**

– Мен сөз айтам, егер де сендер дұрыс деп ойласаңдар, шапалақ-  
таңдар. Ал дұрыс емес болса, тыныш отырыңдар.

– Үйден шығарда шамды сөндіру керек.

– Үлкендер үйде болмаса, оттық ойнау керек.

– Мысықтың үйінде өрт шыққанда, ол төсек астына тығылды.

– Егер өрт шықса, мен телефонмен «25» нөміріне қоңырау шала-  
мын.

**№ 6.2 «Пәтердегі өрт» мультфильмін қарау. Мазмұндау.**

**№ 6.3 Б. Житковтың оқу шығармашылығынан «Өрт» (қай-  
талау)**

**№ 6.4 Ойын: «Шығар жолды тап»**

*Дидактикалық ойын*

**Мақсаты:** Топтың кеңістігін бағдарлау, балалардың өрт сөндіру  
ережелері туралы білімдерін кеңейту, өрт болған жағдайда балалар-  
дың тәртібін, дағдыларын тәрбиелеу.

Ойынның барысы:

– Қағазбен фломастер немесе қарындаштар алып, өз тобының  
схемасын салыңдар. Егер коридорда түтін шықса, үлкендерді ша-  
қыру, сызықшалармен көрсету. Бір-біріне қараңдар.

– Жауап дұрыс берілді ме?

– Өз бөлмеңнің жоспарын сал.

– Егер бөлмеде түтін болса, қалай шығасыз? Сызықшамен бел-  
гіле. (*Барлық балаларды тексеру*).

**№ 6.5 «Өртпен күресу үшін өртсөндіруші болу керек»**

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті**

**Сабақтың мақсаты:** Өрттің қауіпті екендігі туралы білімдерін  
қалыптастыру; балалардың электр және газ құралдары туралы білім-  
дерін жүйелеп бекіту; қауіпті жағдайларда балалардың өзін-өзі ұс-  
тау әрекеттерін қалыптастыру; өртсөндірушінің мамандығына қы-  
зығушылықтарын арттыру және тәрбиелеу.

**Алдын ала жүргізілетін жұмыстар:** Өрт туралы әңгімелеу, өрт  
сөндіру көліктерінің суреттерін қарастыру, көркем әдебиет шығар-  
маларын оқу.

**Көрнекілік құралдар:** түрлі түсті қарындаштар, ақ қағаз, көрмеге қоятын кітаптар, өрт сөндіретін көліктің контуры жетіспейтін бөлшектері, екі телефон, «Жас өртсөндіруші» төсбелгісі.

**Сөздік жұмыс:** өрт, өрт сөндіретін көлік, вилка, розетка.

1. Шаттық шеңбері.

Әңгімелеу.

Өмірде әртүрлі күтпеген жағдайлар болып тұрады, мысалы:

«Тили-тили-тили-бом,

Мысықтың үйін өрт шалды...»

– Мысықтың үйінде қандай жағдай болды?

– Неліктен өрт шықты?

– Мысықтың үйімен не болды?

– Бұл шығарма қалай аталады және кім оны жазды? (С. Маршак «Мысықтың үйі»)

– «Өрт қауіпсіздігін білсең, сен өртті жеңіп шығасың». Мен бүгін сендерге өрт қауіпсіздігін қаншалықты білетіндерінді көрсетулерінді сұраймын.

1. Ойын «Жақсы ма, жаман ба?»

2. Өрт неден шығады? Суретін салып көрсет. (*Топтық жұмыс*).

3. Көркем әдеби шығармалар бойынша викторина.

«Өрт жалындап, түгін басты бөлмені,

Су шашырады жан-жаққа.

Ана жылап, тақалды өртсөндірушіге:

– Құтқар, құтқарыңдар менің қызымды!

– Жоқ қызың! – деп жауап айты өртсөндірушілер дауыстап. Қыз ғимараттан табылмады».

(С. Маршак. «Белгісіз батыр туралы әңгіме»)

«Боб баспалдақпен жүгіріп, қалың түтіннен көрінбей қалды. Бес минуттан кейін ол тісімен қызды алып шықты.»

(Л. Толстой. «Өртсөндіруші ит»).

«Ұзақ-ұзақ құлдырауын

Өзенді өрттен сөндірді.

Тоқашпен, құймақпен,

Кептірілген саңырауқұлақпен.»

(К. Чуковский «Шатыспа»)

– Тоқашпен, құймақпен, кептірілген саңырауқұлақпен өрт сөндіруге бола ма? Әрине, жоқ, К. Чуковский эзіл өлең жазған.

**Сергіту сәті.** (Өлең бойынша жаттығу).

– Өрт шықса, не істеу керек?

4. Қауіпті практикалық оқиға. «Анасы киім үтіктеп жатыр еді, түскі асқа нан жок екені есіне түсіп кетіп, тез киініп кетіп қалды. Сендер үйде жалғыз қалдыңдар. Күйіктің иісін сездіндер, перденің өртенгенін көрдіңдер, өйткені аналарың асығыста пердеге жақын тұрған үтікті сөндіруге ұмытып кетті. Сендер не істейсіңдер?»

*(Үтікті сөндіреміз, жанына баруға мүмкіндік болса, үлкендерден көмек сұраймыз, көршілерден көмек сұрау, 101-ге хабарласам, үйден шығып кетем, далада өртсөндірушілерді тосам).*

– Өрт туралы қалай хабарлаймын? (Өз есімімді, тегімді, мекен-жайымды айтамын).

#### 5. Телефон арқылы диалог.

Сендер өрт сөндіру көмегін шақырдыңдар, олар көмекке шықты.

– Өрт сөндіру машинасы қандай түсті? Неліктен?

6. Ойын жаттығуы «Техниканы жөндейміз» *Жетіспейтін бөлшектердің суретін салу, өрт сөндіру көлігін бояу. (Топпен жұмыс).*

Сұрақ-жауап «Тез жауап бер»

Жерге түсті от шоғы,

Жанды ағаш едені.

Сен тоспа, қарап тұрма,

Тез әкел сен... (суды).

– Егер сенің інілерің

Үйде сіріңкемен ойнаса,

Не дер едің сен оларға?

– Бірден сіріңкені ... (алар ем).

Қатты қызса үтік егер,

Не істейсіңдер, балалар?

Токтан тезірек шығарам... (өрттен үйді құтқарам)

Егер үйде өрт шықса,

Сен ойланба, балақай.

101-ге тез хабарлас.

– Сендер барлық сұрақтарға дұрыс жауап бердіңдер, өртсөндіруші атағына лайықсындар, сендерге «Жас өртсөндірушілер» деген медаль бергім келеді.

### № 7.1 Әңгіме: «Көгілдір от»

Сендермен бірге асүйге саяхат жасайық. Асүйде қандай нәрселер бар?

– Үстел, орындық.

– Сендерге асүйде неге ойын ойнауға болмайды?

– Асүй – ас даярлайтын жер. Газплитасында асқа толы ыдыс тұрады. Шайнек қайнайды. Сендер байқамай, ыстық шайнекке қолдарыңды күйдіріп алуларың мүмкін. Сүйікті ойыншықтарымен өз бөлмелерінде ойнаған жөн. Естерінде болсын! Газды тек үлкен адамдарға ғана қосуға болады, балалар оны істемегені жөн.

Газплитаның үстінде шайнек тұр деп ойлайық. Ішіндегі су қайнап жатыр. Суы сыртқа ағып, конфоркаға ағып, жанған отты сөндіруі мүмкін. Осындай жағдай газплитасын қадағаламаудан болады.

Газдың иісін сезгенде, не істеу керек? Ең алдымен, үйдегі үлкен кісілерге айту керек. Шамды қоспау, сіріңкені жақпау, телефонмен сөйлеспеу керек. Неге? Өйткені, газ жарылуы мүмкін. Сол үшін үйдегі терезелерді ашқандарың жөн. Газплитаның ақауы бар екенін жалынның түсі арқылы білуге болады. Егер жалын көгілдір болса – дұрыс, егер қызыл немесе сары болса – жөндеуші шеберді шақыртып, газплитаны жөндеу керек.

Егер газплитасынан иіс шықса, 104 нөміріне телефон арқылы хабарлап, көмек келгенше далада жүру керек.

### № 7.2 Суреттерді қарастыру. «Ыстық-суық»

#### № 7.3 Ертегі «Тентек жел»

Ертеде жел жас және өте қызыққұмар болатын. Әр іске кірісіп кететін. Жел қаланың көшелерінде ұшқанда, бұзықтық жасайтын, өтіп бара жатқан адамның бас киімін шешетін және үйге кіргенді жақсы көретін.

Бір күні жел асбөлмеге ұшып кіреді, қараса, ешкім жоқ. Тек жанып тұрған газплитаның үстінде ас пісіп жатты. Ол қызық көрін, ыдыстың қақпағын ашайын десе, аша аламайды. Қақпақ өте ауыр екен. Жел ызаланып соға бастады.

Ал газплитасының отын жағып, үстіне ас салынған ыдысты қойған Айкүміс әже болатын. Орамжапырақ пісе берсін, ал мен кішкене дем алайын деп, диванға жатқан бойы ұйықтап кетіпті. Жел асбөлмеде ұшып, жалығып кетіпті.

– Қызық, менің күшім газплитасының отын сөндіруге жете ме? Байқап көру керек еді – депті жел.

Ол бар күшімен отты үрлей бастайды, от сөне жаздайды, жел қайтадан үрлейін дегенде біреудің ашулы дауысын естиді.

– Тындашы, жел! Отпен ойнауға болмайды! Жаман ойын тапқан екенсің.

– Сен кімсің мені үйрететіндей? – дейді ашуланған жел.

– Мен – Сикырлы шегірткемін. Сен мені оятып жібердің. Сен газды өшірсең, Айкүміс әже газға уланып қалады, сен оны қаламайсың ғой?

– Әрине, қаламаймын. Мен көгілдір түсті газ деп ойламаппын, енді олай істемеймін.

– Айкүміс әже таңсәріден бәліш пісірді, салат жасады. Сол себепті Айкүміс әже шаршады, біраз жата тұрам деп ұйықтап қалды. Кешке оған қонақтар келеді – деп түсіндірді оған Сикырлы шегіртке.

– Қандай көмек берсек болады? – деп сұрады Жел.

– Балконға ұшып, жайылып тұрған киімдерді үрлеп кептір. Айкүміс әже мәз болады.

Жел Сикырлы шегірткенің айтқанын істеді, балконға ұшып, Айкүміс әженің киімдерін кептірді.

1. Жел қандай бұзақылық жасады?

2. Жел қай жерге ұшты?

3. Неге оны қызыққұмар деп атады?

4. Газплитасының үстінде не тұрды?

5. Қалай ойлайсыңдар, газплитаны қосулы қалдыруға бола ма? Неге?

6. Газплитасымен ойнауға болмайтынын кім түсіндірді?

7. Жел Сикырлы шегірткені тындады ма?

8. Ол қайда ұшып кетті?

№ 7.4 Ойын: «Жұмбақ шешіп, сурет сал»

№ 7.5 «Газдың иісін сезсең не істер едің?...»

№ 7.6 «Біздің үйде газ бар»

#### Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

**Мақсаты:** Балаларды газплитасымен таныстыру, балаларға газплитасын қолдану ережелерін сақтамаса, не болатынын айту. Балалардың өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтауға үйрету.

**Құрал:** Газплитасы бейнеленген суреттер.

**Сабак барысы:**

**Тәрбиеші:** Балалардан газплитасы не үшін керек екенін сұрау. Балаларға газплитасын қолдануға болады ма? Газплитасы немен қауіпті? (*Балалардың жауабы*).

**Тәрбиеші:** Газплитасы әр үйде бар, ол ас пісіру үшін керек. Газплитасының конфоркасына жанып тұрған сіріңкені жақындатсақ, газ тұтанады. Жұмыс істеп тұрған газплитасына қағазды және тағы да басқа нәрселерді жақындатпау керек. Үй ішінде газдың иісін сезсеңдер, сыртқа шығып, телефонмен «104» нөміріне хабарласуы қажет, көмек келгенше үйге кіруге болмайды.

Балаларды көмек шақыруға, телефон арқылы өрт сөндіру мекемесіне хабарлауға үйрету, үйде газдың иісі шыққанын айтуды үйрету.

**Тәрбиеші:** *нөмірді дұрыс теруін және сөйлеуін бақылау.*

**Ойын:** «Баланы құтқару»

Бұл ойында, балалар, құтқарушы ойыншыққа жету керек болады. Ойыншықты құтқару керек, қай команда ойыншықты көп құтқарса, соның командасы жеңіске жетеді. Ойын балдырғанды құтқару. Бөгеттерден өтіп, қуыршақты құтқару. Қай бала көп құтқарса, сол баланың командасы жеңіске жетеді.

### **№ 8.1 «Біздің өрт қауіпсіздігі бұрышы» тақырыбындағы әңгіме.**

**Мақсаты:** Балаларда сөздік-логикалық ойлау, яғни (жауап) жұмбақтарға жауап іздеуді дамыту.

– «Өртті сөндіруге керекті құралдар» тақырыбын бекіту.

Жүргізуші жұмбақ жасырады:

**Мақсаты:** Балаларды өртке қарсы бұрыш мазмұнымен таныстыру, өрт сөндіру жайлы білімін кеңейту.

**Құрал-жабдықтар:** бала бақшасындағы өртке қарсы қорғаныс құрал-жабдығы.

– Қалай ойлайсыңдар, неге барлық заттар қызыл түске боялған? (Себебі бұл заттар өртті сөндіруге арналған).

– Сендердің алдарыңда өртке қарсы қорғаныс құрал-жабдығы тұр. Өрт шыққанда үлкендер өрт сөндіру үшін барлық қажетті заттарды осы жерден алады: шелек, ілгекті сүймен, балта, күрек, сүймен. Балалар, өртке қарсы қорғаныстан өздеріңе таныс заттарды атаңдаршы.

– Үлкендер өрт шыққанда бұл заттармен не істей алады? (Өртті өшіру үшін шелекпен су тасиды; балтамен отқа шалынған жерді шабуға болады, өрт болып жатқан жерге кіру үшін терезе немесе есікті сындыруға болады).

Өртке қарсы қорғаныс құрал-жабдығының арасынан басқа еш жерде көрінбейтін зат – ілгекті сүймен. Оның ұзын сабы және ұшында ілгегі бар. Бұл құралмен мекемеде жанып жатқан заттарды шығарады. Ілгекті сүйменнің сабы ұзын, сондықтан оны ұстаған адамға оттың қаупі аз.

Өртті сөндіргенде судан басқа да заттарды қолданады. Өртке қарсы қорғаныс құрал-жабдығының арасында жәшік бар. Қараңдаршы, онда не бар екен? Бұл құм не үшін керек? (Өрт кезінде отты құммен өшіруге болады). Ал бұл – киіз. Онымен отты қымтап жапсақ, өрт өшіп қалады. Өртке қарсы қорғаныста өртсөндіргіш қолданылады. Оны ересектер ұстауы керек. Көбікті өртке көздеп шашады, өрт өшеді. Біз өртке қарсы қорғаныста қажетті барлық заттарды көрдік. Қалай ойлайсындар, неге бәрі бір орында орналасқан? (Бұл өрт кезінде үлкендердің керекті құралдарды тез табуы үшін).

## **№ 8.2 Жұмбақ. «Өрт сөндіру құралдары»**

### **№ 8.3 Түтін**

Өртсөндірушілер айтады:

– Түтін өрттен де қауіпті. Өрттен адамдар қашады, ал түтін ішіне қорықпастан кіреді. Және сонда дем ала алмай қалады! Сонымен қатар түтінде ештеңе көрінбейді. Есіктің қайда екені көрінбей қалады. Түтін көз ашырмайды, мұрынды ашытады.

Сондықтан өртсөндірушілер бетіне маска киеді, ал маскаға түтік бойынша ауа кіреді. Бұндай маскада түтін ішінде көп болуға болады, бірақ ештеңе көрінбейді.

Өртсөндірушілер бір күні бір үйдің өртін сөндіріп жатты. Тұрғындар далаға атып шықты. Басты өртсөндіруші айкай салды:

– Қане, санаңдар, бәрі ме?

– Бір тұрғын жетіспейді.

Ер адам жауап қатты:

– Біздің Болат үйде қалды.

Басты өртсөндіруші газқағары бар адамды Болатты іздеуге жібереді. Адам үйге кірді.



Бөлмеде өрт жоқ, бірақ түтін жаулап алған. Газқағардағы адам бөлмені кезіп шықты, барлық кабырғаны ұстай, бар даусымен айқайлады:

– Болат, Болат! Шық, жанып кетесің! Дауыс бер!

Бірақ ешкім жауап қатпады. Өртсөндіруші шатырдың құлап жатқанын естіп, қорқып кетіп қалады.

Сонда басты өртсөндіруші ашуланып:

– Ал, Болат қайда?

– Мен бар бөлмені кездім, – деді ол.

– Әкел газқағарды! – деп, айқай салды басшысы.

Ол газқағарды шеше бастады. Басшысы төбенің жанып кеткенін көрді. Күтуге уақыт жоқ.

Сосын басшысы күтпеді, жеңіш суға малып, онымен аузын жауып, түтін арасына кіріп кетті. Ол жерге отырып, сипап іздей бастады. Диванды ұстай сала, ойлады: «мүмкін астына кіріп кеткен шығар, онда түтін аз, ол диван астына қолын созып, баланың сол жерде жатқанын түсінді. Басты өртсөндіруші баланы үйден алып шықты. Түтін иісінен басы айналса да, өртсөндіруші Болатты құтқарды. Дәл осы сәтте төбе құлап, барлық бөлме өртеніп кетті. Болатты әрі апарып, есін жинатты.

Болат қорыққаннан диван астына кіріп, құлағы мен көзін жұмғанын айтты. Әрі қарай есінде ештеңе қалмапты.

#### **№ 8.4 Викторина: «Сен білесің бе?»**

##### **Бағдарламалық мазмұны:**

Өрт қауіпсіздігі жайлы балалар білімін бекіту, өрт жау екенін түсіндіру, электржабдықтарды қолдану білімін дамыту, өрт шыққанда өзін дұрыс ұстауды тәрбиелеу.

**Құрал-жабдықтар:** Сандар және сұрақтардан тұратын панно.

##### **Барысы:**

Балалар үш топқа бөлініп, өз тобына атау ойлап табады және топ басшысын таңдайды. Топ басшысы рет-ретімен сандарды айта бастайды, ал жүргізуші – тәрбиеші сұрақты оқиды.

##### **Сұрақтар:**

1. Неге өртсөндірушілерді «101» телефон нөмірі бойынша шақырады?

Біріншіден, «101» нөмірін есте сақтау оңай, екіншіден, бұл қысқа нөмір, өрт болғанда әрбір минут қымбат. Үшіншіден, бұл нөмірді қараңғыда теру оңай.

2. Өрт көргенде не істеу керек?

Тезірек үлкендерді көмекке шақыру, өрт қауіпсіздігі бөліміне телефон соғу және өрттенген алшақ жерге қарай шығып кету.

3. Есігі жабулы бөлмеде балаларды жалғыз қалдыруға бола ма?

Болмайды, себебі бөлмеде электржабдықтар бар, олардан өрт шығуы мүмкін (Теледидар, тоназытқыш, пеш, лампы, су қайнатқыш, т. б.).

4. Неге от біздің досымыз?

5. Неге от жау бола алады?

6. Өрт оттан басқа несімен қауіпті?

Кейде өрттен де қорқыныштысы – түтін. Біріншіден, түтінге толған бөлмеде тез адасып, есікті таппай қалуға болады. Екіншіден, ыстық және улы түтінмен дем алу мүмкін емес және үшіншіден, түтін ішінде адамдар тұншығып өледі.

7. Неліктен шырша жанында бенгал отын жағуға немесе шартылдақпен ойнауға болмайды?

Кішкене ғана от ұшқыны шыршаның өрттенуіне себеп болуы мүмкін.

8. Неге өрт сөндіру көлігі қызыл түсті?

Қызыл түс – қауіп түсі, бұндай көлікті көргенде барлық адамдар жол береді, өйткені ол өрт сөндіруге асығып барады.

9. Өртті немен сөндіруге болады?

Өртті сумен, қатты матамен (теледидар түтіндесе), өртсөндіргішпен сөндіруге болады.

*Жұмбақ:* Ілініп тұрса – үндемейді,

Ашып қалсаң – пысылдайды

Және көбік шашылады... (өртсөндіргіш құрал)

**№ 8.5 Қауіпті жағдайларды қарастыру. «Сен не істеуші едің?»**

**№ 8.6 Өрттен қалай құтылу керек?**

**Мақсаты:** Балаларды өрт қауіпсіздігі ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру

– Балаларды өрт орын алған жағдайда ғимараттан бірден шығу керектігін түсіндіретін жағдайлармен таныстыру

– Қауіпті жағдайдан дұрыс шығу жолын түсіндіру

– Балаларға қосымша есіктің негізгі ережесін түсіндіру

– Өрт жағдайында өзін қалай ұстау керектігін ұғындыру

– Есте сақтау қабілетін, тілін, логикалық ойлауын дамыту  
– Өзін-өзі бақылауды және өрт барысында дұрыс шешім қабылдауды тәрбиелеу

**Өткізу формасы:** балабақша бойынша экскурсия.

**Құрал-жабдықтар:** лабиринт бейнеленген сурет.

**Сабақты өткізу жоспары:**

1. Тәрбиешінің балалармен әңгімелесуі. Тәрбиеші бірден мекемені босату керектігін түсіндіретін жағдайлар жайлы айтады. Орыс халық ертегісі «Үйшік»-ті еске алуды ұсынып, оны айтып беруді сұрайды, яғни аңдар үйшік құлап бара жатқанда қалай аман қалды? (Біреулері есіктен, біреулері терезеден қашты).

– Бұл үйшік тұрғындарының аман қалуына септігін тигізді ме?

– Үйшік құлап бара жатқанда олар есікке қарай барлығы бірдей ұмтылса, аман қала алар ма еді?

– Үйшік терезесі биік болса, секіруге болар ма еді?

Тәрбиеші жағдайды толық ашып, балаларға шын өмірде бұл жағдайдан қалай құтылу керектігін түсіндіреді: «Өрт шалған үйдің шатыры құлауы мүмкін, яғни онда өрт болса, үйді тез босату қажет. Бірақ терезеден бірінші қабат болса ғана секіруге болады».

2. Л. Толстойдың «Өрт» әңгімесін оқу.

3. Оқыған әңгімені талқылау. Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: «Өрт қайдан шықты? «Маша өз ойынының қауіптілігі туралы білді ме? Ваня үйде өрт болып жатқанын қайдан білді? Маша орындық астына тығылып, дұрыс істеді ме? Балалар қалай құтқарылды?»

4. Тәрбиеші: «Өртенген немесе түгіндеген мекемеде көп адам болған жағдайда, бұл мекемеде артық қауіпсіз шығатын есік болады. Қосымша қауіпсіз есіктер егер негізгі есік жабық болса, оған баратын жолды түгін немесе от бөгеген кезде қолданылады»

5. В. Бианкидің «Түлкі мен тышқан» ертегісін оқу.

6. Балаларды балабақшаның қосымша қауіпсіздік есіктерімен таныстыру. Тәрбиеші ертегіде балабақшадағы қосымша қауіпсіздік есігі болғанын анықтайды. Кейін тәрбиеші балаларға балабақша бойынша экскурсия жасап, қауіп төнгенде алдын ала қандай құтқару шаралары бар екенін қарауды ұсынады. Экскурсия барысында тәрбиеші балалар зейінін әрбір қабатта орналасқан жоспарға аударады, таныстырады.

– Бұл жоспарлар үлкендерге балаларды жоспарлы және үрейсіз қауіпсіз орынға алып шығуға көмектеседі.

Тәрбиеші балаларға өртсөндіргіш, өрт сөндіру краны, автоматты өрт дабылқағарын көрсетеді, қолданылуын түсіндіреді, сонымен қатар көп адамды орналасқан мекемеде неге есік болатынын анықтайды; егер бәрі бір есіктен шығуға тырысса оттан құтылады ма?; үнемі қолданылмайтын шығу есігі қалай аталады? Сосын тәрбиеші мен балалар бірінші қабаттағы қосымша есік пен екінші қабаттағы өртен қорғану балконындағы баспалдақты қарайды. Экскурсия барысында тәрбиеші балаларға сұрақ қоя алады: «Бірінші қабат пен екінші қабаттың қосымша қауіпсіздік есігін бір-бірінен қалай ажыратады? Қандай жағдайда қосымша қауіпсіздік есікті қолдануға болады? Неге екінші қабаттағы балкон есігі үнемі жабық тұрады?» Экскурсия соңында тәрбиеші балалармен өрт қауіпсіздігі баспалдағын қолдану ерекшелігін анықтайды.

7. Мекемеден қауіп төнгенде шығу. Тәрбиеші балаларға ғимаратты қауіп төнгенде босату туралы тапсырмалар береді. Мысалы: біз серуеннен келгенде, киім ауыстыратын жерден түтінді байқасақ, не істейміз? (қайтада далаға шығамыз). Жатын бөлмеде өрт басталса, не істейміз? (ойыншықтар бөлмесінен киім ауыстыратын бөлмеге, бұл бөлмеден далаға шығамыз). Егер біз бірінші қабатта ойыншықтар бөлмесінде болсақ, киім ауыстыру бөлмесі түгін түгінге толып, одан өту қауіпті болса, біз қалай құтқарыламыз? (тәрбиеші мен оның көмекшісі балаларды терезеден шығарады)

8. Ойын «Қашу-қашпау» және «лабиринттен шығу».

**Ойын:** «Қашу-қашпау»

Тәрбиеші қойған сұрақтарға балалар «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру керек.

**Тәрбиеші:** теледидардан түтін шықса, үйден қашып шығу керек пе? Шайнектен бу көтерілсе? Үйде бір нәрсе жанса? Үлкендер пеш жақса? Қабырға құлап, ойыншықтар құласа? Үйде қатты газ иісі сезіледі, пісірілген тамақ иісі ме?

**Ойын:** «Лабиринттен шығу».

Тәрбиеші балаларға лабиринт суретін ұсынады, ойын ережесіне сәйкес балалар онда қарындашпен жағдайы қиын жануарды құтқарып, дұрыс жолды сызып көрсетуі керек.

Қауіпті жағдайларды талқылау: «Сен қалай істер едің?»

**Мақсаты:** балалардың қаншалықты өрт жайлы білетінін анықтау, қауіпті жағдайда дұрыс жол таңдай білуі.

– Сен үйде жалғызсың. Теледидар жанды. Не істейсің?

– Табада май жанды, сенің әрекетің қандай?

– Балабақшада өрт, сенің әрекетің қандай?

### № 9.1 Әңгіме: «101, 102, 103 қызметі үнемі күзетте»

**Мақсаты:** көрсетілген суреттер негізінде 101, 102, 103 қызметімен таныстыру; адами қасиеттерге тәрбиелеу; өзгеге қол ұшын беру қасиетін арттырып, аяушылық пен жауапкершілік сезімдеріне баулу.

#### Ойын барысы

Балалар, кімнің үйінде телефон бар? Сендер телефонды қолдана аласыңдар ма? Сендер жиі қайда және кімге қоңырау шаласыңдар? (Әжеге, атаға, ағаға, таныстарға, мектепке).

Балалар тек сендер білетін нөмірлермен қатар, барлық адамдар білетін нөмірлер де бар. Бұл нөмірлерді сендер де білуге тиістісіңдер. Қазір біз бұл қандай нөмірлер екенін білетін боламыз. Ол үшін әуелі мына бір кішкентай қыздың басынан өткен оқиғаны тыңдайық (С. Маршак. «101» өлең-жырынан үзіндіні оқимын).

Анасы базарға кетіп бара жатып,

Қызы Ленаға айтты:

«Пешке, Лена, тиіспе –

Өрт болады әйтпесе...»

– Сендер қалай ойлайсыңдар, балалар, Ленаға не болады екен? (Балалардың жауаптары)

– Мұндай жағдайда қандай құтқару қызметі көмекке келеді?

– Дұрыс айтасыңдар! Өрт сөндіру қызметі! Ал оны көмекке шақыру үшін қандай нөмірге қоңырау шалу керек? – Дұрыс, «101» нөміріне. (Тақтаға «101» деген санды іліп қойып, барлық балалар осы санды бірге айтып, есіне сақтауы керек).

Ал енді басқа суреттерге қарайық (бір қыз далада жылап тұр).

– Қызға не болды? Қызға қалай көмектесу керек? Қандай қызмет керек? Қандай нөмірмен полиция шақыру керек? – Дұрыс, «102» нөмірі. (Тақтаға «102» нөмірі жазылған карточка ілінеді).

– Балалар, сендердің қатты ауырған кездерің болды ма? (Балалардың әңгімесі).

Ал сол ауырған кезде аналарың ешбір көмек көрсете алмаған жағдай орын алды ма? (Балалардың жауаптары).

Егер адам өзін жайсыз сезінсе, «Жедел жәрдем» шақыру керек. «Жедел жәрдемді» қай нөмірмен шақырамыз? (Тақтаға «103» нөмірі жазылған карточка ілінеді).

– Бұл қызметтер тәулік бойы жұмыс істейді. Себебі кез келген уақытта адамдар түрлі оқыс жағдайларға тап болуы мүмкін. Сол кезде аталған қызметтер бірден көмекке аттанады.

– Сендер қалай ойлайсыңдар, құтқару қызметінде жұмыс істейтін адамдардың қандай қасиеттері болу керек? (Балалардың жауаптары)

Ал қазір менің алақаныма өздерің атаған қасиеттердің атауын жинаймыз. (Мәрттік, шыдамдылық, жақсылық, рақымдылық, ақкөңіл, ақылды, өз ісінің шебері және т. б.).

– Балалар, естерінде ме, біз сендермен үлкен қаланың макетін жасаған едік қой?! Қалай ойлайсыңдар қай жерде оқыс оқиғалар жиі орын алуы мүмкін?

Балалар, біздің қаламызда да қауіпті орын алған сияқты. Маңызды хабарламалар келді: 1) 5 жастағы бала үйдің жанында алау жағыпты; 2) 3 жастағы қыз жоғалған; 3) 6 жастағы ұл бала қолын сындырған.

– Балалар, біз оларға көмектесе аламыз ба?

Біз үш топқа бөлінуіміз керек. Ол топтар «101», «102», «103» деп аталатын болады. Жолға шығудың алдында бізге арнаулы киімдер киіп, қажетті құралдарды чемоданға салу керек. Сонымен бірге барлығымыз бірге атаған құртқарушылар иеленуге тиісті ең басты қасиеттерді де ұмытпаңдар.

Ойын-эстафета: «Қай команда тезірек жолға чемодан жинайды». Әрбір топ өзіне қажетті құралдарды жинайды.

– Жарайсыңдар, балалар, сендер жолға дұрыс құралдарды жинадыңдар. Ал енді, балалар, берілген белгілер бойынша зардап шеккен адамды іздеп тауып, көмек көрсетіңдер.

Ойын сюжет бойынша дамиды.

## № 9.2 Суреттерді қарастыру. «Өрт қайдан шығады?»

### № 9.3 Қызметтік-іздеу иттері (Болған оқиға)

*Л. Толстой*

Кейде қалаларда өртенін жатқан үйлерде балалар қалып қояды. Оларды құтқару қиындық тудырады, себебі қатты шошынған балалар, көбіне, үндемей тығышып отырады. Сонымен бірге қалың түгіннен де ештеңе көрінбейтін жағдайлар кездеседі. Лондонда мұндай оқиғалар үшін арнайы үйретілген иттер бар. Бұл иттер өртсөндіру-

шілермен бірге қызмет атқарады. Үй өртенген кезде, өртсөндірушілер ең алдымен балаларды құтқаруға осы иттерді жібереді. Лондонда Боб есімді ит өз қызметінде он екі баланы құтқарған екен.

Бір күні тағы бір үй өртенеді. Өртсөндірушілер өрт шыққан үйге келген кезде, алдарынан бір әйел жүгіріп шығады. Ол жылап, үйде екі жастағы қызы қалып қойғанын айтады. Өртсөндірушілер үйге Бобты жібереді. Боб үйге жүгіріп кіріп, түгін ішінде көрінбей кетеді. Бес минуттан соң Боб қызды алып шығады. Анасы жүгіріп келіп, қызының аман-саулығын көріп, қуаныштан жылап жібереді. Өртсөндірушілер иттің де амандығын тексеріп жатқанда, ол қайта-қайта үйге қарай ұмтыла береді. Өртсөндірушілер үйде тағы да біреу қалған екен деп ойлады. Олар Бобты тағы да жібереді. Екінші рет шыққанда да Боб бір нәрсені тістеп келе жатады. Мұны көргендердің барлығы күліп жібереді, себебі Бобтың құтқарып әкеле жатқаны үлкен қуыршақ еді.

#### **№ 9.4 Ойын: «Дұрыс жауап бер»**

**Ойынның мақсаты:** Өрт сөндіру қауіпсіздігі туралы білімдерін бекіту.

#### **Ойын барысы**

Жүргізуші сұрақ қояды: «Не істеу керек, егер...»

Мұғалім суреттерді көрсетеді: «өрт басталса», «бөлме ішін көк түгін алса», «киімнің жанып жатса», «шөп өртеніп жатса» және т. б. Ал балалар осыларға жауап береді.

#### *Сұрақ*

1. Өрт басталды.
2. Бөлмеде көк түгін.
3. Киімнің жанып жатыр.
4. Теледидар түгіндеді.
5. Ескі шөп жанып жатыр.
6. Қоңырсық иіс сездің.
7. Күйдіргіш иістен дем алу қиын.

#### *Жауап*

1. «01» телефонына қоңырау соқ
2. Шығаберіске қарай жылжы
3. Жерге домалап сөндіріп, көрпе жамыл
4. Токтан ағыт
5. Құммен сөндіру керек
6. Терезені және балконды аш

## 7. Сулы мата арқылы дем ал

**№ 9.5 «Өрт болған жағдайда балалардың әрекеттері» мультфильмін қарау**

**№ 9.6 «Сен өртсөндіруші болмасаң да....». Ересек топта өтілетін сабақ конспекті**

### **Мақсаты:**

- 1) балаларды өртсөндіруші қызметімен таныстыруды жалғастыру;
- 2) адамның өміріндегі оттың рөлін айқындау: жақсы және жаман жақтары;
- 3) балалардың өрт қауіпсіздігі туралы білімін бекіту;
- 4) есте сақтауды, тапқырлықты дамыту;
- 5) балаларда мынадай қасиеттерді шыңдау: батырлық, өжеттілік, сыйайшылық;
- 6) сайыстық ойындарға қызығушылықтарын арттыру.

**Жабдықтар:** телефон, шелектер, шеңберлер, макет (үй), хайуанаттардың фигуралары. Өрт қауіпсіздігіне арналған плакаттар мен суреттер.

### **Кітаптар көрмесі:**

С. Маршак «Мысықтың үйі», «Өрт», «Белгісіз батыр туралы әңгіме»;

Л. Толстой, «Өртсөндіруші иттер», «Өрт»;

Б. Житков «Теңіздегі өрт», «Түгін», «Өрт»;

Е. Пермяк «От пен судың үйленуі».

**Ойын барысы.** Музыка ойнап, командалар кіреді.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті достар! Бүгін бізде викторина. Ол «Сен өртсөндіруші болмасаң да...» деп аталады.

«Құтқарушы» және «От тәжі» деп аталатын екі команда қатысады.

Орындалған тапсырмаларға баға беретін қазылар алқасы тағайындалады.

«Өрт» сөзін сіздер көп естисіздер. Кейбіреулеріңіз өрт болған кезде сыртынан көрген шығарсыздар. Алайда от – адамзат баласының ескі досы, оттың көмегімен бүгінгі күнгі пайдаланылатын көптеген игіліктер жұмыс жасайды. Ол адам тұрмысында, өндірісте үзіліссіз қолданылып келеді.



### «Құтқарушы» командасы.

Ізгі отсыз,  
Онсыз да бір күн өтпейді.  
Ол сенімді бізбен татуласады  
Суықты қуады, тұңғықтықты қуады.  
Ол ашық-жарқын алау  
Көтереді, сияқты жалау.

Сендерге от міндетті түрде керек,  
Сол үшін оған құрмет.  
Кешкі асты жылытады,  
Алмасты кеседі,  
Нан пісіреді. (Е. Ильин)

### Сайыс «Жұмбақты шеш»

1. Көмір еденге құлайды,  
Ағаш еденді жандырады.  
Қарама, күтпе, тұрма,  
Құй оған –...  
(суды).

2. Егер кіші сіңлілер  
Үйде сіріңке жақса,  
Сен қандай әрекет жасауың керек?  
Сен олардан сіріңкені...  
(тартып ал).

3. Егер бір жерде қоқым сақталса  
Немесе жай ескі зат,  
Қажет болса еңбектену керек,  
Бәрін жинау керек,  
Сыпырғыш, күректі алып,  
Тезірек бәрін...  
(жинау).

4. Ызындайды, жынданады,  
Судан қорқады,  
Тілі сөйлемейді,

Тісі болмаса да, тістейді...  
(От)

5. Не болады, егер шымшықтар  
Үйде сіріңке жақса?  
(От)

6. Ұшты шіркей,  
Көктеректен аяғы.  
Бір мая пішенге отырды,  
Барлық пішенді жеді.  
(Күкірт)

7. Біресе артқа, біресе алға,  
Қайық серуендеп келеді.  
Тоқтаса жаман,  
Теңізді теседі.  
(Үтік)

8. Көп – жесе де тоймайды,  
Ал ішсе, оледі.  
(От)

– Жарайсындар, тапсырманы орындадыңдар!

**Жүргізуші.** Бірақ от жақсы достан, жауыңа айналып, ұзақ жылдар бойы жасалған игіліктерді санаулы минуттарда ғана жоқ қылуы мүмкін.

**Сайыс «Өртсөндірушілерді шақыру»**

Отты көрсеңдер, қандай әрекет жасайсындар? (Команда жауаптары)

Балалар сапқа тұрғызылады. Берілген белгіден кейін әр топ мүшелері бір-бірден телефонға қарай жүгіріп барып, «101»-ге қоңырау шалады.

Білуге міндетті әрбір азамат –  
Өртсөндірушінің телефоны – «101»:  
Бір нәрсе өртенсе де,  
Бұл өткірлікті өзіне ал –  
Сізге өртсөндіруші жылдам келеді.

Шұғыл «101» телефонға соғындар,  
Дұрыс мекенжайыңды айтындар.  
Не жанды, қайда жанды, қорықпаңдар.  
Бір сәтте, көп айналмайды,  
Сендерді бәледен құтқарады!

**Жүргізуші.** Өрт сөндіру көлігінің басқа көліктерден қандай айырмашылығы бар? (Команда жауаптары)

Өрт сөндіру көлігі неге қызыл түсті?  
(Қызыл түс сақтық түсі, қауіпті жағдайды ескертеді).

**Сайыс «Абайла, от!»**

**Эстафета.** Үй өртенеді. Соны сөндіру керек. Бала судың шелегін көтерген қалпы жүгіріп барып, бөренеден секіріп өтеді де, үйдің терезесінен кіріп, өртті сөндіреді. Қайтадан артқа жүгіріп келіп, шелекті келесі адамға береді.

**Жүргізуші.** Жарайсындар!

Біз барлық күшімізді салдық,  
Өртті біз сөндірдік.  
Қиын болды, ауыр болды,  
Бірақ ұсталық пен айлакерлік

Бізді апаттан құтқарды.

**Сайыс «Қауіпті ертегі»**

Мына жолдар қандай туындылардан алынған?

1. Теңіз алаумен жанды,

Кит теңізден жүгірін шықты,

Ей, өртсөндірушілер, жүгіріңдер!

Көмектесіңдер, көмектесіңдер!

(К. Чуковский «Шатасушылық»)

2. Бір кезде айқайлады:

«Өрт! Жанамыз! Жанамыз!»

Тарсылмен, найзағай отымен

Айнала алак-алақ қарайды,

Қызыл жеңмен бұлғайды.

(С. Маршак «Мысықтың үйі»)

3. Не түтін бас үстінде?

Не күн күркіреген дауыстар

Үй өртеніп жатыр бұрышта.

Не тұңғиық айналасында?

Баспалдақтарды команда қояды,

Оттан үйді құтқарады.

(С. Михалков «Степа аға»)

**Сайыс «101 көмекке асығады»**

**Эстафета.** Сендердің максаттарың хайуанаттарды құтқару.

Бала «жылан» тәрізді кеглялардың арасынан хайуанаттар фигураларына қарай жүгіреді де, біреуін алып, артқа қайтады.

**Жүргізуші.** Балалар, өртсөндіруші қызметі не себептен батылдықпен байланысты? (Команданың жауаптары).

Ал сендер білесіңдер ме, құтқару қызметінің батырлары ерліктері үшін қандай сыйлықтармен марапатталатынын? (Команданың жауаптары).

Батырлар мынадай медальдармен марапатталады: «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Адамдарды құтқарғаны үшін» батырлық ордені; «Отан алдында Ерен еңбегі үшін».

**Жүргізуші.** Өрт жиі балалардың шала ісінен туындап жатады. Кішкентай оттың өзі үлкен қауіпке әкеп соғады, себебі балалар көп

ретте құрылыс алаңдарының маңында от жағады. Ойынның қызығымен, балалар алауды сөндіруге ұмытып кетеді. Сөнбеген алау желмен өршіп кетеді. Әсіресе, мұндай жағдайда тез жанатын заттар мен сұйықтықтар өте қауіпті. Қандай жанғыш сұйықтықтарды білесіңдер? (Бензин, ацетон, лак). Қатты тығыздықпен жабылған сұйықтығы бар заттар жарылыс тудырып, маңындағы адамдар ауыр күйіктер мен жарақаттар алуы ықтимал. Мұндай сәттерде өрт қауіпсіздік ережелерін білген дұрыс.

### Сайыс «Өрт сөндіру ережесін біліңдер және сақтаңдар»

Командалар кезекпен өрт қауіпсіздік ережелерін атайды.

Өртсөндірушілердің айтуы бойынша

Ол тым қауіпті,

Қағаздан егер жасалса

Қолдан жасалған абажур.

\*\*\*

Ол сенің жауың болмау үшін

Үтікпен абай бол.

Газдың үстіне киімді жайма –

Барлық біртұтас ретпен жанады!

\*\*\*

Қараусыз пеш қалып қойса,

Бір шок үлкен үйді күйдіру мүмкін.

\*\*\*

Үйдің және қораның жанында

Алауды жағушы болма!

\*\*\*

Мүмкін бәле болу үлкен,

Құрылыстар мен адамдар үшін.

Тастадыңдар сендер алауды орманда,

Міне, апаттық мұрында.

\*\*\*

Ойнама, досым, күкіртпен!

Сен ұмытпа, ол кішкентай,

Бірақ күкірттен – үлкен

Үй жанып кету мүмкін.

Қазыларға сөз беріліп, қорытынды жасалады. Жеңімпаздар марапатталады.

## **Жүргізуші.**

Айтындар барлығына, достар, сендер

Өртсөндірушілер қалай тұрады:

Күндіз да түнде олар

Өмірімізді қорғайды.

## 10. Қосымша материал. Ата-аналарға кеңестер

### Ата-аналарға кеңес «Улы саңырауқұлақтардан улану»

Саңырауқұлақтардан улану көктемнің алғашқы айлары мен саңырауқұлақ теру мезгілдерінде тіркеле бастайды. Алғашқы клиникалық улану белгілерінің көрінуіне байланысты улану 2-ге бөлінеді: 1) 30 минуттан 2 сағатқа дейінгі уланудың жасырын кезі; 2) 8 сағаттан 24 сағатқа дейін жасырын улану кезі.

Бірінші улану түрінде: кенеттен құсу, іш өтуі, әлсіз тамыр соғысы орын алады. Ерте жастағы балаларда ағзаның құрғауы орын алып, соның әсерінен қан қысымы мен дене температурасы төмендейді, іш құрысуы орын алады.

Емдеу әрекеті дереу асқазанда қалған саңырауқұлақ қалдықтарын құстырту арқылы, одан кейін асқазанды жуу арқылы жүзеге асады. Бұл шаралар саңырауқұлақпен уланған балалардың барлығында жүргізіледі, тіпті уланудың алғашқы белгілері бірден байқалмаған жағдайда да жасалады. Асқазан жуудың алдында және жуылып болғаннан кейін ішуге белсендірілген көмір тағайындалады. Бала міндетті түрде емдеу мекемесіне жеткізілуі керек.

Аса ауыр жағдайда балаларда сілекей ағуы, тершендік, құсу, іш өту, көз қарашығының сығыраюы, құрысу, тамыр соғысының баяулауы байқалып, қан қысымының түсуі, тыныс алудың бұзылуы мен өкпе қабынуы орын алуы мүмкін. Емдеу әрбір 0,5-1 сағат ішінде теріастына атропинді енгізу арқылы жүргізіледі. Зардап шегуші стационарға жіберіледі.

Қызыл және сұр шыбынжұтпен уланған кезде 1-2 сағаттан соң құсу, іштің ауыруы, орталық жүйке жүйесінің қозуы, естің тұмандануы, елестеушілік, бұлшық еттің дірілдеуі орын алады. Емдеу шаралары жоғарыдағыдай.

8 сағаттан 24 сағатқа дейінгі аралықтағы жасырын өткір улану шыбынжұт саңырауқұлағының түрлерінен орын алуы мүмкін. Олар: сасық шыбынжұт және боз улы саңырауқұлақ. Аталған саңырауқұлақтармен улану кезінде ушығу қауіпі 30–95 %-ға жуық.

Улану жаңбырлы көктемде және ерте күзде орын алады. Уланудың клиникалық белгілері саңырауқұлақты тұтынғаннан кейінгі 8-24 сағаттан кейін дами бастайды. Белгілері: кенеттен болған қайталап құсу, іштегі ауырсыну, іш өтуі. Іш өтудің түрі күріш сорпасы сияқты болуы мүмкін. Бұл тұста талудың орын алуы мүмкін, себебі бала денедегі сұйықтықтың, калий тұзы, натрий менхлоридінің көп мөлшерін жоғалтады.

Егер наукас уланудың аталған кезеңінен өтсе, бауырдың ауыр зақымдануы көрініс береді (бауырдың ұлғаюы, сарыауру және т.б.). Бүйректің зақымдануы да мүмкін, соның әсерінен несеп шығуы баяулауы немес мүлде тоқтауы ықтимал.

Жүйке жүйесінде естің тұмандануы, қозу, дірілдеу байқалады. Балада шыбынжұтпен улану тіркелсе, бірден ауруханаға жатқызылады.

Қылқан жапырақ арасы,  
Қалың жапырақ арасы,  
Мүмкін емес менің  
Шыбынжұтты байқамауым.

Тәрелке сияқты үлкенмін,  
Дақты және қызылды.  
Бұғыларды емдеймін,  
Олар үшін ғажаппын.

Ал балалар үшін мен  
Өте-өте қауіптімін.

### **Ата-аналарға кеңес «Улы өсімдіктерден улану»**

Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қоршаған табиғатқа аса қызығушылықпен қарайды. Алайда кейбір өсімдіктердің қасиеттеріне қатысты толық білімдері мен танымдары болмағандықтан, улы өсімдіктерді жулып, оның жемісін де жеп қоятын жағдайлары кездеседі. Жаз айларында улы өсімдіктерден улану жиі орын алады. Сол сияқты кейбір өсімдіктер шырынының теріге, көздің шырышты қабығына, мұрынға және ауызға жанасуынан аталған дене бөліктерінің күйеу белгілері де кездеседі.

### **Улы өсімдіктерге қысқаша сипаттама**

**Утамыр.** Ақжелек, аскөк сияқты бақша өсімдіктеріне ұқсайды. Өзен мен көлдер жағалауларында, ылғалды жерлерде өседі. Өсімдіктің барлық бөлігі улы. Өсімдіктің тамырсабағын тағамға пайдаланған жағдайда улану қаупі артады. Бұл өсімдіктің айырықша белгілері: өсімдікті ысқанда пайда болатыны хош иісі, жуан, тармақталған тамырсабағының болуы.

Улану белгілері бірден көрінеді. Өсімдіктің желінген көлеміне байланысты уланудың мынадай алғашқы белгілері байқалады: іштің ауруы, бастың ауруы, бас айналуы, әлсіздік, лоқсу, құсу, тыныс арудың қиындығы. Кейін сіңірдің тартылуы мен талып қалу байқалады.

**Кенедән өсімдігі.** Өсімдіктің бұршаққа ұқсас дәндерін жеп қойған жағдайда улану орын алады. Тұқымдар үштік ұялы қорапшаларда орналасып, ашық өңді түсімен көз тартады. 2–3 дәнін жеуден улану орын алады. Улану белгілері 1–2 сағаттан соң көріне бастайды. Белгілері: бастың ауыруы, жұтқыншақтың қызаруы, тамақтың ауыруы, дене қызуының шамадан тыс төмендеуі, тамырдың әлсіз әрі жиі соғуы.

**Қара меңдуана.** Жолдың бойында, бос қалған жерлерде өседі. Өсімдіктің өн бойы жұмсақ, жабысқақ түкшелермен жабылған, спецификалық жағымсыз иісі бар. Дәні итқызғалдаққа (мак) ұқсас болғандықтан, балалар жиі өсімдіктерді шатастыру нәтижесінде уланып жатады.

**Сасық меңдуана.** Меңдуана – бос қалған жерлерде өсетін өсімдік. Өсімдік дәнін жеуден, гүлдеп тұрған өсімдіктің иісінен улану орын алады. Өсімдіктің гүлдеуі маусымның ортасынан қыркүйек айына дейінгі аралықта жүреді. Жемісі тікенектермен жабылған, шар тәрізді қорапшада орналасады. Жетілген қорапша төртбұрышынан ашылады да, ішінен қара дәндер бой көрсетеді.

Қара меңдуана, сасық меңдуана және итжидектен улану белгілері бір типті: көз қарашығының ұлғаюы мен жарыққа әсерінің жоғалуы, кілегейлі қабықшасының құрғауы. Бала өсімдікті қаншалықты шайнаса, соншалықты ауыз қуысының шырышты қабығы мен жұтқыншақтың қызарғандығы байқалады.

Бұл топқа ащы алқаны да жатқызуға болады. Улану шар тәрізді, қышқыл дәмді өсімдік жемісін жеп қойғаннан орын алады.

**Аюоты (иолпанкебістер).** Орманда, сайларда, өзен жағалауларында, саябақтарда өседі. Өсімдіктің өн бойы, әсіресе, жерасты бөліктері өте улы. Улану көктем мезгілінде, өсімдік түйнегін қолданудан орын алады.

Улану белгілері: іш өту, құсу, лоқсу, әлсіздік, жүрек, тыныс қызметтерінің бұзылуы, артериялық қысымның төмендеуі.

**Шұбар убалдырған.** Шалғындарда, жол бойында, шарбақтың жиегінде өседі. Егер сабағын жесе, улану басталады. Өсімдікті қолмен ысқылау кезінде, ол тышқанға тән иіс шығарады. Улануы никотинмен уланудың белгілеріне ұқсас.

Белгілері: лоқсу, қарашықтың ұлғаюы, жұтынудың бұзылуы, аздап сіңір тартылуы, птоз (қабақты көтеретін бұлшық ет қызметінің бұзылуы).



**Жасыл және кәдімгі тамырдарі.** Аюоты өсімдігімен уланған-дағы улану белгілеріне ұксас. Аталған өсімдікпен тіркелген қауіпті жағдайлар тым сирек.

**Кәдімгі қызанақ.** Гүлдеу кезінде қауіпті (мамыр – шілде айла-рында). Осы кезде өсімдіктің жерүсті бөліктері адамның орталык жүйке жүйесін қоздыратын заттар бөліп шығарады

**Бөрі жөке.** Сәуір-мамыр айларында гүлдейді. Ашық кызыл сүй-екжемісі сабағының жиегінде орналасқан. Қабығы мен жемісі улан-дырғыш қасиетке ие. Ылғалды қабығы күйік тудыруы мүмкін. Же-лінген жидектер ауыз қуысы мен кілегейлі қабықта, жұтқыншақта ісік пен күйік тудырады. Мұндай жағдайда тұншығу орын алуы мүм-кін.

**Балдырған.** Сортаңды жер өсімдігі. Өсімдіктің сабағы, жапырақ-тары мен шырынының теріге тиюі кезінде улану мен күйік туады.

**Күйдіргіш сарғалдақ.** Көпжылдық өсімдік. Теріге және кілегейлі қабықшаға тиген жағдайда қатты қозу әрекетін тудыратын улы затқа ие. Өсімдікке жанасу кезінде тері қабынуы орын алып, күлдіреу бел-гілері туады. Өсімдіктің шырыны теріге тиген кезде ойық жаралар пайда болуы мүмкін.

**Қарғакөз.** Өсімдіктің өн бойы улы, бірақ улану, көбіне, өсімдік жемісінен туады, себебі балалар оны қаражидек, көкжидекпен ша-тастырады. Улану белгілері: ауырсыну, лоқсу, құсу, іштің өтуі. Же-дел медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда, науқас жүрек қан тамырлары жүйесінің зақымдануынан көз жұмуы ықтимал.

**Мамыр меруертгүлі.** Көпжылдық өсімдік. Жемісі ашық-кызыл түсті. Жидектері улануды тудырады. Бұл жағдайда бас ауруы, құлақ шуылдауы, бас айналуы, суык тердің шығуы, лоқсу, іш өту, тамыр-дың сирек соғуы байқалады. Көз қарашығының сығыраюы, сіңірдің тартылуы ықтимал.

**Қаражемісті аласа ағаш бадамы.** Бұта тектес шағын ағаш. Гүл-дері ақ, жемісі қара күлгін түсті.

Өсімдік жемісі улануды туғызады. Құсу, іш өту туындайды, ауыр жағдайда синильді қышқылмен уланғандағыдай белгілер бай-қалуы мүмкін.

**Талшықты сүттіген.** Өсімдік сабағында болатын сүттіген шы-рыны улы болып табылады. Теріге, ауыздың шырышты қабығына, көзге, мұрынға тигенде, қабыну, қызару пайда болады. Егер бала

## 11. Өрт қауіпсіздігіне байланысты ата-аналар жиналысы

**Тақырып:** «Бала қауіпсіздігі – біздің қолымызда»

**Мақсат:** Ата-аналар назарын өрт қауіпсіздігін сақтауға аудару.

**Міндеттер:**

1) ата-аналардың өртке қарсы шаралар туралы ақпараттарын толықтыру;

2) өз балаларымен өрт қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізудің маңыздылығын түсіндіру.

**Алдын ала жұмыс:**

1) осы мәселе бойынша әдебиеттерді қарастыру;

2) ата-аналарға арнап мысалдар келтіру;

3) компьютер, проектор, экран;

4) қатысушыларға үстелдер мен орындықтарды дайындау;

5) «Соқыр мен көмекшісі» ойынына арналған орамал;

6) әр қатысушыға мекенжайы жазылатын альбом;

7) тақырып бойынша мультфильмдерді жинақтау.

**Ата-аналар жиналысының жүргізілуі:**

**Кіріспе бөлім**

**Тәрбиеші:**

От өмірімізге қуат берін, бойымызды жылытады. От – өмір сәні. Отсыз тіршілік жоқ. От жағылмаса, тамағымыз да іспейді, үйіміз де жылынбайды. Ал тамақ ішпесек, бойымызға қуат та бітпейді. Бойымызда қуат болмаса, өмірге деген қызығушылығымыз жоғалады. Біздің ата-бабаларымыз шөбі шүйгін жерді «отты жер» деп бекер айтпаса керек.

Отты жер – қуатты жер. Мал біткенге күш-қуат беретін жер. Үйді қазақ халқы отпен теңестіріп, тұратын үйін «отау», үй иесін «отасасы», жақындарын «отбасы» деп атаған.

Отсыз тоңған адам ешқандай еңбек те істей алмайды.

Алайда отты тіршіліктің маңызды элементі десек те, оның адамзатқа қатер төндіре алатын алапаттың бірі екенін де естен шығармау керек.

Өзіміздің ұқыпсыздығымыздан немесе мұқият болмауымыздан кейде өрттің қалай өршіп кеткенін де байқамай қаламыз.

Сіріңкені үлкендердің рұқсатынсыз алмау керек. Себебі өрт – тілсіз жау. От – адамның досы да, қасы да. От өртке әкеліп соғуы

мүмкін. Өрт материалдық шығынмен қоса, адам шығынына да әкелуі мүмкін.

Осы мәселе бізді аса алаңдатады, себебі бала өрт шыққан жағдайда өз-өзін қорғай алмауы мүмкін.

Біз – педагогтар мен ата-аналар – «Балаларымызды қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, олардың денсаулықтарын қалай сақтай аламыз?» деген сұрақтарға жауап іздейміз.

– Балаларымызды қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, олардың денсаулықтарын қалай сақтай аламыз? (*Ата-аналар жауаптары*).

#### **Қорытынды.**

1) Біріншіден, балаларға жалпы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру қажет;

2) екіншіден, кез келген жағдайда өз-өздеріне сенімді болып, дұрыс шешім қабылдауды үйрету, мектеп жасына дейінгі балаларды өрт кезіндегі ережелермен тереңдете таныстыру;

3) үшіншіден, мектеп жасындағы балаларда өзіндік қасиет пен жауапкершілікті тәрбиелеу;

#### **Тәрбиеші:**

Үлкендердің алдында балаларды кез келген жағдайға әзір болуға дайындау мәселесі тұр. Мектепке дейінгі жастан бастап өрт кезінде дұрыс тәртіп сақтауға үйрету маңызды болып табылады.

Балаларға үйретпес бұрын ең алдымен біздерге, үлкендерге аталған ережелерді үйрену қажет. Мысалы, көп түтін болған жағдайда не істеу қажет, өрт далада немесе ғимаратта шықса, не істеу керек? Сұрақтар көп.

#### **1. Тапсырма:**

Сіздер «Ғимаратқа кіргенде айналаны бағдарлап, жол тауып шыға аласыз ба, жоқ па?» біз соны тексереміз.

1) – Біздің мекеменің қосымша шығу жолдарын білесіздер ме?

2) – Біз отырған жерден ең қысқа шығып кету жолын білесіз бе?

#### **2. Тапсырма**

Жағдаятты талқылау:

1-нұсқа

**1 Өрт шығын жатқанын көрсен, қандай іс-әрекет жасайсың?**

«101» нөміріне қоңырау соғамын – 1

Көмекке шақырамын – 2

Ешкімге айтпай, қашып кетемін – 1

2-нұсқа

**Егер бөлменің іші ащы түтін болса?**

Есікті жаппай, терезені ашамын – 0

Шығып кетемін – 0

Аузымды және мұрнымды суланған орамалмен жауып, еденге жатып, есікке қарай жылжып шығамын – 3

3-нұсқа

**Электр сымы өргенсе ше?**

Су құямын – 0

Үлкендерді көмекке шақырамын – 3

4-нұсқа

**Үстіңдегі киім өргенсе ше?**

Жүгіремін, үстімдегі киімді шешуге тырысамын – 0

Токтаймын, жерге домалаймын – 3

Көрпеге оранамын – 2.

5-нұсқа

**Егер тамақ әзірлеген уақытта табадағы май жанса?**

Суланған орамалды жабамын – 3.

Су құямын – 0.

Табаны далаға шығаруға тырысамын – 0.

6-нұсқа

**Егер өрт басталған кезде сен 5-қабатта болсаң, не істейсің?  
(телефон жоқ)**

Су шүберектермен есіктің тесіктерін бекітіп, терезеден көмекке шақырамын – 3

Шүберектерден арқан жасап, терезеден төмен түсемін – 1

Көмекке шақырамын – 1

7-нұсқа

**Өте қызық бағдарлама көріп отырғанда, теледидардың артынан түтін шықса, не істеуің керек?**

Бағдарламаны көремін – 0

Үлкендерді көмекке шақырамын – 2

Теледидарды сөндіріп, өртсөндірушілерге хабарлаймын – 3

**Тәрбиеші:**

Мектеп жасына дейінгі балаларды өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстырғанда қандай мәселелерге назар аудару қажет?

1. Балаларға не үйретсек те біз баламен бірге мәселені талқылауымыз қажет: бірге диалог жүргізу, бірге мәселе шешу, бірге жаңалық ашамыз, таңғаламыз.

2. Үлкендердің мысалы балаға қандай әсер береді?

Баладан көп нәрсе талап етпеуіміз керек, керісінше, үлгі көрсетуіміз керек. Себебі біз өзіміз ережелерді көп жағдайда ұстана бермейміз. (Мысалы, біз отты қараусыз қалдырмау керектігін айтып, өзіміз қараусыз тастап кетеміз).

3. Бұл мәселелерді талқылаған кезде бала мен үлкеннің арасында түсінушілік пайда болу керек: педагогтар мен ата-аналар, ана мен әкенің арасында.

4. Тыйым салу қажет пе?

Тыйымдар бала өмірінде шын мәнінде сақтау функциясын атқару үшін оларды мұқият анықтау керек.

3. Тапсырма.

4. Ойын «Соқыр мен көмекшісі»

**Тәрбиеші:** Ал қазір мен сіздерге екі топқа бөлінуді ұсынамын. Кім бірінші нөмір болады, ал кім екінші нөмір болады?

Бірінші – соқыр болады, ал екінші – көмекшісі. Сіздердің тапсырмаларыңыз – белгіленген маршрутпен жүріп, өз рөлдеріңізді ойнау.

Маршрут белгіленіп, нұсқаулықтар беріледі.

**Тәрбиеші:** «Соқырлар» қандай сезімде болды? (Қорықты ма, жоқ әлде өз көмекшісіне сенімді болды ма?).

• «Көмекшілері» қандай сезімде болды? (Жауапкершілік).

• Ал ата-ана мен бала арасында кім қандай рөл атқарады?

**Қорытынды:** Біз өз балаларымызға қамқорлықпен қараймыз, оларды әрқашан уайымдаймыз, сондықтан балаға ерте жасынан жауапты болуға үйрету керек.

Ата-ананы қандай сұрақтар мазаласа, біз сол сұрақтарға жауап алып, баламен алдын ала жұмыстар жасауымыз керек.

Тәрбиеші тактаға ата-ананы мазалаған кез келген мәселені жазып шығады.

5. Тапсырма:

Жағдаятты талқылау: «Егер үйде өрт шыкса, не істеу керек?»

Ата-аналар өз жауаптарын айтады.

Мультфильм көру.

Тәрбиеші ата-аналарға ӨҚЕ тыңдауды ұсынады.

1-ереже. Егер өрт шамалы болса, онда көрпе жауып немесе су құйып сөндіруге болады.

2-ереже. От сөнбесе, тез арада өрт болған жерден шығып кетіңіз. 101-ді теріп көршілерге хабарлаңыз.

3-ереже. Егер шыға алмаған жағдайда 101-ді теріп, өз мекенжайыңды толық айт.

Терезеден көмек шақыр.

4-ереже. Түтін оттан қауіпті. Төртаяқтап бөлмеден шығып кетіңіз.

5-ереже. Өрт кезінде жедел сатыға мінбе.

6-ереже. Құтқарушыларды тосқан кезде терезеден секірме. Сені құтқарады!

7-ереже. Өртсөндірушілердің айтқандарын толық орында.

### Тәрбиеші:

Балалардың қасында үлкендер болмаса:

- 101-ге хабарлап, мекенжайын дұрыс айту.
- Көршілерге хабарлау.
- Бөлмеде тығылмай, шығу амалдарын қарастыру.
- Мұрнын сулы шүберекпен жауып алып, шығып кетуге тырысу.
- Жедел саты қолданбау.
- Өз-өзіне бекем болу.
- Өртсөндірушілердің айтқандарын орындау.

2. Ата-аналар жиналысын қорытындылау:

**Тәрбиеші:** Өрт қауіпсіздігіне үлкен назар аудару керек. Өмірін сақтау ережелеріне баса назар аудару қажет.

Мекенжай кітапшасын толтырыңыздар.

(Ата-аналар балаларымен өз мекенжайларын жазып келеді).

## Мазмұны

1. Түсінік хат.....	3
2. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың қағидаттары.....	5
3. Жұмыс әдістемесі.....	5
4. Ата-аналармен жұмыс.....	9
5. Диагностика.....	10
6. ӨҚН Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің конспекттері	17
7. Өрт қауіпсіздік ережелерін оқытуға арналған перспективалық- тақырыптық жоспар үлгісі.....	33
8. Өрт қауіпсіздік ережелерін оқытуға арналған перспективалық- тақырыптық жоспар үлгісі. Ортаңғы топтар.....	67
9. Мектеп жасына дейінгі балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін оқытуға арналған перспективалық-тақырыптық жоспар үлгісі....	104
10. Қосымша материал. Ата-аналарға кеңестер.....	156
11. Өрт қауіпсіздігіне байланысты ата-аналар жиналысы.....	162

Грабова Вера Павловна, Арынбаева Шарбат Қымбатовна,  
Искакова Жанаргуль Рыскалиевна және басқалар

**Мектеп жасына дейінгі балалардың  
қауіпсіздік тәртібі негіздері**

Мектепке дейінгі мекемелерге арналған  
әдістемелік құрал

Редакторы Ш. Т. Бектасов  
Техникалық редакторы Р. Ж. Абдрахманова  
Мұқаба дизайны Е. Е. Велькер  
Корректоры Г. Шаймерген

Басуға қол қойылды 03.07.2017 ж.  
Пішімі 60×90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Шарт. бас. таб. 10,5  
Тапсырыс № 170010. Таралымы 500 дана

Коды 170010

«Келешек-2030» ЖШС  
Қазақстан Республикасы,  
020000, Көкшетау қ.

Баспа кеңсесі: Абай к-сі, 112 а,  
тел.: 8 (7162) 72-29-43 (қабылдау бөлімі)  
Сату бөлімі: М. Горький к-сі, 17 а,  
тел.: 8 (7162) 44-18-74, +7 708 444 18 74,  
ұялы тел.: +7 702 781 06 78  
+7 705 745 09 75

<http://www.keleshek-2030.kz>, E-mail: [torg@keleshek-2030.kz](mailto:torg@keleshek-2030.kz)